Внутри пещеры раньше стояли чугунный казан (котёл) и человеческие статуэтки, отлитые из бронзы. Само название «Конур аулие» доказывает, что данное место имеет сакральное значение. Расположение пещеры «Конур аулие» мы можем видеть в военной топографической карте второй половины XIX века [20]. (рис. 2).




Рисунок 2 – Расположение Конур аулие Семипалатинского региона на военно-топографической карте 1878 года.
Примечание: Исторический архив Омской области Российской Федерации (ИАОО). Ф.198. Оп.1. Д.226. Л.

Одним из учёных, который организовал специальную экспедицию для исследования пещеры «Конур аулие», был член географического общества царской России Виктор Брюханов. По итогам научной экспедиции В.А. Брюханов пишет: «Среди казахов пещера эта считается святым местом «аулие», так как чудотворно действует на женщин, не рождающих детей. Казахи рассказывают много случаев, когда женщины, не рождавшие детей, приезжали в пещеру, оставались ночевать у входа в нее, проводя большую часть времени в молитвах. Кололи традиционного барашка и пили воду из пещерного озера, а затем, по возвращении домой, забеременели и рождали детей» [21]. Таинственных явлений, связанных с озером внутри пещеры, о котором говорит исследователь, очень много. Длина этого озера, примерно, 18-20 метров, ширина 12-15 метров, глубина доходит до пяти метров. Самое интересное, температура воды зимой и летом 4 градуса, не изменяется. Вода в озере всегда прозрачная, незамутнённая. Но где исток озера – всё ещё загадка.

В целом поверье в целебные свойства воды в казахской степи явление, которое продолжается ещё с тюркского периода. Поэтому почти во всех регионах Казахстана можно встретить сакральные ручьи. Например, в 25 километрах к северу от аула имени Жумата Шанина Куркелинского сельского округа Баянаульского района расположен сакральный ручей. Название ручья Аулиебулак (ручей святых) связано со святыми людьми, которые жили в местности Акбура. Ручей относится к ряду сакральных объектов, который ещё полностью не изучен в научном аспекте. Сведения об объекте рассмотрены на основе публикаций местных СМИ и рассказов местных старожилов[22]. При внимательном рассмотрении выясняется, что у ручья есть три источника. Интересно то, что вкус воды у каждого источника разный. Необычность ручья в том, что даже в самые лютые зимние морозы можно увидеть, что у ручья растёт зелёная трава. К этому ручью из разных мест приходят люди в надежде найти исцеления своим болезням. Количество людей можно определить по тем множественным лоскуткам материи, которые привязаны к веткам одинокого дерева, растущего у ручья. По словам местных людей, в сильном урагане дерево надломилось, и с его ствола капала кровь. Можно предположить, что вера в целебные свойства воды в пещере Конур Аулие и святых ручьях тесно связано с широко распространённым среди тюркоязычных народов поверьем в дух «Жер-Су» (Земля-Вода). Об этом полнее пишет В.В. Радлов: «В поверье дух Жер-Су (Земля-Вода) понимается совокупность сообщества из семнадцати духов. Все эти властители обитают на снежных вершинах гигантских гор-великанов, уистоках рек, орошающих почву и приносящих ей плодородие. Поэтому при каждом опасном горном переходе, при каждой переправе через бушующие потоки путешественник приносит благодарность божеству этого места, кладёт

камень на груду (оба) или привязывает тряпочку к священному дереву». Привязывание лоскутка материи к священному объясняется понятием тюрков дерева мира. Гигантское дерево, растущее на самой вершине высокой горы подразумевается, как дорога, ведущая к Небо Тенгри [23]. В дальнейшем, после распространения в казахской степи, это понятие претерпело трансформацию и подменилось понятием среди казахов, что под одиноким деревом переночевал святой человек. Например, в фонде начальника канцелярии Оренбургского генерал-губернатора, востоковеда В. Г. Григорьева сохранились такие сведения: «Казахи, проезжая подобные местности, считают священным долгом посетить такие места и оставляют при этом на растущем возле него дереве какие-нибудь приношения: клок конских волос, лоскут от поношенного платья, и в случае недостатка этого, оставляют посохшие кости, или даже камень» [24].

Большинство людей приходят к Аулиебулаку для исцеления от болезней желудка, почек, от разных болезней кожи. Один из самых известных священных источников на Иртыше - источник Рахман. Рахмановский ключ находится на 32 км к северу от села Берел Катон-Карагайского района. Его длина 2,6 км, ширина 0,6 км, высота 1760 м над уровнем моря. Святость источника в казахском народе Ядринцев связывал с верой в Святого Духа. Он пишет: «Святые духи есть в каждой пещере, скале, озере и водопаде. В горячем Рахмановском ключе мы видели следы жертвоприношения» [25]. Ритуалы, посвященные Святому Духу, отражают святость Рахмановского ключа в традиционном мировоззрении казахского народа. В конце XIX - начале XX веков сюда стали массово приезжать другие народы, которые стали свидетелями чудодейственных целебных свойств источника. Приехавший в 1905 г. на базе специальной научной экспедиции Б. Герасимов писал: «Кажется, алтайцы могут вылечить все болезни водой Рахмана. Когда я спросил их, какие болезни можно лечить, они все согласились, что все больные, приехавшие на этот родник, вылечились с помощью вод этого родника» [26]. Приехавший сюда после Герасимова А. Белослюдов также организовал экспедицию. А. Белослюдов сделал фотофиксацию источника Рахмана в начале XX века (рис. 3).



Рисунок 3 – Источник Рахмана. Фотография 1901 г.

Примечание: Государственный архив Восточно-Казахстанской области (ГАВКО). Ф. 132. Оп. 1. Д.178. Л.1.

Сегодня источник Рахман – один из ведущих центров экотуризма. Сюда приезжают отовсюду для лечения, отдыха и освежения. Центр, выполняющий функции санатория, в настоящее время обслуживает население согласно всем требованиям.

Заключение

Сакральные места памяти играют значительную роль в формировании и укреплении идентичности населения, особенно в контексте исторически значимых периодов, таких как тюркское время в истории Прииртышья. Эти места представляют собой не только исторические свидетельства, но и символы идентичности и культурного наследия. Многие из этих сакральных мест ассоциируются с важными событиями и легендами тюркской эпохи. Эти символические связи укрепляют чувство принадлежности к историко-культурному наследию. Посещение этих мест может поддерживать живой интерес к истории и культуре среди населения, способствуя сохранению и передаче традиций.

Сакральные места были центрами религиозных и обрядовых практик, которые имеют глубокие духовные корни. Проведение традиционных обрядов и праздников в этих местах способствует укреплению общности населения и передаче традиционных ценностей следующим поколениям. Посещение сакральных мест может стать формой общественного единения, особенно в рамках мероприятий, посвященных возрождению исторической памяти. Это может способствовать укреплению чувства принадлежности к обществу и формированию общих ценностей. Кроме того, сакральные места памяти имеют огромный потенциал в привлечении туристов, как природные и историко-культурные достопримечательности. Развитие туризма вокруг этих мест может способствовать экономическому развитию региона.

В заключение следует отметить, что сакральные природные места памяти тюркского периода в Прииртышье играют важную роль в укреплении идентичности населения, служа как символами историко-культурного наследия, а также как места гражданского единства.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Кашгари Махмуд. Диван Лугат ат-Турк (Древнетюркский словарь) / Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, МОН РК; перевод с арабского и предисловие З.-А. М. Ауэзовой. – Алматы: Дайк-Пресс. – 2005. – 1281 с.

2 Рашид-ад-Дин. Джами-ат Тауарих (сборник летописей). Том I. Москва-Ленинград: Изд–во Академии Наук СССР. – 1998. – 316 с.

3 Абу-л-гази. Шежире-и-тюрк литературные памятники. двадцати томник. Т. 12. /Сост.: Абилкасимулы Б. – Алматы: - 2015. - 480 с.

4 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. М. Л.: Изд–во академии наук СССР, - 1950. – 338 с.

5 Радлов В.В., Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, - 1989. – 750 с.

6 Коншин Н. От Павлодара до Каркаралинска / Памятная книжка Семипалатинской области. Выпуск.V. Семипалатинск: Типография «Плещеев и К». - 1901. – С. 1-55.

7 Ядринцев Н.М. Отчет о поездке 1880 году в горный Алтай, к Телецкому озеру и в вершины Катуни // Записки Западно–Сибирского Отдела Императорского Русского Географического Общества. Кн. IV – Омск: Тип. окружн. штаба, - 1886. – С. 21–46.

8 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг. СПб.: Типография Императорской Академии Наук, - 1897. – 151 с.

9 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах.Т.1. – Алма-Ата: Гл. редакция Казахской сов. энцикл., - 1984. – 432 с.

10 Гумилев Л.Н. Древние Тюрки. Москва: Изд-во Наука, - 1967. – 498 с.

11 Маргулан А.Х., Сочинения. Том I. Алматы: Алатау, - 2007. – 608 с.

12 Элиаде М. Священное и мирское. М.: Изд-во МГУ, - 1994. – 144 с.

13 Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. – М.: «Наука» гл. ред. вост. литер., - 1977. – С. 117-138.

14 Каржаубай С. Орхонские наследия. – Алматы: Абзал-ай, - 2012. – 328 с.

15 Мустафина Р.М. Бытовой ислам у казахов (XIX – XX вв.) (Историко–этнографическое исследование): дисс. на соискание степени док. ист. наук. – Алматы, - 2006. – 310 с.

16 Сакральные объекты Казахстана общенационального значения / ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Астана: Фолиант, - 2017. – 496 с.

17 Артыкбаев Ж.О. Баянауыл. – Астана: Фолиант, - 2009. – 312 б.

18 Рычков П.И. Топография Оренбургская. В 2–х частях. – СПб.:Издательсво Академии наук, 1762.– Ч.1.– 331 с.

19 Rakhimov M.I., Shayakhmetov N.U., Battalov K.K., 2018. Sacral Geography of Priirtysh region in the works of Russian researchers // Bylye Gody E-ISSN: 2310-0028 Vol. 50. Is. 4. P. 1406-1416.

20 Фирдоуси Абулкасим. Шахнаме. М.: Изд-во АН СССР, - 1957. – 687 с.

21 Диваев А.А. Из области киргизских верований: Баксы, как лекарь и колдун (этнографический очерк). – Казань: Тип. Императорского университета, - 1899. – 38 с.

22 Исторический архив Омской области Российской Федерации (ИАОО). – 1995. – С.198 - 226.

23 Брюханов В.А. Конур Аулие // Записки Семипалатинского Подотдела Западно–Сибиркого Отдела Императорского Русского Географического Общества. – Семипалатинск: Электро-Тип. Тор. Дом «Плещев и Ко.». - 1912. – С.1-3

24 Российский государственный исторический архив (РГИА) Ф.853. Оп.1. Д.241. Л.46.

25 Герасимов Б., Поездка на Рахмановские минеральные ключи // В кн.: Записки Семипалатинского Подотдела Западно–Сибиркого Отдела Императорского Русского Географического Общества. Семипалатинск: Электро-Тип. Тор.Дом «Плещев и Ко.». 1907. – Вып. 3. – С. 1-73.

26 Государственный архив Восточно-Казахстанской области (ГАВКО). Ф.132.Оп.1.Д.178.Л.1.

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯСЫ

Аңдатпа

Ертіс өңіріндегі киелі табиғат нысандары қазіргі Қазақстанның рухани өмірінде маңызды рөл атқаратын тылсым атрибуттарға толы. Олар ғибадат ету, тағзым ету және әртүрлі ритуалдар мен рәсімдер орны ретінде қызмет етеді. Олардың кеңестікпен байланысты тазарту және емдеу қабілеті көне дәуірлерден бастау алады. Мақаланың мақсаты – көне түркі дәуіріндегі осы бірегей киелі табиғи нысандарға қатысты жазбаша және ауызша дереккөздерді жүйелеу, сонымен қатар ретроспективті әдіс арқылы тарихи жадыны жаңғырту. Сонымен қатар, қазіргі қазақ қоғамы көне түркі дәуірінен бастау алатын салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерінің рухани мұрагері екенін көрсетуге бағытталған. Киелі табиғат нысандарын зерттеу бізге көне түркілердің салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ашып, олардың мәдени мұрасын түсінуге көмектеседі. Қолда бар дереккөздер талдай отырып, біз бұл нысандардың қазақ халқының тарихындағы және рухани тәжірибесіндегі маңызын ашып көрсетуге тырысамыз. Бұл көзқарас қазіргі заманғы діни және мәдени тәжірибелер мен олардың тарихи тамырларының өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесі Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау мен насихаттауға, сондай-ақ оның рухани дәстүрлерінің бай алуандығын көрсетуге елеулі үлес болмақ. Осылайша, өткен мен бүгінгі күн арасындағы байланыстың жаңа мүмкіндіктерін аша отырып, өскелең ұрпақ арасында білім мен тарихты құрметтеуге ықпал ету көзделген.

Негізгі сөздер: Көне түркілер, Киелі география, Киелі жерлер, Ғұрыптар, Культтер, Ұлы дала.

SACRED GEOGRAPHY OF THE IRTYSH REGION OF THE TURKIC ERA

Abstract

The unique natural objects in the Irtysh region, rich with sacred attributes, play a vital role in Kazakhstan's spiritual life. They serve as centers for worship, veneration, and various rituals, with properties linked to cosmology and healing dating back to antiquity. This article aims to systematize written and oral sources regarding the sacred view of these objects from the ancient Turkic era, and to reconstruct historical memory using the retrospective method. It demonstrates that modern Kazakh society is the spiritual successor to the ancient Turkic traditions and beliefs. The study of these sacred objects reveals the rituals and traditions of the ancient Turks, enriching our understanding of their cultural heritage. By analyzing sources and archaeological data, we illuminate the significance of these objects in Kazakh history and spiritual practices. This approach deepens our understanding of the ties between contemporary religious and cultural practices and their historical roots. Our research contributes significantly to the preservation and promotion of Kazakhstan's cultural heritage, emphasizing the diversity of its spiritual traditions. This fosters connections between past and present, enhancing knowledge transfer and historical respect among the younger generation.

Keywords: Ancient Turks, sacred geography, sacred places, rituals, cults, Great Steppe.

REFERENCES

1 Kashgari Mahmud. Divan Lugat at-Turk *[Ancient Turkic Dictionary]*/Institut vostokovedeniya imeni R.B. Sulejmenova, MON RK; perevod s arabskogo i predislovie Z.-A. M. Auezovoj. – Almaty: Dajk-Press, - 2005. 1281 p.[in Kazakh]

2 Rashid-ad-Din. Dzhami-at Tauarih *[collection of chronicles]* Tom I. Moskva-Leningrad: Izd–vo Akademii Nauk SSSR. – 1998. 316 p. [in Russian]

3 Abu-l-gazi. SHezhire-i-tyurk literaturnye pamyatniki. dvadcati tomnik. T. 12. *[Abu-l-ghazi. Shezhir-i-Turk literary monuments. twenty volumes]* /Sost.: Abilkasimuly B. – Almaty: - 2015. 480 p. [in Kazakh]

4 Bichurin N.YA. Sobranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena.*[Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]*. T.1. M. L.: Izd–vo akademii nauk SSSR, - 1950. 338 p. [in Russian]

5 Radlov V. V. Iz Sibiri. Stranitsy dnevnika [*From Siberia. Diary pages*]. – Moskva: Nauka. - 1989. 750 p. [in Russian]

6 Konshin N. Ot Pavlodara do Karkaralinska *[From Pavlodar to Karkaralinsk]*. In: Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoy oblasti. Issue V. – Semipalatinsk: Pleshcheev i Ko. - 1901. P. 1–55. [in Russian]

7 Yadrintsev N. M. Otchet o poezdke 1880 godu v gornyy Altay, k Teleckomu ozeru i v vershiny Katuni *[Report on the 1880 trip to Altai mountains, Lake Teletskoe and Katun sources]*. In: Zapiski Zapadno-Sibirskogo Otdela Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. Book IV. – Omsk: Tipografiya okruzhnogo shtaba. - 1886. P. 21–46. [in Russian]

8 Bartold V. V. Otchet o poezdke v Srednyuyu Aziyu s nauchnoy tselyu v 1893–1894 gg. *[Report on a scientific trip to Central Asia in 1893–1894]*. – Sankt-Peterburg: Imperatorskaya Akademiya Nauk. - 1897. 151 p. [in Russian]

9 Valikhanov Ch. Ch. Sobranie sochineniy v pyati tomakh. T.1. *[Collected works in five volumes. Vol.1]*. – Alma-Ata: Kazakhskaya Sovetskaya Entsiklopediya. - 1984. 432 p. [in Russian]

10 Gumilev L. N. Drevnie tyurki *[Ancient Turks]*. – Moskva: Nauka.- 1967. 498 p. [in Russian]

11 Margulan A. Kh. Sochineniya. Tom I *[Works. Vol. I]*. – Almaty: Alatau. - 2007. 608 p. [in Kazakh]

12 Eliade M. Svyashchennoe i mirskoe *[The Sacred and the Profane]*. – Moskva: MGU. - 1994. 144 p. [in Russian]

13 Klyashtorny S. G. Mifologicheskie syuzhety v drevnetyurkskikh pamyatnikakh *[Mythological plots in ancient Turkic monuments]*. In: Tyurkologicheskiy sbornik. – Moskva: Nauka. - 1977. P. 117–138. [in Russian]

14 Karzhaubay S. Orkhonskie naslediya *[Orkhon Heritage]*. – Almaty: Abzal-ai. - 2012. 328 p. [in Kazakh]

15 Mustafina R. M. Bytovoy islam u kazakhov (XIX–XX vv.) *[Everyday Islam among the Kazakhs (19th–20th cc.)]*. Doctoral diss. – Almaty. - 2006. 310 p. [in Russian]

16 Abdigaliuly B. (Ed.). Sakral'nye ob'ekty Kazakhstana obshchenatsional'nogo znacheniya [*Sacral objects of Kazakhstan of national significance*]. – Astana: Foliant. - 2017. 496 p. [in Kazakh]

17 Artykbayev Zh. O. Bayanaul. *[Bayanauyl]*. – Astana: Foliant. - 2009. 312 p. [in Kazakh]

18 Rychkov P. I. Topografiya Orenburgskaya [*Orenburg Topography*]. In 2 parts. Part 1. – Sankt-Peterburg: Akademiya Nauk. – 1762. 331 p. [in Russian]

19 Rakhimov M. I., Shayakhmetov N. U., & Battalov K. K. Sacral geography of Priirtysh region in the works of Russian researchers. Bylye Gody, 50(4), - 2018. P.1406–1416. [in English]

20 Firdousi A. Shakhname *[Shahnameh]*. – Moskva: Akademiya Nauk SSSR. - 1957. 687 p. [in Russian]

21 Divaev A. Iz oblasti kirgizkikh verovaniy. Baksy kak lekar i koldun *[From the field of Kyrgyz beliefs. Baksy as healer and sorcerer]*. – Kazan: Imperial University Printing House. - 1899. 38 p. [in Russian]

22 Istoricheskiy arkhiv Omskoy oblasti (IAOO RF). *[Historical Archive of the Omsk region of the Russian Federation]* - 1995. P.198- 226 [in Russian]

23 Bryukhanov V. A. Konur Aulie. In: Zapiski Semipalatinskogo Podotdela Zapadno-Sibirskogo Otdela Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. *[Notes Of The Semipalatinsk Sub–Department Of The West Siberian Department of The Imperial Russian Geographical Society]*. – Semipalatinsk: Pleshcheev i Ko. - 1912. P 1–3. [in Russian]

24 Rossiyskiy gosudarstvennyy istoricheskiy arkhiv (RGIA). *[Russian State Historical Archive]*. F.853. 46 p. [in Russian]

25 Gerasimov B. Poezdka na Rakhmanovskie mineral'nye klyuchi *[Trip to Rakhman mineral springs]*. In: Zapiski Semipalatinskogo Podotdela Zapadno-Sibirskogo Otdela Imperatorskogo Russkogo Geograficheskogo Obshchestva. Issue 3. – Semipalatinsk: Pleshcheev i Ko. - 1907. P.1–73. [in Russian]

26 Gosudarstvennyy arkhiv Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti (GAVKO). [*State Archive of the East Kazakhstan region]*. 132.p [in Russian]

Information about the authors:

Madi Rakhimov – **corresponding author**, PhD., postdoctoral researcher, Toraigyrov University, 140008, Pavlodar, 64 Lomov Street, Republic of Kazakhstan

E–mail: madi_025@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5051-2130

Nurbek Shayakhmet – Doctor of Historical Sciences, Professor, Astana IT University, 010000, Astana, Mangilik El Avenue, C1, Republic of Kazakhstan

E-mail: nurbek_sh@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4230-8110

Kairat Battalov – candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Astana IT University, 010000, Astana, Mangilik El Avenue, C1, Republic of Kazakhstan

E–mail: kairat.battalov@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6431-0719

Информация об авторах:

Мади Рахимов – **основной автор**, Ph.D., постдокторант кафедры истории Казахстана, Торайгыров университет, 140008, г.Павлодар, улица Ломова, 64, Республика Казахстан

E–mail: madi_025@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5051-2130

Нұрбек Шаяхмет - доктор исторических наук, профессор, Astana IT University, 010000, г.Астана, проспект Мангилик Ел, С1, Республика Казахстан

E-mail: nurbek_sh@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4230-8110

Кайрат Батталов – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), Astana IT University, 010000, г.Астана, проспект Мангилик Ел, С1, Республика Казахстан

E–mail: kairat.battalov@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6431-0719

Авторлар туралы ақпарат:

Мәди Рахимов – **негізгі автор**, Ph.D., Қазақстан тарихы кафедрасының постдокторанты, КЕАҚ «Торайғыров университеті», 140008, Павлодар қ., Ломов к-сі, 64 үй, Қазақстан Республикасы

E–mail: madi_025@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5051-2130

Нұрбек Шаяхмет– тарих ғылымдарының докторы, профессор, Astana IT University, 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, С1, Қазақстан Республикасы

E-mail: nurbek_sh@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4230-8110

Қайрат Батталов – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Astana IT University, 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, С1, Қазақстан Республикасы

E–mail: kairat.battalov@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6431-0719

ҒТАМР 03.20 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.06**
ӘОЖ 94 (574)

А.К. Кайруллина*[1], Г.И. Кушенова[1]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
*e-mail: ainur1984_@mail.ru

БАЯНАУЫЛ СЫРТҚЫ ОКРУГІ АҒА СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес Орта жүз территориясында хандық билік жойылғаннан кейін алғашқы аға сұлтандардың билік тәжірибелері қарастырылған. Мақаланың мақсаты: "Сібір қырғыздары туралы Жарғы" негізінде хан билігі жойылғаннан кейінгі Орта жүз сұлтандарының билік тәжірибелерін талдау, басқару жүйесінің өзгеруін, Баянауыл сыртқы округінің қызметіндегі билердің рөлін анықтау және олардың Ресей империясының әкімшілік реформалары кезеңінде қазақ қоғамының мүдделерін қорғауға қосқан қоғамдық-саяси үлестерін бағалау. Жарғыда бекітілгендей лауазымды аға сұлтандар қызметіне ақсүйек тобына жататын төрелер сайланса, кейіннен патша әкімшілігі қарасүйек тобынан шыққан билерге үміт арта бастаған. Әсіресе, бұл үрдіс Орта жүз қазақтары руларын біріктірген Баянауыл сыртқы округінде жарқын көрініс тапқан еді. Зерттеу жұмысында Баянауыл сыртқы округін басқарушы шендердің, яғни Шоң би Едігеұлы, Шорман Күшіков, Қазанғап би Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов сияқты зиялы қауым өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі айқындалады. Мақаланың деректік негізін архивтік құжаттар, тарихи фольклор мен бұрын жарық көрген материалдар құрайды. Жарияланған материалдар мен архив құжаттары негізінде бұл тарихи үрдіске байланысты саяси және әлеуметтік оқиғаларға сараптама жасалынды. Ауызша және жазбаша деректерге негізделе отырып, Баянауыл округін басқарушы билер өз заманының парасатты да, сауатты да қайраткерлері болғаны, орыс тілін жетік меңгергені көрсетіледі. Олар патша әкімшілігі шенеуніктерінің ерекше сенімді тұлғалары бола отырып, өз халқының қамын ойлап, мүддесін қорғап жүрген саяси тұлғалар болған. Округті билеуші аға сұлтандар тек қана белсенді саяси-азаматтық қызметпен қана айналыспай, қазақ этнографиясы мен мәдениетін зерттеу қызметін де дамытқан еді. Мақаланың хронологиялық шеңбері 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» енгізілуінен бастау алып, 1867-1868 жылдары Әкімшілік реформаның қабылдануына байланысты Баянауыл сыртқы округінің жойылуына әкелген уақытты қамтиды.

Негізгі сөздер: Орта жүз, жарғы, Баянауыл сыртқы округі, болыс, билер, аға сұлтан.

Кіріспе

XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде жүзеге асырылған қазақ қоғамындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тарихи маңыздылығын ұғыну үшін тарихта өшпес із қалдырған зиялы қауым өкілдерінің, оның ішінде Баянауыл округі аға сұлтандарының қоғамдық және мемлекеттік қызметін зерттеудің мәні зор.

Аталмыш мақаланың мақсаты Баянауыл сыртқы округінің қалыптасуы мен қызметінің тарихи шарттарын ескере отырып, округті басқарушы аға сұлтандардың мемлекеттік және қоғамдық қызметін зерделеу. Ресей империясында қызметте болған қазақ шендерінің қалыптасу тарихы көптеген зерттеулердің пәні болғанымен, 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы» Жарғының Баянауыл өңірінде жүзеге асырылуының өзіндік ерекшеліктері мен жергілікті басқарушылардың отарлы әкімшілікпен күрделі қарым-қатынасы тарихи тұрғыдан қызығушылық тудырады.

Қазақ қоғамында зиялылықтың үлгісін көрсеткен билер ерекше орын алғандығы белгілі. Билердің басты қызметі ел бірлігін сақтау, дау-дамайларды өршітпей шешу, әділ төрелік ету болған. Яғни халықтың қоғамдық өмірін бақылаушы мемлекет қайраткерлері еді. XIX ғасырда қазақ халқы арасынан өзіндік азаматтық ұстанымы бар, қоғамдық және мемлекеттік істерге белсенді араласқан алғашқы қайраткерлер шыға бастады. Елдің елдігін сақтау, жақсылыққа деген құштарлық, өнеге мен білімге талпыныс Баянауыл өңірінің зиялылары Шоң мен Шорман билер заманында қалыптасып, одан бергі Мұса Шормановқа ұласқан. Аталмыш тұлғалардың болмысын зерттеу арқылы тұтастай бір ұлттың саяси, мәдени болмысы анықталатыны сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Соңғы уақытта тарих ғылымының методологиялық базасы кеңейтіліп, бірқатар әдіс-тәсілдердің негізінде зерттеудің жаңа бағыттары қалыптасып келеді. Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізін тарихи-саяси үрдістерді зерттеуге бағытталған жалпы ғылыми принциптер, яғни тарихи принцип пен объективтілік принципі құрайды. Тарихи принцип белгілі бір кезеңде және белгілі аймақта болған тарихи оқиғалардың ықпалының арқасында туындаған үрдістерді зерттеуде негізге алынып отыр. Ал объективтілік принципі XIX ғасырдың I-жартысындағы Қазақстандағы әкімшілік-территориялық және қоғамдық-саяси жағдайының негізгі аспектілері мен ерекшеліктерін зерттеу барысында жарияланған деректер мен архив құжаттарының рөлін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Мақаланың деректік негізін архивтік құжаттар, тарихи фольклор мен бұрын жарық көрген материалдар, оның ішінде орыс интеллегенциясы арасынан қазақ даласын зерттеуші саяхатшылардың жазбалары мен естеліктері, экспедиция есептері сияқты тұлғалардың жеке деректері құрайды.

Зерттеу жұмысының жазылуы барысында Омбы облысының мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 338 (Омское областное правление), 345 (Областное управление сибирскими киргизами), 374 (Пограничное управление сибирскими киргизами) қорларымен жұмыс жүргізіліп, Баянауыл сыртқы округін басқарған аға сұлтандардың қызметіне қатысты табылған мәліметтер негізінде тұлғалардың болмысын және олардың қоғамдық-саяси портретін анықтауда кешенді жүйелеу мен тарихи сараптау әдістері пайдаланылды. Осылайша, зерттеудің негізгі қолданбалы әдістері – сипаттау, жүйелеу, тарихи салыстырмалы, хронологиялық әдістері қолданылған. Сонымен қатар Баянауыл сыртқы округі аға сұлтандарының билік тәжірибелерін зерттеу барысында кең талдау жасалынған.

Нәтижелер және оларды талқылау

1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» сәйкес Қазақ даласында хандық биліктің жойылуына байланысты патша үкіметі әкімшілік басқарудың жаңа формасын, яғни байырғы заманнан қалыптасқан дәстүрлі басқару жүйесінің орнына аймақтық және болыстық жүйені енгізген. Сыртқы округтік приказды басқарушы болып аға сұлтан тағайындалып, орыс үкіметі атынан жергілікті басқаруды атқарушы земстволық шенеунік мәртебесіне ие болған. Рангтер жөніндегі табельге сәйкес аға сұлтандар VIII классқа жатқызылып, майор шенін иеленген. 1822 жылғы Жарғыға сәйкес аға сұлтандар 3 жылдық мерзімге сайланған, ал қайта сайланған жағдайда «Ресей империясының дворяны» атты диплом берілген [1]. Әкімшілік жергілікті басқаруды төре тұқымынан шыққан сұлтандар жүзеге асырған еді, бірақ та халық ел арасында беделі бар қарасүйек арасынан шыққан билерді де басқару жүйесіне ұсынып отырған.

Осындай өз заманының зиялы билеушілерінің бірі-Баянауыл сыртқы округінің бірінші аға сұлтаны орта жүздің Арғын ішіндегі Сүйіндік-Айдабол руынан шыққан Шоң би Едігеұлы. Оның әкесі белгілі Едіге би Төлебайұлы. Демек, Шоңның басына қонған би атағы арғы аталарынан ұласқан мұрагерлік атақ.

«Сібір қырғыздары туралы жарғының» негізінде 1833 жылы қазақ даласында Баянауыл сыртқы округі ашылды. Округтің ашылуына байланысты аға сұлтан қызметіне қызу күрес басталды. Жарғыға сәйкес аға сұлтандар тек төре тұқымынан сайлануы керек болды. Халық екі топқа бөлініп, біреулері Сұлтанбеттің ұрпағы сұлтан Бопы Татеновты жақтаса, екіншілері би Шоң Едігеұлын қолдаған.

Аталмыш даудың шешілу жолын Сібір корпусының командирі Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған хаты сияқты тарихи деректерден көре аламыз: «Баянауыл маңындағы Төртуыл болысында халық арасында беделді билер-капитан Чон Идыгин мен Чорман Кучуков орналасқан жерлерде Баянауыл сыртқы округін ашу. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болып би, капитан Чон Идыгин, ал заседательдері Сахновский, Туханович; қырғыздан Бостай Тұрсынбаев пен Бердалы Қазанғапов тағайындалған» [2].

Сонымен қатар бұл оқиғаны сипаттаушы архивтік құжатқа негізделетін болсақ, корпустық командирдің Омбы облыстық басшыға хабарламасында: «Баянауыл округтық приказын басқаруға аға сұлтан қызметіне би Чон Идигин мен қырғыздар атынан

заседательдер ретінде поручик Боштай Турсунбаев пен аға прапорщик Бердулу Казангаповты ұсынамын», - деп жазылған [3].

Осылайша, Баянауыл жұрты патша жарлығына қарамастан, қара қазақтан шыққан Шоң мен Шорманды аға сұлтан қызметіне сайлатады. Негізі Баянауыл жерінде төрелердің беделі аса жоғары болмады. Бұл туралы белгілі ғалым, этнограф Шоқан Уалиханов былай жазады: «Қазақтың басқа руларына қарағанда Баянауыл округына қарасты руларға төрелер ықпал жүргізе алмады. Өйткені бұларды өте күшті ру басылары – билер басқарды. Халық арасынан әсіресе айдабол биі Шоң мен қаржас биі Шорман аты кең тараған еді» [4]. Кейіннен орыс үкіметі сұлтандардың қазақ даласында толық қанды билігі жоқ және орыс саясатын жүзеге асыруға жетекшілік ете алмайтындығына көзі жетеді. Бірақ та бұл кезеңде қарасүйек өкілі басқару қызметінің деңгейіне әлі жетпеген деп саналған еді. Дегенмен, Шоң би өзінің ақылдығы мен кемеңгерлігінің, атқарған істерінің нәтижелігінің арқасында қазақ қоғамының өкілдері өз-өзін басқара алатындығын империяға дәлелдеген.

Шоң мен Шорман билер қазақ халқының ертеңін патша үкіметімен қарым-қатынас орнатып, орыстармен жақын болудан көрген. Отырықшы өмір салтына көшудің маңыздылығын ұғынып, Орта жүз даласында орталықтар құрылысы қажетті екендігін түсінген. Ол отырықшы өмір салтын жүргізбей, жер өңдеумен айналысу, қолөнердің әртүрлі бағыттарын дамыту, сонымен қатар тіпті білім алу мүмкін емес екендігін түсініп, патша үкіметімен бірлесе отырып, Баянауыл сыртқы округін қалыптастырған. Алайда, Ресей үкіметіне қызмет атқарып жатқанына қарамастан, Шоң би өз халқының мүддесін жоғары қойған. Тіпті басқаларға қарағанда өз жұртының қажеттіліктері мен мұңын жақсы білген.

Шоң Едігеұлының аға сұлтандық кездегі қызметін қазақ қоғамының тұрақтылығын сақтауға бағытталған шебер басқарудың мысалы ретінде келтіруге болады. Өз ұлтына деген жаңашырлық әсіресе қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы өршіп тұрған кезеңде көрініс тапқан. Шоң би ағасы Торайғыр Едігеұлымен бірге Саржан Қасымов бастаған көтерілісті қолдағаны жайлы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерінде айтылған еді. М. Көпейұлының жазбаларында: «Уәлі 1822 жылы 105-тен 106-ға қараған шағында өлді. Сүйегі Көкшетаудың даласында қалды. Оның орнына үлкен баласы Ғұбайдолла хан болды. Бұл кезде қазақ орысқа қарап қалған. Ғұбайдолланы закономызды бұздың, өзінді өзі хан сайлап алғансын деп, сотқа тартып, қасына Шоң бидің інісі Торайғыр биді қосып, итжекенге айдатты. Шоң Торайғыр биді сауға беріп босатып алған көрінеді»,-делінген [5].

Аймақтағы саяси тұрақтылықты сақтап қалу үшін Шоң би Ресей империясымен қатар қытайлық және Бұхара билеушілерімен қарым-қатынасын жақсартуға тырысқан. Ол жөнінде деректерді патша әскерінің генерал-майоры Семен Броневский «О казахах Средней Орды» атты еңбегінде жазған: «Орыстар Баянауылға сиыр жылы жаңа бекініс салу мақсатымен келген. Сол жылы осындай ниетпен 10 шақты қытай келеді. Олардың арасында дау туады. Бұл Абайдилда-хан мен Шоң мен Торайғыр билердің тұсында болады. Бұл кезде халық жазғы жайлауда болған...» [6].

Ал архив құжаттарында «1825 жылдың 28 наурызында би Шон Едигин белгісіз себептермен Тортула мен Қозған болысынан Бұхара иелігіне көшпек болды» деп айқындалған [7]. Бұл шешім отарлау саясатының күшеюіне байланысты қабылданғаны анық. 1824-1825 жылғы қыс жылы болғандықтан, қазақтар қыстың аяқталуын күтпей, қыстауларын босатып, өзен жағаларына көше бастаған еді. Штаб офицерлерінің есептерінде қазақтардың бұл әрекетіне бидің ықпалы бар, яғни «форпостта жиналған отряд тарапынан қауіп көрген би Чон мен оның ағасы Торайғырдың ықпалының арқасында» деп түсіндіріледі [8]. Аталмыш деректер Шоң би Едігеұлы өз халқы үшін қызмет етіп, белсенді қоғамдық-саяси қызмет жүргізгенін көрсетеді.

1835 жылы Шоңның өлімінен кейін Баянауыл округі аға сұлтанының міндетін Шорман би атқарады. Омбы әкімшілігімен келісе отырып, округтық диван сайлауды 1836 жылдың 12 сәуіріне тағайындайды, сайлаушылардың көбі келмегеніне қарамастан сайлау нәтижесі бұрмаланып, Итемген Шопанов аға сұлтан болып сайланады. Бұл заңсыз шараға 41 адамнан тұрған жергілікті сұлтандар, билер, болыс басқарушылары мен ауыл

старшиналары қарсылық білдіріп, 1836 жылы 16 сәуірде Батыс Сібір генерал-губернаторына П.Д. Горчаковқа жазған хатында: «Айта кетейік, колллежді асессор Нагибин округтік диуаннан бөлек, өзінің үйінде арнаулы ақсақалдармен бірге Итемген Шопановты сайлау туралы үкім жазып, оған мүлдем қатыспаған старшындардың таңбаларын тіркеген, содан кейін бұл үкім жоғары билікке жіберілді. Біз 12 сәуірде дәл белгіленген уақытта келіп, оның қатысуымен тағы да сайлау өткіздік, барлық сұлтандар, болыс басшылары, билер мен старшындар бірауыздан би Шорман Кучуковты аға сұлтан ретінде сайлады, ол қазір осы қызметті атқаруда және ресейлік капитан болып келеді. Ол біздің таңдауымыз, оған қоса кандидат ретінде сұлтан, сот кеңесшісі Али Көкшалов болды, себебі Шорман сұлтандар тегінен шықпаса да, ресейлік капитан дәрежесіне және халықтың құрметіне ие тұлға, би қырғыздардың ісін жақсы біліп, әділдікпен шешіп отыратындықтан, біз сұлтан болмаса да, мейірбандығы мен әділдігі үшін оған құрмет көрсетіп, Кучуковқа бұл атақты беріп отырмыз. Біздің бірауыздан қабылданған шешімізге сәйкес, Жоғары мәртебелі, Шорман Кучуковты аға сұлтан дәрежесіне бекітуіңізді шын жүректен сұраймыз», - деп мәлімдейді [9].

Аталмыш құжатқа қол қойғандардың ішінде Күлеке-Қаржас болысының басқарушысы 18 жасар Мұса Шорманов та бар. 1836 жылы аға сұлтан болып тағайындалған Шорман би ел басқаруда Шоң бидің жүргізген бағытын ұстанған. Әкесі Шорманның ісін әрі қарай 14 жыл бойы Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған Мұса Шорманов жалғастырады.

Мұса Шорманов өмірінің ең маңызды кезеңдерінің бірі Баянауыл сыртқы округін басқарып, 1854-1868 жылдар аралығындағы аға сұлтан қызметін атқарған уақыт еді. Төре Қанқожа Татеновтың Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны қызметіндегі міндеттерін орындаудың үш жылдық мерзімінің аяқталуына байланысты Мұса Шормановтың кандидатурасы ұсынылып, 1854 жылдың 15-тамызында өткен округтық съезде Мұса Шорманов Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болып сайланды.

Өткізілген сайлаудың негізінде 1854 жылдың 1-қыркүйегінде жүздік Мұса Шорманов Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.С. Гасфорттың жарғысымен аға сұлтан болып бекітіледі. Әр аға сұлтанға алтындатылған қылыш, ту, қызметтік атақты растайтын грамота берілген. Оларға жұмыс ақысы ретінде айына күміспен 100 рубль және жылына 60 қапшық қара бидай ұны төленген.

1855 жылдың ақпанында патша II Александрдың таққа отыруына байланысты Баянауыл округының билері мен болыс басқарушылары Сібір қазақтары аймағының әскери губернаторына император II Александрды құттықтау үшін округтен делегаттарды жіберу туралы хат жазған.

Мұса Шорманов II Александрдың тәж кию рәсіміне қатысқаны жөніндегі ақпарат Г.Н. Потаниннің жазған хаттарында да айқындалған: «II Александрдің тәж кию рәсіміне әртүрлі ұлттардың өкілдері кірген депутаттардың құрамында Муса Чорманов деген батыс Сібірдің қырғызы болды, өзі ақылды және байқағыш адам» [10].

1856 жылдың наурызында Санкт-Петербург қаласына императордың тәж кию рәсіміне сегіз адамнан тұратын Сібір қазақтары аймағынан депутация келеді, оның құрамында Мұса Шорманов, халық композиторы Тәттімбет Қазанғапов, Сібір қазақтары Облыстық басқармасының кеңесшісі Шыңғыс Валиханов, Ақмола округтық приказының аға сұлтаны Ибрагим Жайықбаев, сұлтан Беғалы, Баянауыл округтық приказының қосшы биі Секербай Малгелдин, Ақмола округі Әлеке-Байдалы болысының басшысы Аққошқар Кішкентаев, Көкшетау округінің биі Шобек Байсарин болды.

1856 жылдың 23-наурызында Мұса Шорманов пен депутацияның басқа мүшелерін император Александр II қабылдады. Бұл жөнінде Ресей Ішкі істер министрінің Сібір комитетін басқарушыға бағытталған хатында: «Бұл делегацияның құрамына Санкт-Петербургте әлі болмаған, үкіметке ерекше адал, ең құрметті қырғыздардан Жоғарғы өсиет бойынша 8 адам сайланған. Олардың қатарында Сібір қырғыздары өлкелік басқармасының аудармашысы, титулдық кеңесші Добшинский бар. Оларды марапаттау жөнінде генерал-губернатор Ғ.Х. Гасфорттың өтініші Ішкі істер министрлігінде жоқ. Депутацияның

құрамындағы тұлғалардың атаулы тізімін 23 наурызда түстен кейін Ұлы Мәртебелімен таныстыруға ұсынып отырмын» [11].

Бірқатар архив құжаттары мен жазбалар Мұса Шормановтың бұл қызметтегі іс-әрекеттері отарлы езгіні әлсіретіп, халықтың игілігіне жасалғанын көрсетеді. Әрине, патша әкімшілігі отарлы саясатты жүзеге асыруда жергілікті аймақты басқару үшін аға сұлтан қызметін өзі қалыптастырған, бірақ та әкімшілік аппараттың тұрақты бақылауына қарамастан Мұса Шорманов жоғарыдағы билеушілердің саясатынан бөлек өз саясатын жүргізуге тырысқан. Қазақ қоғамындағы бұндай ерекшелікті М.И. Красовский былайша айқындап кеткен еді: «Қазақ даласында Ресейдің ресми әкімшілігімен қатар үкімет билігінің әрекетін бәсеңдететін немесе тоқтататын өзінің бейресми басқармасы бар» [12].

Мұса Шорманов халықтық саясат жүргізгені жөніндегі ақпаратты Омбы облысының мемлекеттік архивінде табылған құжаттардан көруге болады, мысалға Павлодар уезі Айдабол болысы қырғыздарының болыстық сұлтандардың жемқорлығы туралы хабарламасы жөніндегі құжатта: «Қозған-Тұлпар болысында губернаторлыққа кандидат Сатыгул Саудагареев қызметке халықтың сұрауы бойынша емес, ақшаның арқасында сайланды. Бұрын ол басқарушы болған және сол уақыттахалық одан көптеген шектеулер мен қысым көрді. Сол кезде аға сұлтан болған Мұса Чорманов оның әрекетін біліп, халықтың тыныштығы үшін қызметінен босатты», - деп жазылған [13].

Шын мәнінде, Мұса Шорманов бүкіл өмірін ел ауқытын жақсарту мен халық игілігін арттыруға арнаған. Мұса Шормановтың Омбыдағы қазақ мектептерінің ашылуына ат салысып, Баянауыл өңірінде тұратын қазақ балаларын оқуға жібергені белгілі. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Шормановтың баяндау хатынан үзіндіде: «Омбыда қырғыз ұлдарын оқыту үшін құрылып жатқан мектепте Баянауыл округінің кейбір құрметті адамдары өз балаларын орналастырғысы келеді, атап айтқанда: Кулюков болысының бастығы Итқара Исергемісовтың ұлы, Сатылған-Алтын Турин болысының меңгерушісі Худайберген Қувандыковтың ұлы, Ақбура-Тұлпар-Көксал болысының биі Джуртугул Чомановтың ұлы, қырғыз жүзбасысы Секербай Малгелдиннің немере інісі және Жанғозы-Айдабол болысының басқарушысы Хусайын Бочтаевтың ағасы, сондықтан мен мектепті ашқан кезде жоғарыда аталған балаларды оған оқуға қабылдауыңызды сұраймын» [14].

Баянауыл сыртқы округін басқарумен қатар, мәдениет пен оқу - ағарту ісін дамыту, қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу қазақ халқының белгілі қайраткері Мұса Шормановтың негізгі қызметі болып саналған.

Елі мен жерін шын сүйген, халқына адал қызмет еткен аға сұлтандардың бірі – Қазанғап Сатыбалдыұлы. Өзі бәсентиін ішіндегі бөрі руынан болады. 1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап би Баянауыл сыртқы округін басқарған еді. Осы Баянауыл сыртқы округінің құрылуына 1820 жылдардың басында Қазанғап би үлкен септігін тигізген. Би Орта жүз территориясында алғашқы округтер қалыптаса бастаған кезеңде тек өзіне бағынышты бәсентиіндерді ғана емес, онымен көршілес буранаймандарды Баянауыл округінің құрамына кіруге көндірген. Бұл оқиғаға қатысты архив құжаттарында: *«1826 года февраля 15 дня Туртугульской волости Биш и почетные киргизы дали свою подписку Каркаралинского приказа Начальнику военного отряда Сотнику Карбышеву въ томъ, что въ силу данной подписки сего года февраля 14 дня Управления нашей волостью Бию Чона Идигина Ему Господину Карбышеву и мы со своей стороны подоброволному нашему согласию изъявили желание быть подъ покровительствомъ всемилостивейшего великого государя и подъ управление предполагаемого открытия при Баянь ауле окружного Дивана, а вместо старшего султана во оной диванъ вышеподписанного Бия Чона Идигина, во уверение чего и прилагаемы свои тамги... Басентеинской волости капитан Казангап Сатыбалдин с старшими, почётными казахами все одобрили открытие в Баян-Ауле окружного дивана и все согласились быть под его управлением»* деп жазылған. Аталмыш құжатқа Казанғап би Сатыбалдыұлы 6-наурызда қол қойып, мөрін басқан [15].

Ел ішінде ірі рулар мен ұлыстарға әкімдік жасаған Қазанғап би мен Шоң бидің қызметінің нәтижесін өз есебінде 1830 жылдың көктемінде ант қабылдау үшін өңірге келген подполковник Леденевтің жазбаларында: «Шоң, Шорман билердің басшылығымен

төртуыл халқының келісімін алып, ресей үкіметіне Әл-Қоран алдында адал қызмет етеміз деген ант берілді. Антты 1500 үйден тұрған Шонның 15000 ауылы, Шорманның 2000 үйді қамтыған 125 ауылы, 4300 үйі бар Қазанғаптың 430 ауылы және сонымен қатар 21700 үйді қамтыған 2095 ауыл берген» [16].

Демек, Қазанғап бидің Баянауыл жерлерінде Қарқаралы округінен дербес бөлек округ ашуға жеткілікті үйлер санын қамтамасыз етіп, Баянауыл сыртқы округінің ашылуыны ұйытқы болған. Сол кезде Қазанғап биге бағынышты Бәсентиін руының бес болысының көңілінен шығу үшін Сібір әкімшілігінің қолдауымен оның баласы Бердәлі Баянауыл сыртқы округінің заседателі етіп сайланады. 1841 жылы Бердәлі Қазанғапұлы аталған округтің аға сұлтаны болып сайланды. Ал ол қайтыс болғаннан кейін бір жыл өткен соң, яғни 1841 жылы бұл қызметті Қазанғап Сатыбалдыұлының өзі алып, Баянауыл сыртқы округін 5 жыл бойы басқарады.

Орыс тілін жақсы білген Қазанғап Сатыбалдыұлы дала билері атынан патша үкіметімен тығыз қарым-қатынаста болып, қазақ халқының игілігін арттыруға бағытталған міндеттерді атқырып жүрген. Деректерге сүйенсек, мысалы, «Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген» деп айқындалған [17]. Көп жылдық еңбек қызметі үшін би Қазанғап Сатыбалдыұлы түрлі атақтармен, ерекше сыйлықтармен марапатталды. Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып Петербургке патшаның жеке аудиенциясына шақырылған биге старшина атағы беріліп, жыл сайын 50 сом мөлшерінде сыйақы бекітілді. 1810 жылы капитан шенін алды, 1817 жылы штаб офицері шенін иелене отырып, бас киімі бар шапан мен 500 рубль көлемінде күміспен марапатталды. 1833 жылы майор шенімен қатар көлемі 300 рубль болатын күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасындағы алтын медаль, 1844 жылы алтын жалатылған күміс тостағанның иегері атанды.

Баянауыл сыртқы округін басқарушы аға сұлтандардың қызметінде құрылуының басты екі ерекшелігін айта кететін жөн. Біріншіден, бұл – ата салтының бұзылуы болса, ал екіншіден империя патшасының 1822 жылғы жарғысының бұзылуы еді. «Жер төбесіз болмас, ел төресіз болмас» деген қазақ қауымы арасында белгілі мақал-мәтелге сай ғасырлар бойы биліктің тізгінің ұстау мүмкіндігі тек төреден сайланған тұлғаларға берілгені сияқты дала заңы қалыптасқаны белгілі. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғының» 30-31 баптарына сәйкес сыртқы округтің аға сұлтаны тек төрелерден ғана тағайындалуы тиіс. Бұндай қағиданың енгізілуі қазақ даласында хандық билік жойылған уақытта ел басқару ісінен шеттетіліп қалған сұлтандар мен бектер тарапынан наразылық тумас үшін жасалынған әрекет болған. Бірақ та Баянауыл сыртқы округін басқару жүйесінде қазақ тарихында бұрын болмаған жайттар орын алып, аға сұлтандық қызметке халық арасында беделдігі бар билер келеді.

«Павлодар уезі қазақтарының шежіресі» атты еңбекте Баянауыл округі аға сұлтандарының төмендегі тізімі келтірілген [18]:

Кесте 1 - «Павлодар уезі қазақтарының шежіресі» атты еңбекте Баянауыл округі аға сұлтандарының тізімі

Басқарушы аға-сұлтан	**Округті басқару жылдары**	**Шығу тегі**
Шоң Едигин	1833-1836	Сүйіндік-Айдабол
Шорман Күшіков	1836-1837	Сүйіндік-Қаржас
Маман Абылаев	1837-1838	Төре
Бопы Татенов	1838-1840	Төре
Бөштай Тұрсынов	1840-1841	Сүйіндік-Айдабол
Бердалы Қазанғапов	1841-1842	Бәсентиін-Бөрі
Қазанғап Сатыбалдиев	1843-1848	Бәсентиін-Бөрі
Әлі Көксалов	1848-1851	Төре
Қанқожа Тәтенов	1851-1853	Төре
Мұса Шорманов	1853-1868	Сүйіндік-Айдабол
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Аталмыш сыртқы округті басқарған тұлғалардың ішінде Шоң Едігеұлы, Шорман Кучуков, Боштай Тұрсынбаев, Қазанғап Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов сияқты дара да, дана қарасүйек өкілдерімен қатар, Бопы Татенов, Маман Абылаев, Қанқожа Татенов сияқты төре тұқымдары да басқарған. 35 жылдық тарихы бар Баянауыл сыртқы округінде алғашқы аға сұлтан Шоң биден бастап соңғы басқарушы Мұса Шормановға дейінгі аралықта аға сұлтандық қызметте 10 адам болған.

Қорытынды

XIX ғасырдың I жартысында Қазақстан аумағында әкімшілік-территориялық реформалардың жүргізілу кезеңінде Баянауыл-Ертіс өңірін үлкен абыроймен басқарып, Орта жүздің ірі руларына пана болған дара тұлғалардың қызметін объективті түрде бағалау қажет. Ресей империясының құрамына кіру жағдайында Шоң Едігеұлы мен Қазанғап Сатыбалдыұлының жүргізген белсенді қоғамдық-саяси қызметі мен қажымас еңбегінің арқасында Баянауыл өңірі әрі қарай дамып, өзіндік тарихи шарттары мен ерекшеліктері бар жеке әкімшілік құрылым болды.

Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтандары патша билігі бекіткен шенеуніктер ғана емес, қазақ даласы заңнамасына сәйкес, меритократиялық қағидаттарға негізделіп халықпен сайланған қайраткерлер. Бұл аймақта аға сұлтандардың билігі мықты болып, олар бекітілген округтарында өзіндік ішкі саясат жүргізген еді. Ал бұны тіпті империя шенеуніктері де мойындап кеткен. Мысалға, Батыс Сібір генерал-губернаторы Н.Г. Казнаков 1986 жылы 29-қаңтарда Семей облысы әскери губернаторына жазған хатында*:* «ұзақ уақыт бойы орыс шенеуніктері жанында қосалқы рөл атқарған аға сұлтандардың билігіне бағынған қырғыздар еркіндікке үйренген», - деген [19].

Патша әкімшілігі енгізген аға сұлтандық басқару жүйесі қазақ халқын толығымен бағындырып, өз жұдырығында ұстай алмады. Қазақ даласы сыртқы округтарға, болыстарға бөлінгенімен, қазақтар өз мүддесін қорғап, өзін-өзі басқаруға тырысты [20].

Отандық тарихи зерттеулерде ел басқарған қазақ зиялыларының, оның ішінде қазақ өркениетінің дамуына өзіндік үлес қосқан Шоң би Едігеұлы, Қазанғап Сатыбалдыұлы, Мұса Шорманов секілді ұлы да, іспетті тұлғалардың рөлі зор. Осындай билеушілердің даналығы мен қамқорлығы арқасында халқымыз тарихымыздағы ауыр кезеңдердің бірін елеулі шығынсыз өтті. Белгілі тұлғалар тарихқа өзгеріс қана әкеп қоймай, сонымен қатар халықтың санасына да серпіліс, жаңа ой, жаңа көзқарас әкелген [21]. Қазақ халқы үшін еренбей еңбек еткен билер мен шендердің тұлғасы мен қызметін зерттеп, жастарға ұлы бабаларымыздың өсиеттерін жеткізіп, тәрбиелеудің маңызы зор.

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ИРН BR21882225 «Солтүстік Қазақстанның көне заманнан қазіргі заманға дейінгі тарихы» жобасының аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. Алма-Ата: Издательство АН КазССР. – 1960. – 441 с.
2 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 90-п.
3 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 89-п.
4 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – Алма-Ата. – 1985. – Т.4. – 461 с.
5 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО. – 2013. – Т.6. – 520 б.
6 Броневский С.Б. О казахах Средней Орды. – Павлодар: ЭКО. – 2005. – 168 с.
7 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 409 – іс. 41-п.
8 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 409 – іс. 36-п.
9 ОмОМА 3-қ. 12-т. 17684-іс. 92-п.
10 Потанин Г.Н. К характеристике Сибири. Литературное наследство Сибири. – Новосибирск: Западно-Сибирское книжное издательство. – 1986. – Т.7. – 171 с.
11 Жаксыбаев М. Муса Шорманов - царский полковник. Индустриальная Караганда. – 1990. – 18 ноября. – С.4-5.
12 Красовский М.И. Образ жизни казахов степных округов. – Павлодар: ЭКО. – 2005. -288 с.
13 ОмОМА 3-қ. 8-т. 12769-іс. 62-п.

14 ҚР ОМА. 345-қ. 1-т. 529 – іс. 85-п.
15 ҚР ОМА. 338-қ. 1-т. 408 – іс. 18-19-п.
16 Исабаев К. Жерімізді қорғаған, елімізді есейткен батыр Шоң би. Сарыарқа самалы. – 2002. – 20 қыркүйек. – 7 б.
17 Елемесов Ә.Қ., Малғаждаров Қ.Ә. Қазанғап би Сатыбалдыұлы. – Павлодар: Кереку. – 2008. – 173 б.
18 Инсебаев Т.А. Павлодар уезі қазақтарының шежіресі. – ПМУ. – 2005. – 214 с.
19 ОмОМА 3-қ. 8-т. 12769-іс. 3-п.
20 Adolf Januszkiewicz.(2010) Żywot Adolfa Januszkiewicza i jego listy ze stepów kirgizkich 1861. – Kessinger Publishing, LLC. – 582 p.
21 Ian W. Campbell. (2017) Knowledge and the Ends of Empire: Kazak Intermediaries and Russian Rule on the Steppe, 1731-1917. – Cornell University. – 273 p.

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АГА СУЛТАНОВ БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА

Аннотация

Results of the data analysis show that students recognize and perceive the AWE tools as valuable tools to improve their writing in English and receive timely feedback, but there is a low frequency of use. Overall, the qualitative thematic analysis identified two overarching themes: positive expectations and perceptions (encompassing usefulness, efficiency, and preference for constructive feedback) and concerns and perceived barriers (including passive use, tool distrust, and difficulty of use). These findings confirm that students value feedback and recognize AWE tools as helpful, while also highlighting the need for structured teacher guidance These results concur with about the possible positive effect of this kind of feedback and the need to provide feedback training to the students.

On the other hand, according to the thematic analysis of the qualitative data, students expressed concern about the reliability of AWE tools and that they might not understand the corrections suggested by these tools or do not reflect on them. So, they expressed skepticism about the ability of AWE tools to provide such personalized feedback, though they acknowledged the potential benefits of these tools if improved. These perceptions support the need to implement a strategy to promote students' feedback literacy.

Ultimately, some students reported requiring teacher guidance to use these tools more effectively. This finding aligns with previous research that highlights the teacher's crucial role in technology-enhanced learning environments. It suggests that for tools like Automated Writing Evaluation (AWE) to serve as effective providers of personalized feedback, they must be integrated within a pedagogical strategy directed by the teacher, as proposed by.

This study was conducted as an exploratory first stage to assess the feasibility of integrating AWE tools into classroom practice and to develop strategies to assist in providing students with feedback considering the context of the high schools in the population where the study was conducted, where large groups and the design of the programs make it difficult for the student to receive personalized feedback from the teacher, and the opportunity to resubmit, the use of AWE tools permits the students to revise their work before the submission of it, according other authors the importance of feedback before the final submission increase the engagement of students. The study's results confirm the students' receptivity and desire to obtain feedback as support for their learning, as well as their positive perception and openness to receiving and using feedback from tools.

Finally, with the data collected, we can conclude that although students recognize the usefulness of the tools, their frequency of use is low (M = 2.48), a pattern consistent with the barriers identified in the thematic analysis: difficulty of use, concerns about tool reliability, and the risk of passive dependency (Table 5), these data support the importance of feedback literacy from the teacher and the student. These results confirm and guide the following steps in generating strategies for utilizing AWE tools in various activities under teacher guidance, and thus, in this second stage, confirm whether this activity promotes students' efficient use of AWE. Additionally, the findings contribute to understanding and exploring an underrepresented population, specifically high school students in Latin America, and emphasize the need for further research on feedback receptivity in diverse educational contexts, particularly among this population.

The primary limitation of this study relates to its sample distribution. Although the overall sample size was substantial, the proficiency-level groups were unbalanced, with an underrepresentation of students at higher levels. This skew likely reflects the natural concentration of high school students in basic proficiency tiers. Consequently, comparisons between categories should be interpreted with caution, as the statistical power may be limited for the smaller, high-proficiency groups. Future research could address this by employing a stratified sampling method to ensure a more evenly distributed sample. Also, applying statistical models specifically designed to handle unbalanced data could provide more robust comparisons. Additionally, the cross-sectional design of this study prevents causal inferences about the relationship between individual factors and feedback receptivity. Furthermore, the qualitative data were gathered through open-ended questionnaire items rather than in-depth interviews, which limits the depth of the insights obtained. Future research could employ longitudinal designs and richer qualitative methods to further explore these dimensions.

REFERENCRS

1 Dabboub A.E. The effectiveness of comprehensive corrective feedback-direct and indirect-on EFL learners' language accuracy, structural complexity and lexical diversity: Doctoral dissertation. - 2019. –P. 17–37.

2 Bitchener J., Storch N. Written corrective feedback for L2 development. Buffalo: Multilingual Matters, - 2016. – P. 25-28.

3 Ellis R. A Framework for Investigating Oral and Written Corrective Feedback // Stud Second Lang Acquis. - 2010. –T. 32, № 2. –P. 335–349.

4 Carless D., Winstone N. Teacher feedback literacy and its interplay with student feedback literacy // Teaching in Higher Education. Routledge, - 2023. T. 28, № 1. – P. 150–163.

5 Chong S.W. Reconsidering student feedback literacy from an ecological perspective // Assess Eval High Educ. Routledge, - 2021. – T. 46, № 1. –P. 92–104.

6 Winstone N.E. и др. Supporting Learners' Agentic Engagement with Feedback: A Systematic Review and a Taxonomy of Recipience Processes // Educational Psychologist. Routledge, - 2017. T. 52, № 1. – P. 17–37.

7 Lv X., Ren W., Xie Y. The Effects of Online Feedback on ESL/EFL Writing: A Meta-Analysis // Asia-Pacific Education Researcher. Springer, - 2021. –T. 30. –№ 6. –P. 643–653.

8 Wahyuni S. The Effect of Different Feedback on Writing Quality of College Students with Different Cognitive Styles // Dinamika Ilmu. UINSI Samarinda, - 2017. – P. 39–58.

9 Bitchener J., Young S., Cameron D. The effect of different types of corrective feedback on ESL student writing // J Second Lang Writ. - 2005. –T. 14, № 3. –P. 191–205.

10 Zeevy-Solovey O. Comparing peer, ChatGPT, and teacher corrective feedback in EFL writing: Students' perceptions and preferences // Technology in Language Teaching & Learning. Castledown Publishers. - 2024. –T. 6, № 3. –P. 1–23.

11 Roach S.J. Feedback in context: a case study of students' perceptions of the role, value, and use of instructor feedback in a college writing course: Doctoral dissertation thesis. Dekalb: Northern Illinois University. - 2023. №8. – P. 17–30.

12 Van der Kleij F.M., Lipnevich A.A. Student perceptions of assessment feedback: a critical scoping review and call for research // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. Springer Science and Business Media B.V., - 2021. – T. 33, № 2. – P. 345–373.

13 Kluger A.N., Denisi A. The Effects of Feedback Interventions on Performance: A Historical Review, a Meta-Analysis, and a Preliminary Feedback Intervention Theory // Psychological Bulletin. - 1996–. T. 9, № 2. – P. 254–284.

14 Panadero E., Lipnevich A.A. A review of feedback models and typologies: Towards an integrative model of feedback elements // Educational Research Review. Elsevier Ltd, - 2022. –T. 35. –P. 254–284.

15 Lipnevich A.A., Berg D.A.G., Smith J.K. Toward a model of students' response to feedback // Handbook of Human and Social Conditions in Assessment / под ред. Brown G.T.L., Harris L.R. New York: Routledge, - 2016. – P. 196–185.

16 Carless D., Boud D. The development of student feedback literacy: enabling uptake of feedback // Assess Eval High Educ. Routledge, - 2018. –T. 43, № 8. – P. 1315–1325.

17 Lipnevich A.A., Lopera-Oquendo C. Receptivity to Instructional Feedback: A Validation Study in the Secondary School Context in Singapore // European Journal of Psychological Assessment. Hogrefe Publishing GmbH, - 2024. T. 40, № 1. –P. 22–32.

18 Lipnevich A.A. и др. Development of a measure of receptivity to instructional feedback and examination of its links to personality // Pers Individ Dif. Elsevier Ltd, - 2021. –169 p.

19 Lipnevich A.A., Smith J.K. Student – Feedback Interaction Model: Revised // Studies in Educational Evaluation. Elsevier Ltd, - 2022. – №75. – 25 p.

20 Luca Bahr J. и др. Receptivity to Instructional Computer-Based Feedback (RIF): A Multistudy Validation of a German RIF Scale // European Journal of Psychological Assessment. Hogrefe Publishing GmbH, - 2024. №42, № 2. P.167-178.

21 Godwin-Jones R. Partnering with AI: Intelligent writing assistance and instructed language learning // Language Learning & Technology. - 2022. –№ 2. – 26 p

22 Fu H., Liu X. EFL Learner Engagement in Automatic Written Evaluation // Front Psychol. Frontiers Media S.A. - 2022. T. 13-p

23 Wang J., Ke X. Integrating Machine Translation Into EFL Writing Instruction: Process, Product and Perception // Journal of Language Teaching and Research. Academy Publication, 2022. –T. 13, № 1. –P. 125–137.

24 Shang H.F. Exploring online peer feedback and automated corrective feedback on EFL writing performance // Interactive Learning Environments. Routledge, - 2022. – T. 30, № 1. –P. 4–16.

25 Sisquiarco A., Sánchez Rojas S., Abad J.V. Influence of Strategies-Based Feedback in Students' Oral Performance // HOW. Asociacion Colombiana de Profesores de Ingles - ASOCOPI, - 2018. –T. 25. –№ 1. – P. 93–113.

26 Geng J., Razali A.B. Effectiveness of the Automated Writing Evaluation Program on Improving Undergraduates' Writing Performance // English Language Teaching. Canadian Center of Science and Education, - 2022. T. 15, № 7. 49 p.

27 Mayordomo R.M. и др. Perception of online feedback and its impact on cognitive and emotional engagement with feedback // Educ Inf Technol (Dordr). Springer. - 2022. T. 27, № 6. P. 7947–7971.

28 Lipnevich A.A., Lopera-Oquendo C. Receptivity to Instructional Feedback: Technical Manual. - 2023. –№ 4. –P. 794–797.

29 Nguyen H., Xiong W., Litman D. Iterative Design and Classroom Evaluation of Automated Formative Feedback for Improving Peer Feedback Localization // Int J Artif Intell Educ. Springer New York LLC, - 2017. –27, № 3. – P. 582–622.

30 Creswell J. W., Plano Clark V. L. Designing and Conducting Mixed Methods Research. 3rd ed. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications. - 2017. –496 p.

31 Braun V., Clarke V. Using thematic analysis in psychology // Qualitative Research in Psychology. - 2006. Vol. 3, no. 2. P. 77–101.

32 Corbin J., Strauss A. Basics of Qualitative Research: Techniques and Procedures for Developing Grounded Theory. 4th ed. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications. - 2014. –456 p.

33 McDonald N., Schoenebeck S., Forte A. Reliability and Inter-rater Reliability in Qualitative Research // Proceedings of the ACM on Human-Computer Interaction. - 2019. Vol. 3, no. CSCW. – P. 1–20.

ВОСПРИИМЧИВОСТЬ СТАРШЕКЛАССНИКОВ К ОБРАТНОЙ СВЯЗИ И ВОСПРИЯТИЕ АВТОМАТИЗИРОВАННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ОЦЕНКИ ПИСЬМЕННЫХ РАБОТ В ЛАТИНСКОЙ АМЕРИКЕ

Аннотация

В данном исследовании изучается восприимчивость старшеклассников в Латинской Америке к обратной связи, особенно в контексте изучения английского языка как иностранного. Цель статьи заключается в исследовании восприимчивости старшеклассников Латинской Америки к обратной связи при изучении английского языка как иностранного, включая оценку их отношения к автоматизированным инструментам проверки письменных работ (AWE). Исследуется, как учащиеся воспринимают обратную связь и реагируют на нее, с акцентом на использовании автоматизированных инструментов оценки письменных работ (AWE). Исследование восполняет пробелы в литературе, изучая группу населения, которая в значительной степени оставалась без внимания — старшеклассников в Латинской Америке — и анализируя восприятие учащимися инструментов AWE и их восприимчивость к обратной связи. В исследовании используется смешанный подход, сочетающий количественные данные из анкет и качественные данные из трех открытых вопросов анкеты. Ключевые результаты показывают, что учащиеся восприимчивы к обратной связи, но не проявляют к ней активного участия на поведенческом уровне. Хотя они положительно относятся к инструментам AWE и положительно их воспринимают, их использование происходит редко. Учащиеся в целом предпочитают персонализированную обратную связь от учителей автоматизированным инструментам, хотя существует потенциал для повышения эффективности и принятия инструментов AWE. Исследование не выявило статистически значимых различий в восприимчивости к обратной связи в зависимости от возраста, пола или уровня владения языком, при этом размеры эффекта были незначительными во всех сравнениях.

Ключевые слова: восприимчивость к обратной связи, автоматизированная оценка письменных работ, английский как иностранный язык, механизмы обратной связи, развитие навыков письма

ЛАТЫН АМЕРИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖАЗУДЫ БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ҚАБЫЛДАУЫ ЖӘНЕ ПІКІРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУЫ

Аннотация

Зерттеу Латын Америкасындағы орта мектеп оқушыларының кері байланысқа бейімділігін, әсіресе ағылшын тілін шет тілі ретінде үйрену контекстінде зерттейді. Мақаланың мақсаты: Латын Америкасы орта мектеп оқушыларының ағылшын тілін шет тілі ретінде үйрену кезінде кері байланысқа бейімділігін зерттеу, соның ішінде олардың жазбаша жұмысты тексерудің автоматтандырылған құралдарына (AWE)қатынасын бағалау. Ол автоматтандырылған жазуды бағалау (AWE) құралдарын пайдалануға назар аудара отырып, оқушылардың кері байланысты қалай қабылдайтынын және жауап беретінін зерттейді. Зерттеу негізінен назардан тыс қалған халықты (Латын Америкасындағы орта мектеп оқушылары) және оқушылардың AWE құралдарын қабылдауын және олардың кері байланысты қабылдауын талдау арқылы әдебиеттегі олқылықтарды қарастырады. Зерттеу сауалнамалардағы сандық деректер мен үш ашық сауалнама сұрақтарының сапалық деректерін біріктіретін аралас әдісті қолданады. Негізгі қорытындылар студенттердің кері байланысты қабылдайтынын, бірақ онымен мінез-құлық жағынан белсенді түрде араласпайтынын көрсетеді. Олар AWE құралдарына оң көзқараспен және оларды қабылдайтынымен, оларды пайдалану сирек кездеседі. Студенттер, әдетте, автоматтандырылған құралдарға қарағанда мұғалімдердің жекелендірілген кері байланысын жақсы көреді, дегенмен AWE құралдарының тиімділігін арттыру және қабылдау мүмкіндігі бар. Зерттеу жасына, жынысына немесе тілді меңгеруіне негізделген кері байланысты қабылдауда статистикалық маңызды айырмашылықтарды таппады, барлық салыстыруларда әсер мөлшері аз.

Негізгі сөздер: кері байланысты қабылдау, жазуды автоматтандырылған бағалау, ағылшын тілі шет тілі ретінде, кері байланыс механизмдері, жазу дағдыларын дамыту

REFERENCRS

1 Dabboub A.E. The effectiveness of comprehensive corrective feedback-direct and indirect-on EFL learners' language accuracy, structural complexity and lexical diversity: Doctoral dissertation. - 2019. P. 17–37. [in English]

2 Bitchener J., Storch N. Written corrective feedback for L2 development. Buffalo: Multilingual Matters, - 2016. P. 25-28. [in English]

3 Ellis R. A Framework for Investigating Oral and Written Corrective Feedback // Stud Second Lang Acquis. - 2010. Т. 32, № 2. P. 335–349. [in English]

4 Carless D., Winstone N. Teacher feedback literacy and its interplay with student feedback literacy // Teaching in Higher Education. Routledge, - 2023. Т. 28, № 1. P. 150–163. [in English]

5 Chong S.W. Reconsidering student feedback literacy from an ecological perspective // Assess Eval High Educ. Routledge, - 2021. Т. 46, № 1. P. 92–104. [in English]

6 Winstone N.E. и др. Supporting Learners' Agentic Engagement with Feedback: A Systematic Review and a Taxonomy of Recipience Processes // Educational Psychologist. Routledge, - 2017. Т. 52, № 1. P. 17–37. [in English]

7 Lv X., Ren W., Xie Y. The Effects of Online Feedback on ESL/EFL Writing: A Meta-Analysis // Asia-Pacific Education Researcher. Springer, - 2021. Т. 30, № 6. P. 643–653. [in English]

8 Wahyuni S. The Effect of Different Feedback on Writing Quality of College Students with Different Cognitive Styles // Dinamika Ilmu. UINSI Samarinda, - 2017. P. 39–58. [in English]

9 Bitchener J., Young S., Cameron D. The effect of different types of corrective feedback on ESL student writing // J Second Lang Writ. - 2005. Т. 14, № 3. P. 191–205. [in English]

10 Zeevy-Solovey O. Comparing peer, ChatGPT, and teacher corrective feedback in EFL writing: Students' perceptions and preferences // Technology in Language Teaching & Learning. Castledown Publishers. - 2024. Т. 6, № 3. P. 1–23. [in English]

11 Roach S.J. Feedback in context: a case study of students' perceptions of the role, value, and use of instructor feedback in a college writing course: Doctoral dissertation thesis. Dekalb: Northern Illinois University. - 2023. №8. P. 17–30. [in English]

12 Van der Kleij F.M., Lipnevich A.A. Student perceptions of assessment feedback: a critical scoping review and call for research // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. Springer Science and Business Media B.V., - 2021. Т. 33, № 2. P. 345–373. [in English]

13 Kluger A.N., Denisi A. The Effects of Feedback Interventions on Performance: A Historical Review, a Meta-Analysis, and a Preliminary Feedback Intervention Theory // Psychological Bulletin. - 1996. Т. 9, № 2. P. 254–284. [in English]

14 Panadero E., Lipnevich A.A. A review of feedback models and typologies: Towards an integrative model of feedback elements // Educational Research Review. Elsevier Ltd, - 2022. Т. 35. P. 254–284. [in English]

15 Lipnevich A.A., Berg D.A.G., Smith J.K. Toward a model of students' response to feedback // Handbook of Human and Social Conditions in Assessment / под ред. Brown G.T.L., Harris L.R. New York: Routledge, - 2016. P. 196–185. [in English]

High school students' receptivity to feedback and perceptions of automated writing evaluation tools in Latin America

16 Carless D., Boud D. The development of student feedback literacy: enabling uptake of feedback // Assess Eval High Educ. Routledge, - 2018. T. 43, № 8. P. 1315–1325. [in English]

17 Lipnevich A.A., Lopera-Oquendo C. Receptivity to Instructional Feedback: A Validation Study in the Secondary School Context in Singapore // European Journal of Psychological Assessment. Hogrefe Publishing GmbH, - 2024. T. 40, № 1. P. 22–32. [in English]

18 Lipnevich A.A. и др. Development of a measure of receptivity to instructional feedback and examination of its links to personality // Pers Individ Dif. Elsevier Ltd, - 2021. T. 169 p. [in English]

19 Lipnevich A.A., Smith J.K. Student – Feedback Interaction Model: Revised // Studies in Educational Evaluation. Elsevier Ltd, - 2022. №75. 25 p. [in English]

20 Luca Bahr J. и др. Receptivity to Instructional Computer-Based Feedback (RIF): A Multistudy Validation of a German RIF Scale // European Journal of Psychological Assessment. Hogrefe Publishing GmbH, - 2024. №42, № 2. P.167-178. [in English]

21 Godwin-Jones R. Partnering with AI: Intelligent writing assistance and instructed language learning // Language Learning & Technology. - 2022. № 2. 26p. [in English]

22 Fu H., Liu X. EFL Learner Engagement in Automatic Written Evaluation // Front Psychol. Frontiers Media S.A. - 2022. 13 p. [in English]

23 Wang J., Ke X. Integrating Machine Translation Into EFL Writing Instruction: Process, Product and Perception // Journal of Language Teaching and Research. Academy Publication, 2022. T. 13, № 1. P. 125–137. [in English]

24 Shang H.F. Exploring online peer feedback and automated corrective feedback on EFL writing performance // Interactive Learning Environments. Routledge, - 2022. T. 30, № 1. P. 4–16. [in English]

25 Sisquiarco A., Sánchez Rojas S., Abad J.V. Influence of Strategies-Based Feedback in Students' Oral Performance // HOW. Asociacion Colombiana de Profesores de Ingles - ASOCOPI, - 2018. T. 25, № 1. P. 93–113. [in English]

26 Geng J., Razali A.B. Effectiveness of the Automated Writing Evaluation Program on Improving Undergraduates' Writing Performance // English Language Teaching. Canadian Center of Science and Education, - 2022. T. 15, № 7. 49 p. [in English]

27 Mayordomo R.M. и др. Perception of online feedback and its impact on cognitive and emotional engagement with feedback // Educ Inf Technol (Dordr). Springer. - 2022. T. 27, № 6. P. 7947–7971. [in English]

28 Lipnevich A.A., Lopera-Oquendo C. Receptivity to Instructional Feedback: Technical Manual. - 2023. № 4. P. 794–797. [in English]

29 Nguyen H., Xiong W., Litman D. Iterative Design and Classroom Evaluation of Automated Formative Feedback for Improving Peer Feedback Localization // Int J Artif Intell Educ. Springer New York LLC, - 2017. T. 27, № 3. P. 582–622. [in English]

30 Creswell J. W., Plano Clark V. L. Designing and Conducting Mixed Methods Research. 3rd ed. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications. - 2017. 496 p. [in English]

31 Braun V., Clarke V. Using thematic analysis in psychology // Qualitative Research in Psychology. - 2006. Vol. 3, no. 2. P. 77–101. [in English]

32 Corbin J., Strauss A. Basics of Qualitative Research: Techniques and Procedures for Developing Grounded Theory. 4th ed. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications. - 2014. - 456 p. [in English]

33 McDonald N., Schoenebeck S., Forte A. Reliability and Inter-rater Reliability in Qualitative Research // Proceedings of the ACM on Human-Computer Interaction. - 2019. Vol. 3, no. CSCW. P. 1–20. [in English]

Information about authors:

Laura Elisa Burgos Mora - **corresponding autho**r, PhD, University of Guadalajara, Guadalajara, Jalisco, 45130, Mexico

E-mail: laura.burgos@academicos.udg.mx

ORCID: https://orcid.org: 0000-0002-5915-5977

Luis Gerardo Valle Cervantes - PhD, University of Guadalajara, Guadalajara, Jalisco, 45130, Mexico

E-mail: gerardo.valle@academico.udg.mx

ORCID: https://orcid.org:0000-0001-6642-4381

Sue Alicia Muñoz- M.Ed., University of Guadalajara, Guadalajara, Jalisco, 45130, Mexico

E-mail: sue.munoz8383@academicos.udg.mx

ORCID: https://orcid.org:0009-0004-5905-2558

Информация об авторах:

Лаура Элиза Бургос Мора - **основной автор**, PhD, Университет Гвадалахары, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика

E-mail: laura.burgos@academicos.udg.mx

ORCID: https://orcid.org: 0000-0002-5 915-5977

Луис Жерардо Валле Сервантес - PhD, Университет Гвадалахары, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика

E-mail: gerardo.valle@academico.udg.mx

ORCID: https://orcid.org:0000-0001-6642-4381
Сью Алисия Муньоз - М.Э.д., Университет Гвадалахары, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика
E-mail: sue.munoz8383@academicos.udg.mx
ORCID: https://orcid.org:0009-0004-5905-2558

Авторлар туралы ақпарат:
Лаура Элиза Бургос Мора - **негізгі автор,** PhD, Гвадалахара университеті, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика
E-mail: laura.burgos@academicos.udg.mx
ORCID: https://orcid.org: 0000-0002-5915-5977
Луис Жерардо Валле Сервантес - PhD, Гвадалахара университеті, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика
E-mail: gerardo.valle@academico.udg.mx
ORCID: https://orcid.org:0000-0001-6642-4381
Сью Алисия Муньоз - М.Э.д., Гвадалахара университеті, Гвадалахара, Халиско, 45130, Мексика
E-mail: sue.munoz8383@academicos.udg.mx
ORCID: https://orcid.org:0009-0004-5905-2558

ҒТАМР 14.25.07 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.11**
ӘОЖ 37.022

Т.О.Орынбасар[1]*, А.Б.Амирбекова[2]

[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
120014,Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы
[2]А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
050010, Алматы қ. Қазақстан Республикасы
e-mail: t_orynbasar@mail.ru

КӨРКЕМ МӘТІНДІ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада көркем мәтінді стилистикалық талдауда жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің басты мақсаты – Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі мысалында оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау деңгейін арттыру және олардың кейіпкер сезімін түсіну қабілетін, яғни эмпатиясын дамыту. Жұмыстың өзектілігі қазіргі цифрлық заманда көркем мәтінді стилистикалық талдау арқылы оқушының қызығушылығына сай жаңаша форматта ұсыну қажеттілігінен туындап отыр. Көркем мәтінді жай ғана мазмұндап бермей, оны тілдік және мағыналық тұрғыдан терең зерделеуге назар аударылды. Зерттеу барысында Қызылорда қаласындағы орта мектептің 10-сынып оқушыларының (барлығы 60 бала) қатысуымен арнайы эксперимент жүргізілді. Эксперименттік жұмыс барысындағы сабақтарда оқушыларға WhatsApp желісінде кейіпкерлер атынан хат жазысу, жасанды интеллект көмегімен сюжеттік комикстер құрастыру және бейнелерді дыбыстау сияқты тапсырмалар берілді. Бұл әдістемелер цифрлық форматтардың көмегімен көркем шығарманы стилистикалық талдауға, оның мәнін тереңірек ұғынуға жағдай жасады. Зерттеу нәтижелері IBM SPSS Statistics бағдарламасында Вилкоксон тесті арқылы өңделді. Статистикалық талдау нәтижесі көрсеткендей, ұсынылған әдістеме оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау, түсіну және оған өзіндік баға беру дағдыларын өте жоғары деңгейде ($p < 0,001$) жақсартқан. Жұмыстың қорытындысы ретінде көркем мәтінді стилистикалық талдауда цифрлық технологияны қолданудың оқушы тұлғасын дамытудағы маңызы дәлелденді.

Негізгі сөздер: көркем мәтін, стилистикалық талдау, цифрлық технологиялар, оқушы эмпатиясы, SPSS талдауы.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, оларды ақпаратты тек қабылдаушы емес, сол ақпаратты сыни тұрғыдан өңдей алатын шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру. Көркем шығарманы түсініп оқуға бейімдеу әрі дағдыландыру қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қатар жүргізілуі арқылы жүзеге асқанда едәуір оңтайлы нәтиже болады. Сондықтан қазақ тілі сабағында көркем мәтінді стилистикалық талдау тәжірибесін жаңа әдістер арқылы жетілдіру нәтижесінде оқушының ақиқат дүниені тану, сыни ойлау, өз ойын мазмұнды жеткізу қабілеттеріне қол жеткізе аламыз. Осы тұрғыдан, көркем мәтінге стилистикалық талдау шығарманың тақырыбын, идеясын, жазушы қолданған көркемдік-бейнелеу құралдарын танып қоюмен шектелмейді. Жазушының аялық білімін, ол өмір сүрген заманның тарихын тану, жазушы танымындағы идиоэтникалық, саяси, рухани, мәдени, заманауи құндылықтарды оқушы анықтай алатындай талдау түрлері ұсынылу қажет. Сондықтан көркем мәтінге стилистикалық талдау когнитивтік (танымдық) бағытта құрастырылғаны дұрыс. Біз ұсынатын көркем мәтіннің когнитивті-стилистикалық талдау үлгісі мынадай:

1. Тілдік стилометрия. Стилометрия (стильөлшем) – қаламгердің шығармасындағы жиі қолданылатын сөздерді айқындайтын жазушының синтаксистік стилі, яғни құрмалас, аралас сөйлемдермен жаза ма, әлде қысқа жай сөйлемдермен жаза ма деген ерекшеліктерді анықтайтын, көркем мәтіндегі окказионал қолданыстарды танытатын, көркемдік-бейнелеу құралдарын көрсететін дәстүрлі лингвостилистикалық талдау. Бұл талдау түрі арқылы оқушы көркем шығарманың оқуға жеңіл не ауыр екенін байқайды, өзіне түсініксіз сөздердің көп немесе мәтін толық түсінікті болғанына баға береді, тілдік қоры кеңейеді.

2. Танымдық стилометрия. Автордың ойлау стратегиясы мен оқушының көркем мәтіннен түйген ойының сәйкестігі немесе сәйкес келмеуін, көркем мәтіннен танылған күрделі ұғымдарды (концептілерді) тани білуі, ақиқат дүниені танытуда қолданған автордың фреймдік, гештальттық, эмоционалдық, концептуалдық, пәлсапалық, т.б. түсініктерін ұғына білу. Бұл талдау нәтижесінде оқушы шығарманың идеялық тақырыбын өзі түсінуге үйренеді, шығармадағы мәні бар оқиғаларды өмірлік тәжірибе ретінде адами құндылыққа айналдырады, оқушының аялық білімі кеңейеді.

3. Функционалды (жұмсалым) стилометрия. Оқушының көркем мәтіннен қабылдаған тілдік және танымдық білімдерінің өмірлік тәжірибесінде жұмсалуы деңгейін арттыруға бағытталады. Блендинг жүйесі бойынша, оқушы шығармада қолданылған көркемдік құралдарды күнделікті сөйленісінде еркін жұмсауға бейімделуі, шығарма оқиғаларын өз тәжірибесінде мысалға келтіре білуі, көркем мәтінде қолданылған метафоралардың үлгісімен өз ойтанымын бейнелі жеткізуге бағытталуы, жазушының нақыл сөздерін жаттап, өзінің тілдік қолданысында жұмсай білу дағдысы қалыптасады. Блендинг – бұл екі дүниенің тоғысуынан қалыптасқан ойдың жемісі. Ағылшын тілінде блендинг концептуалды метафоралардың жасалу тәжірибесінде жиі кездеседі. Ал көркем мәтін стилистикасын талдау тәжірибесінде көркем шығармадағы құндылықтардың шынайы ақиқат дүниеде тіріленуі, қайта жүзеге асуы, жалғасуы болып саналады. Қысқаша талдау үлгісімен түсіндірейік. Мәселен, тілдік стилометрия бойынша оқушыға түсініксіз сөздерді табуды тапсырса да болады. Бұл – ең қарапайым тапсырма түрі. Оқушы Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіндегі «қан тамырында жүрген елес», «жалаңаш төбе», «күмістенген өзен», т.б. тіркестеріне түсінбеді делік. Осы бейнелі қолданыстарды түсіндіруде танымдық стилометрия тәсілдері қолданылады. *«Қан тамырында жүрген елес»* фразасын түсіндіру үшін анатомиялық, психологиялық білімдер қатынасады. Яғни қантамыр адамның жүйке жүйесімен сырттан қабылданған ақпараттарын миға, жүрекке тасымалдаушы дәнекер екенін, елес сол қантамырмен келген (сезім мүшелері арқылы танылған: көзбен көрген, денемен сезген (тактильді)) ақпараттардың мида қайта жаңғыруы деп түсіндіру – жаңа лингвостилистикалық талдау үлгісі. *«Жалаңаш төбе»* - ұлттық таным. Түркі мәдениетінде жазық, тақыр, шөлейтті дала - жалаңаш дене ретінде ассоциацияланады. *«Күмістенген өзен»* - еуропалық түсінік, «серебряная» қолданысы еуропа мәдениетінде мөлдір, мінсіз таза ұғымымен стереотиптеледі. Ш.Айтматов мөлдір таза өзенді еуропалық стереотиппен бейнелегенін түсіндіруге болады. Енді функционалдық стилометрияға мысал келтірсек: *«Оқудан тараған жазғы мезгілде, біз, бір топ бала, балапан ұстаймыз деп осы жерге келетінбіз».* Ш.Айтматов дәуіріндегі балалардың қарым-қатынасы мен қазіргі оқушылардың қарым-қатынасын елестетуге қатысты сұрақтар мен тапсырмалар қоюға болады. «*Жиналыстың аяғында пионерлер оның мойнына қызыл галстук байлап, гүл беріп, жаңа мектептің құрмет кітабына оның атын бірінші етіп жазды».* Осы сөйлемдегі біртұтас коммунизм дәуірінің тарихын түсіндіруге тура келеді. Себебі бұл сөйлемдегі қызыл галстук, құрмет кітабы не үшін екенін, оның қандай мәні бар екенін, яғни пионерлер қызыл галстукке ие болу үшін оқуда үлгірімді әрі тәрбиелі болуы қағидаларымен өлшенетінін, сол үшін талпынатынын, бұл оқушылардың өмірлік дағдысына айналатынын түсіндіру, сондай идеологиялық кезең болғанын айту арқылы бойына тарихи стереотиптерді сіңіруге болады.

Зерттеудің өзектілігі – тіл мен әдебиетті пәнаралық байланыс есебінде көркем мәтінді стилистикалық талдау мен оны цифрлық технологияларды қолдана отырып үйрету. Стилистикалық талдауды технологиялармен ұштастырудың теориялық негіздері Стоквелл мен Жакса еңбектеріндегі «Мәтін әлемі теориясы» аясында кеңінен зерделенген. Бұл модель оқушының мәтін оқу кезінде өз санасында оқиға кеңістігін қалай тұрғызатынын ғылыми сипаттауға мүмкіндік береді. Бұған дейінгі айтылған тілдік, танымдық және функционалды стилометриялар осы ұғымға саяды, себебі шетелдік зерттеушілер ұсынған «Мәтін әлемі теориясы» арқылы оқушының көркем мәтінді оқуда алдымен көркемдік-бейнелеу құралдарын қабылдауы, одан кейін автордың сөзқолданысын зерттеу арқылы оны өз ой елегінен өткізіп түсінуі, ал соңғы сатыда ол сөзді өмірде қолдана алуымен

байланыстыра аламыз. Біз зерттеуімізде аталған шетелдік когнитивтік моделді негізге ала отырып, оны отандық әдістемелік тұрғыдан тереңдету мақсатында тілдік, танымдық және функционалды стилометрия сатыларынан тұратын авторлық талдау жүйесімен сабақтастырдық. Егер «Мәтін әлемі теориясы» оқушы санасындағы ақпаратты өңдеудің жалпы психолингвистикалық механизмін түсіндірсе, біз ұсынған үш сатылы стилометриялық модель – сол әлемді қазақ тілінің бай стилистикалық мүмкіндіктері арқылы құрудың, игерудің және өмірлік тәжірибеге енгізудің (блендинг) нақты әдістемелік жолы болып табылады. Бұл екі теориялық бағыттың тоғысуы көркем мәтінмен жұмыс істеудің мынадай біртұтас жүйесін құрайды: тілдік стилометрия сатысында оқушы мәтін әлемін құруға қажетті бастапқы тілдік материалдар, яғни көркемдік-бейнелеу құралдарын қабылдайды. Екінші танымдық стилометрия кезеңінде оқушы автордың ойлау жүйесімен үндесе отырып, сол тілдік таңбалар арқылы өз санасында мағыналық концептілер мен фреймдерді тұрғызады. Ал функционалды стилометрия (блендинг жүйесі) сатысында санада құрылған «мәтін әлемі» мен «шынайы әлем» тоғысып, оқушы қабылдаған рухани-эстетикалық құндылықтарды өз тілдік қолданысы мен өмірлік дағдысына айналдырады. Осылайша, шетелдік зерттеушілер ұсынған когнитивтік концепция біздің ұлттық танымға негізделген стилометриялық талдау үлгімізбен ұштаса отырып, оқушыны жай ғана оқырман деңгейінен шығармашыл, зерттеуші-талдаушы тұлға деңгейіне көтереді [1].

Бүгінгі таңда зерттеу барысындағы ғылыми ұстанымымызға сәйкес, тіл білімі мен әдебиеттанудың пәнаралық байланысы, тоғысуы басты бағдарлардың біріне айналды. «Көркем әдебиеттің тілін лингвист те, әдебиетші де зерттей алады. Туындының тілдік сипатын зерттеуде әдебиетші мақсаты бөлектеу, ол шығарманың тілдік ерекшеліктерін оның мағынасымен байланыстыра қарастыруға саяды... Көркем сөздің стилистикасын талдау үшін мәтін стилистикасының заңдылықтарын игеру шарт», - дейді ғалым Т.О.Есембеков. Ғалымның бұл пайымдауы лингвистикалық және әдеби талдаудың тек аражігін ашып қана қоймай, олардың біртұтас үдеріс екенін көрсетеді. Егер тілдік талдау мәтіннің құрылымдық қаңқасын түсінуге септігін тигізсе, әдеби талдау сол тілдік бірліктер арқылы шығарманың көркемдік-идеялық қабаттарына жол ашады. Бұл тұрғыда Р.Сыздықова мен Б.Шалабайдың: «Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп оқудың жоғары мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдауға, оқырманды суреткермен бірге толғантып, көркем образды бірге сомдауға баулиды», - деген тұжырымы зерттеуіміздің әдістемелік өзегі болып табылады. «Көркем әдебиет стилінің негізгі нысаны – көркем әдебиет, оның тілі, стилі», - деп қуаттайды А.Жапбаров. Көркем тіл арқылы шығарманың тұтас болмысы ғана емес, оның оқырман санасындағы ассоциативтік бейнесі де айқындалады. Бұл тұрғыда Ж.Т.Қадыров пен Т.О.Есембековтің мынадай тұжырымы көркем мәтін табиғатын дәп басады: «Көркем мәтіндегі образдар қатары көрнекі және сезімдік образдармен шектелмейді, олар адам, уақыт, кеңістік, өлім, өмір атты тақырыптармен тығыз байланыста. Әдеби туындының образдық құрылымы болмысты бейнелеуге ғана емес, мәтіндегі өзіне сәйкес мынандай құрылымдарды көрсетуге де бағытталған: а) образдарға сәйкес оқиғалар мен деректер көптігін, ә) бір образды жаңғырта қайталау арқылы теңеу, метафора, эпитетке айналдыру...». Демек, көркем мәтінді талдау – бұл жай ғана тілдік деңгейлерді тексеру емес, оқырманды автордың шығармашылық әлеміне ендіретін терең танымдық талпыныс. Жалпы бұл екі саланың зерттеу нысаны – сөз, ал біздің бағытымызда көркем мәтіннің тілін лингвистиканың нысаны ретінде зерттеу және осы көркемдік-бейнелеу құралдарын оқушының тілдік, аялық білімін қалыптастыруда жол көрсету.

Дегенмен, бұған дейінгі зерттеулерде стилистикалық талдау көбіне тілдік бірліктерді жай ғана тізбектеу деңгейінен аса алмай келді. Мұндай жағдайда оқушылар мәтіннен метафора, теңеу немесе эпитеттерді тауып, оларды тек сұрыптаумен шектеледі де, көркем сөздің оқырманның ішкі сезіміне әсері мен баланың шығарма ішіне терең бойлауы және оны өмірде қолдана білуі ескерусіз қалады. Нәтижесінде, оқушының «мәтін әлеміне ену» үдерісі мен оның шығарманы сезінуіне тиісті деңгейде назар аударылмағаны байқалады. Сондай-ақ, қазақ прозасын түрлі нұсқада меңгерту жолдары арқылы оқытудың нақты

нәтижесін статистикалық тұрғыдан негіздеген ғылыми жұмыстардың жеткіліксіздігі осы саланы тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Осы орайда зерттеудің мақсаты – Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі мысалында көркем мәтінді стилистикалық талдау мен оны цифрлық технологияларды қолдана отырып үйретудің тиімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу және әдістемелік моделін ұсыну. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеу барысында оқушыларға мәтінді цифрлық форматта модельдеу тапсырмалары ұсынылып, олардың шығарманы сезінуі мен сыни ойлауындағы өзгерістер нақты эмпирикалық мәліметтер негізінде бағаланды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің практикалық базасы ретінде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты орта мектептің 10-сынып оқушылары таңдалып, экспериментке барлығы 60 оқушы (n=60) қатысты. Зерттеу нысаны ретінде Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі алынды. Эксперименттік оқыту барысында оқушылардың көркем мәтінді стилистикалық талдау дағдылары мен эмпатия деңгейін өлшеу үшін тіл мен әдебиетті пәнаралық байланыс есебінде оқыту және цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген әдістемелік модель қолданылды.

Зерттеу жұмысы үш кезең бойынша жүзеге асырылды:

І кезең: Теориялық-әдістемелік модельдеу.

Зерттеудің бірінші кезеңінде әдебиет пен тілді ұштастыра оқытудың отандық және әлемдік тәжірибесі мен теориялық базасы зерделенді. Көркем мәтінді стилистикалық талдау барысында отандық Қ.Жұбанов, М.Әуезов, М.Балақаев, С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, беріде Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Шалабай, Т.О.Есембековтің зерттеулері пайдаланылды. Осының негізінде көркем мәтінді стилистикалық талдауда оқытудың әдістемелік жүйесін жасақтау үшін стилистика мен педагогика салаларындағы іргелі еңбектер басшылыққа алынды. Бұл кезеңдегі басты міндет – көркем мәтінді жай ғана оқу материалы емес, оқушы санасында сол мәтіннің көркемдік-бейнелеу құралдарын игеру арқылы күрделі танымдық процестерді қозғаушы нысан ретінде модельдеу болды. Мұндай тәсіл оқушының шығарма мазмұнын біліп қана қоймай, ондағы көркемдік-бейнелеу құралдарын еркін меңгеруіне, шығармаға қатысты сыни ойлау дағдысын қалыптастыруына және алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді қолдана алуына мүмкіндік береді.

Теориялық негіз ретінде жоғарыда келтірілген көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдауда тілдік, танымдық және функционалды стилометриялар басты негіз ретінде алынды. Бұл – тіл мен әдебиетті бір арнада тоғыстырудың таптырмас құралы болып табылады, себебі осы үш бірлік арқылы көркем мәтіндегі көркемдік-бейнелеу құралдарын оқушы алдымен автордың қалай, қанша рет қолданғанын саралайды. Осыдан кейін оқушы сол сөздің мағынасын өз әлемінде құрайды, бұл танымдық стилометрияны біз шетелдік зерттеушілердің ұсынған «Мәтін әлемі теориясымен» сабақтастырдық. Бұл модель оқушының мәтін оқу кезінде өз санасында «мәтіндік әдемдерді» қалай тұрғызатынын ғылыми тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Біз ұсынған танымдық стилометрия оқушының көркем мәтіннен қабылдаған, түйген ойының құндылыққа айналуын осы идеямен ұштастыра алады.

Қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық байланыс, әсіресе қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін бір арнада тоғыстыру – өте тиімді тәсіл. Көркем мәтінді осылайша біріктіріп оқыту арқылы оқушы туындымен танысып қана қоймай, автор тілінің ерекшелігін ұғу арқылы стилистиканы да терең меңгере алады. Стилистиканы оқытудың педагогикалық маңызы пен оқушының көркем мәтінді қабылдау ерекшеліктері заманауи когнитивтік поэтика концепцияларымен толық негізделді [2-4].

Зерттеу аясында оқушылардың көркемдік-бейнелеу құралдары мен троптарды жай ғана танып қоймай, олардың мәтін ішіндегі атқарып тұрған нақты міндетін қаншалықты сезінетініне талдау жасалды. Бұл ретте тілдік бірліктердің оқырман санасына қалай әсер етіп, оны шығарма әлеміне баурап алу ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Сонымен қатар, танымдық грамматика тұрғысынан қарағанда, кез келген грамматикалық форманың оқырман назарын автор қалаған маңызды тұстарға бұратын басты құрал екендігі негізге

алынды. Зерттеуші К.Харрисон атап өткендей, грамматикалық форма – бұл автордың оқырман назарын басқаруына мүмкіндік беретін шеберлік құралы. Мәселен, автор етістіктің белгілі бір шағын немесе райын қолдану арқылы оқырманды оқиғаның бел ортасына кіргізе алады немесе, керісінше, оны сырттай бақылаушы ретінде қашықтата алады. Осы тұрғыдан алғанда, біз мысалға алған Шыңғыс Айтматовтың бай прозасын талдауда танымдық грамматиканың рөлі өте зор болды деуге болады. Оқушы мәтінді оқу барысында грамматикалық бірліктердің көмегімен өз санасында біртұтас «мәтіндік әлем» тұрғызады. Автордың шеберлікпен таңдап алған әрбір тіркесі оқырманға сол әлемнің бағыт-бағдарын анықтайтын танымдық бағдарын айқындап береді.

Көркемдік-бейнелеу құралдарын талдау барысында метафора мен метонимияның атқаратын қызметіне ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, Ш.Айтматов шығармаларындағы кеңістіктік бейнелерді (түн, жол, аспан) жай ғана оқиға өткен орын емес, кейіпкердің жан дүниесін ашатын «астарлы бейнелер» (жасырын метонимиялар) ретінде зерделеудің әдістемелік негізі жасалды. Осы арқылы автордың табиғат көріністері мен адам жанының арпалысын қалайша шебер үндестіргенін аңғаруға болады.

Зерттеудің тарихи-әдістемелік маңызын арттыру мақсатында 1960-1970 жылдардағы тоталитарлық кезеңдегі қазақ әдебиеті мен ондағы ұлттық мәселелердің көтерілуі зерделенді. Осы тұрғыда Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» шығармасын оқыту барысында сол дәуірдің тарихи шындығы мен ұлттық құндылықтар мәселесіне баса назар аударылды. Кейіпкерлер тағдыры арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік жағдай, әйел теңсіздігі мен қоғамдағы надандық, кейбір адамдыққа қарама-қарсы әрекеттер сияқты көркемдік көріністер жан-жақты талданды. Бұл тәсіл оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім мен ұлттық бірегейлікті, рухты қалыптастырудың іргетасын қалады деуге толық негіз бар.

Көркем туындыны оқу барысында мектеп оқушыларының автор қолданған тілдік құралдарды сезінуі мен оларды қабылдау деңгейіне зерттеу жасалды. Осы ізденістердің нәтижесінде эксперименттің әдістемелік қаңқасы жасалып, оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен эмпатиясын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар жүйесі жоспарланды. Осылайша, бірінші кезеңде зерттеудің теориялық-педагогикалық негізі толықтай әзірленді [5].

ІІ кезең: Технологиялық интеграция және тәжірибені іске асыру

Зерттеудің екінші кезеңінде Ш.Айтматовтың біз мысалға алған «Алғашқы ұстаз» повесіндегі көркем үзінділерді визуалды және цифрлық форматтар арқылы оқытудың теориялық-практикалық моделі әзірленді. Мұндағы басты бағдар ретінде прозаның мультимодальді стилистикасы концепциясы алынды. Бұл теория бойынша көркем шығарма тек сөздерден ғана тұрмайды, ол – суреттер мен материалдық элементтердің жиынтығы. Осыған сүйене отырып, оқушыларға Ш.Айтматов мәтінін жай оқып қоймай, шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында оны көрнекі бейнеге (комикс, видео) айналдыру тапсырмалары дайындалды. Бұл тәсілдер көркем сөз бен визуалды бейненің үндесуі арқылы оқушының танымдық және функционалдық қабілетін арттырады. Біз ұсынған көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдаудағы үшінші функционалды стилометрия осы тапсырмалармен үндеседі.

Зерттеудің жаңашыл бағыты ретінде цифрлық оқиға құрастыру әдістемесі таңдалды. Мұнда оқушы мәтінді талдау барысында алған тілдік және танымдық білімдерін цифрлық ортада қайта жаңғыртып, өмірлік тәжірибесімен ұштастырады. Дәлірек айтқанда, оқушы Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесіндегі көркем әлемді қазіргі цифрлық мүмкіндіктермен тоғыстыра отырып, жазушының нақыл сөздері мен бейнелі тіркестерін өз сөйленісіне еркін енгізеді. Цифрлық оқиға құрастыру – жай ғана техникалық жұмыс емес, ол көркем шығармадағы құндылықтардың оқушының жеке танымында тірілуі мен қайта жүзеге асуына жол ашатын жаңа әдістемелік платформа. Оқушы автордың ойлау жүйесін үлгі ретінде ала отырып, өз ойын бейнелі жеткізуге дағдыланады, нәтижесінде шығармадағы тарихи және рухани стереотиптер оның күнделікті тілдік қолданысына айналады. Бұндай тәсілдер оқушыны ақпаратты тек жай ғана қабылдаушы емес, сол ақпаратты өз өмірінде жұмсай алатын, сыни тұрғыдан өңдейтін жаңа мазмұн жасаушы

деңгейіне көтереді. Оқушының осындай тілдік, танымдық, функционалдық қабілеттерін дамытуда көркем мәтінді тек оқып қоймай, визуалды және цифрлық технологиялар арқылы оқытудың түрлі әдістері қолданылды. Осы орайда, YouTube платформасындағы «Booktuber» тәжірибесі мен фильм үзінділерін дыбыстауға негізделген «Тіл біткен бейнелер» әдісі қолданылды. Яғни зерттеуші Пардоның тәжірибесін үлгіге ала отырып, біз өзіміздің дыбыстау әдісімізді қолдандық. Сонымен қатар, бейнелі тілді меңгертуде бейнелеу өнерінің мүмкіндіктерін пайдаланудың маңыздылығы ескеріле келіп, сабақ жоспарындағы «Сюжеттік комикс» тапсырмасы ұсынылды. Мұнда оқушылар көркемдік-бейнелеу құралдарын көркем суретке айналдыра білді. Сурет салу мен көрнекілік элементтері арқылы астарлы мағыналарды түсіндіру оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға жол ашты.

Оқушылардың эмпатиялық санасы мен сыни ойлауын ұштастыру мақсатында шығармашылық «Кейіпкерлер желіде» (WhatsApp чаты) тапсырмасы қолданылды. Бұл тапсырма арқылы оқушылар кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін заманауи үлгіде қайта жаңғыртып, диалогтар арқылы олардың психологиялық портреттерін ашуға мүмкіндік алды. Қорыта айтқанда, тәжірибе барысындағы «Сюжеттік комикс», «Кейіпкерлер желіде» және «Тіл біткен бейнелер» сияқты зерттеудің екінші кезеңінде жүзеге асырылған мультимодальды тәсілдер көркем мәтінді стилистикалық талдаудың дәстүрлі шеңберінен шығып, оны цифрлық және визуалды технологиялармен сабақтастырудың жоғары тиімділігін көрсетті. Ең бастысы, функционалды стилометрия аясында жүзеге асқан бұл тапсырмалар көркем шығармадағы рухани құндылықтар мен стилистикалық нормалардың оқушының күнделікті тілдік қолданысы мен өмірлік тәжірибесіне енуіне негіз болды [6].

ІІІ кезең: Эмпирикалық бағалау және стилистикалық талдау

Қорытынды кезең эксперимент нәтижелерін эмпирикалық бағалауға және алынған мәліметтерді ғылыми тұрғыдан қорытындылауға бағытталды. Оқушылардың Ш.Айтматов прозасын оқу барысындағы танымдық белсенділігі, атап айтқанда, мәтін әлемін қабылдау деңгейі мен көркемдік-бейнелеу құралдарын игеру қабілеті арнайы өлшемдермен зерделенді.

Деректерді талдау IBM SPSS Statistics бағдарламасының 29.0.2.0 (20) нұсқасы арқылы жүргізілді. Пре-тест және пост-тест нәтижелері арасындағы айырмашылықты анықтау үшін параметрлік емес Вилкоксонның белгілі рангтер критерийі (Wilcoxon Signed-Rank Test) қолданылды. Бұл статистикалық әдіс оқушылардың (n=60) көркем мәтінді когнитивтік деңгейде қабылдау, кейіпкердің ішкі күйін түсіну және оларды сомдау, көркемдік-бейнелеу құралдарын дәл анықтауға мүмкіндік берді.

Сапалық талдауда тақырыптық талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс арқылы оқушылардың жауаптарындағы негізгі тақырыптар – ұлттық кодты тану, тарихи шындықтың маңызын ұғыну жолдары айқындалды. Тақырыптық талдау барысында оқушылардың тоталитарлық кезеңдегі ұлттық мәселелер мен идеологиялық қысымға қарамастан сақталған құндылықтарға берген бағалары, шығармадағы басты кейіпкерлердің құндылықтары сараланып жүйеленді.

Зерттеу барысында көркем мәтінді стилистикалық талдаудың рөлі айқындалды. Бұл тәсіл оқушы санасында кейіпкер бейнесінің қалай қалыптасатынын және тілдік бірліктердің оқырман назарын қалай басқаратынын түсінуге мүмкіндік береді. Оқушыны шығарманың ішкі иірімдеріне бойлату арқылы оның жан дүниесін байыту және ұлттық бірегейлігін шыңдау – бүгінгі күннің ең тиімді оқыту жүйесі екені дәлелденді [7].

Осылайша, ұсынылған үш кезеңнен тұратын кешенді әдістеме көркем мәтінді стилистикалық талдаудың теориялық негіздерін жасаудан бастап, оны цифрлық ортада ақпаратты берудің заманауи нысандары арқылы іске асыруға және нәтижелерін нақты статистикалық деректермен дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйелі тәсіл оқушылардың стилистикалық таным-түсінігін тереңдетіп қана қоймай, олардың рухани-ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми негізделген жолын көрсетеді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу жұмысының басында оқушылардың көркем мәтінді қабылдау деңгейін анықтау және прозадағы стилистикалық құралдарды тануын білу мақсатында Шыңғыс Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесі бойынша пре-тест алынды. Алдын-ала алынған пре-тест 35 сұрақтан тұрды және тілдің ең бай стилистикалық көркемдік-бейнелеу құралдары – метафора, метонимия, теңеу, эпитет, авторлық тіркестердің мәтін ішіндегі қызметін анықтауды қамтыды.

Пре-тест нәтижелерін талдау барысында оқушылар көркемдік-бейнелеу құралдарының негізгі терминдері мен анықтамаларын білгенімен, оларға мәтін ішіндегі астарлы мәнін түсіну мен талдау, кейіпкер психологиясын ашу қиындық тудырғанын байқай аламыз. Дәстүрлі қазақ әдебиеті пәнінде шығарма мазмұны жиі талданатындықтан, көркем әдебиеттің тілі, стилі тысқары қалып жатты. Ұсынылған тапсырмалар оқушыларға шығарманың тек мазмұнын емес, стилдік ерекшелігін түсінуге, сөздік қорын байытуға, кейіпкер образы мен психологиясын жасауда автордың тілін талдауға жол ашады. Осы мақсатта пәнаралық байланыс есебінде құрылған сабақ мазмұны 5 негізгі саты бойынша жүзеге асырылды:

1-апта: Теориялық-танымдық кезең

2-апта: Көркемдік бейнелеу және визуалды қабылдау

3-апта: Желілік қарым-қатынас және тілдік тұлға

4-апта: Кейіпкермен үндесу және бейнені дыбыстау

5-апта: Шығармашылық рефлексия және қорытындылау.

Алғашқы аптаның теориялық-танымдық кезеңінде оқушыларға Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін оқу тапсырылды. Бұл кезеңдегі басты мақсат – тілдік стилометрия тұрғысынан талдауға бағыттау болғандықтан, балаларға тек құрғақ оқу мен мәтін мазмұнын білу емес, автордың сөзқолданыс ерекшеліктеріне, атап айтқанда, синтаксистік стилі мен көркемдік-бейнелеу құралдарына назар аудару міндеттелді. Оқушылар мәтін ішінен өздеріне түсініксіз немесе ерекше әсер қалдырған «қан тамырында жүрген елес», «жалаңаш төбе», «күмістенген өзен», «бүркіт қабақ», «қара табан кедей» сияқты бейнелі тіркестерді іріктеп алды, яғни тілдік материалдарға осы кезеңде назар аударылды. Балалардың жауаптарын талдау барысында оқушылардың басым бөлігі: «Жазушының сөйлемдері қысқа әрі түсінікті, сол себепті шығарманы оқу жеңіл болды», - деген пікір білдіріп, автордың жалпы құрмалас және жай сөйлемдерді қолдану машығына оң бағасын берді. Дегенмен, кейбір көркемдік құралдар бойынша: «Мәтіндегі «күзетте тұрған жүрегім», «түн көрпесін қымтап», «пұшайман» деген сияқты сөздердің мағынасын түсіну үшін қосымша іздену керек болды», - деген жауаптар да берілді. Бұл оқушылардың проза тілінің мазмұнын толық ұққанымен, оның астарлы стилистикалық қабаттарын тануда әлі де мұғалім тарапынан бағыт-бағдардың қажет екенін көрсетті. Осылайша, бірінші аптада оқушылар шығарманың мазмұнын меңгеріп, келесі танымдық және функционалдық талдауларға алғашқы теориялық базаны қалыптастырды.

Екінші аптада оқушылар шығарма желісі бойынша алғашқы практикалық тапсырмаларды орындауға көшті. Бұл кезеңде «Сюжеттік комикс» әдісі қолданылды. Тәжірибе барысында оқушылардың шығарма мазмұнын меңгеру деңгейін тексеру үшін сыныпты 4 топқа бөліп, оқиға желісін қамтитын 4 түрлі тірек сөйлем берілді. Оқушыларға «цифрлық режиссер» ретінде жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен сурет жасатып, оның төменгі бөлігіне көркемдегіш құралдарды (эпитет, теңеу, метафора) қолданып мәтін жазу тапсырылды. 1-топқа «Мектептің ашылуы» тірек сөзі берілді. Оқушылар осы тірек сөзбен ЖИ-ге сұраныс жіберу арқылы ескі қораның бейнесін жасап шықты. Олар берілген тірек сөйлемді стилистикалық тұрғыдан түрлендіріп: *«Ауыл балалары үркек торғайдай біртіндеп жинала бастады»* және *«Сол сәттен бастап бұл жер қарапайым қора емес, білім ұясына айналды»* деген сөйлемдер құрастырды. Мұнда оқушылардың «үркек торғайдай», «білім ұясы» сияқты теңеу мен метафораны қолданғандықтары арқылы сол кездегі балалардың ішкі қорқынышы мен жаңалыққа деген ұмтылысын дәл бере алғанын байқауымызға болады. 2-топқа «Өзеннен өту» деген тірек сөз берілді. Бұл топ Дүйсеннің Алтынайды іздеп баруы сәтін бейнеледі. Олар суреттегі суық боран мен қақаған аязды сипаттау үшін: *«Жел*

оның жүзін қақса да, жігерін сындыра алмады» деген кейіптеу мен *«Бірақ ұстаздың жүрегі тас емес, шексіз мейірім болатын»* деген теңеуді сәтті қолданды. Балалар Дүйсеннің ұстаздық қасиетін «шексіз мейірім» метафорасымен байланыстырып, кейіпкердің психологиялық портретін аша түсті. 3-топ «Қалаға кету» тірек сөзіне Алтынайды зорлықпен алып қашқандағы сәтін бейнелейтін драмалық комикс жасады. Оқушылардың жауабындағы: *«Алтынайдың үміті сол сәтте үзіліп қалған жіптей болды»* деген теңеу мен *«Әділетсіздік тас қамалдай биіктеді», «Сол күн қыз өміріндегі ең ауыр таңба болып қалды»* деген метафоралық қолданыстар оқиғаның трегедиялық сипатын стилистикалық деңгейде жеткізе алды. Ал 4-топқа түскен «Сағыныш» тірек сөзі уақыт өткеннен кейінгі егіз терек пен Алтынайдың сағынышын сипаттады. Олар: *«Ол кішкентай көшеттен зәулім бәйтерекке айналды»* деген метафораны қолдана отырып Алтынайдың тұлғалық өсу жолын бейнеледі. Оқушылар *«Бұл – ұстаз еңбегінің мәңгілік жемісі еді»* деген әсерлі сөзді қолдану арқылы Дүйсен ұстаздың еңбегін «мәңгілік жеміс» деп бағалап, функционалдық стилометрияның (блендинг) жоғары үлгісін көрсете білді [8-10].

«Сюжеттік комикс» әдісіне тақырыптық талдау жасай отырып, оқушылар жай сөйлемді көркем сөйлемге айналдыру барысында автордың ойлау жүйесіне біртабан жақындағанын байқай аламыз. Мәтін құрау кезінде оқушылардың 85%-ы көркемдік-бейнелеу құралдарын орынды қолдана білді. Кейбір оқушылар ЖИ-ге сұраныс, яғни жай сөйлемдер арқылы тірек сөздерді жазғанда кейіпкерлердің эмоционалды күйін беруде қиналды, бірақ топтық талқылау кезінде мәтін мен сурет үндесіп, жақсы нәтиже орын алды.

Үшінші аптадағы «Желілік қарым-қатынас және тілдік тұлға» кезеңі оқушылардың сөздік қорын тексеруге бағытталды. Бұл сабақта қолданылған «Кейіпкерлер желіде» әдісі арқылы оқушылар Ш.Айтматов кейіпкерлерін XXI ғасырға алып келді. Оқушылар WhatsApp қосымшасын тікелей қолдана отырып, күнделікті сөйлеу тілін (сленгті) әдеби тілмен алмастырды. Мысалы, «ақша жоқ» деудің орнына «қалтам тесік, қолым қысқа» сияқты тұрақты тіркестерді, ал дөрекі сөздердің орнына «қараңды батыр», «жет жұтқыр» сияқты дисфемизмдерді қолдануды үйренді. Сабақ барысындағы тақырыптық талдауда 1-топқа «Ауыл чаты» - Дүйсеннің мектеп ашу туралы ұсынысы және ауыл адамдарының қарсылығы тақырыбы берілді. Оқушылар Дүйсен мен ауыл адамдарының арасындағы мектеп ашуға байланысты кикілжіңді диалог арқылы бейнеледі. Дүйсеннің «Инемен құдық қазғандай болса да, балалардың көзін ашуымыз керек. Надандықтан құтылатын жол – осы! Мал бағу оңай, ал бала оқыту тас шайнап, құм түкіргенмен бірдей қиын іс. Бірақ түбі қайырлы болады!» деген фразеологизмдерді қолдануы оның ағартушылық миссиясының ауырлығын көрсетсе, ауыл адамдарының «Сенің мына сөзіңнен төбе шашым тік тұрды» деген реакциясы надандық пен жаңашылдық арасындағы тартысты заманауи чат форматында дәл жеткізді. Сол сияқты 2-топ Алтынайдың қалаға оқуға аттануындағы қоштасу сөздерін, 3-топ Алтынайды сатып жатқан жеңгесі мен зорлықшылардың жоспарын, 4-топ өткен күндерді еске алу мен сырласуға байланысты суретші мен ғалым болған Алтынайдың сырласуын көркем түрде жеткізе білді. Ондағы «жүрегі торғайдай шырылдау», «тас жарып шыққан нәзік гүл», «Білім – асау тұлпар» деген метафоралардың қолданысы, «құлқынның құлдары», «жетімектің көзін құрту», «жыланның арбауы» сияқты көркемдік бейнелер, «тілсіз мұңлықтай» кейіптеуі және Дүйсенді «тау тұлға» деп атауы оқушылардың тілдің көркем өнерін шебер қолдана алғандығының дәлелі. Бұл кезеңде оқушылардың 90%-ы көркем сөзді еркін қолдана алатындықтарын байқатты. Сапалық талдау көрсеткендей, WhatsApp форматы оқушылардың тілдік шектеуді жойып, авторлық стильді өз тілінде сөйлетуге мүмкіндік берді.

Төртінші аптадағы «Кейіпкермен үндесу және бейнені дыбыстау» кезеңінде оқушылардың шығарманы эмоционалды-сезімдік тұрғыдан қабылдау қабілетін арттыру мақсатында «Тіл біткен бейнелер» әдісі жүзеге асырылды. Бұл кезеңде оқушыларға «Алғашқы ұстаз» фильмінен алынған дыбыссыз 4 үзінді көрсетіліп, оларды әдеби тілмен және нақты көркемдегіш құралдарды (эпитет, метафора, теңеу, кейіптеу) қолдана отырып дыбыстау тапсырылды. Сабақ барысында оқушылар кейіпкерлердің ішкі күйін сезіну үшін дауыс ырғағын (интонация) өзгертіп, рөлдерге шынайы ене білді. 1-топ Дүйсеннің ескі

мектепке келуін кейіптеу құралы: *«Ескі мектептің сынған терезелері сықырлап, өткен күндердің сырын сыбырлағандай болды»,* - деген сөйлемдер арқылы затқа жан бітіріп, автордың психологиялық параллелизм тәсілін өздігінше жаңғырта білді. Ал 2-топқа Дүйсеннің сабақ беріп жатқан кезеңдегі фильмінен үзінді берілді. Бұл топта оқушылар Дүйсеннің ағартушылық тұлғасын нық дауыспен, ал балалардың қызығушылығын нәзік үнмен жеткізді. *«Дүйсеннің сөзі балалардың жүрегіне дән болып себілді»* деген метафоралық түйін оқушылардың білім мен еңбектің мәнін стилистикалық деңгейде ұғынғанын көрсетті. Драмалық шиеленіске толы Алтынайды қорғау сәтіндегі фильм үзіндісі 3-топқа берілді. *«Қара бұлттай түнерген сөздер Алтынайдың жанын жаралады»* деген теңеу арқылы оқушылар зорлық-зомбылыққа қарсылықты және білімге деген құштарлықты эмоционалды түрде бейнеледі. «Үміт ешқашан қоштаспады» деген философиялық астарлы оймен дыбыстауды аяқтаған 4-топ оқушылары қоштасу сәтін шебер жеткізе білді. Осылайша, «Тіл біткен бейнелер» әдісі оқушыларды жай ғана көрермен емес, шығарманың өз даусымен тіріліуші шығармашыл оқушыға айналдырды.

Бесінші аптада эксперименттік оқытудың тиімділігін анықтау мақсатында оқушылардан пост-тест алынды. Эксперименттік оқыту аяқталғаннан кейін оқушылардың лингвистикалық және стилистикалық талдау дағдыларында айтарлықтай өсім байқалды. Жиналған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасында Вилкоксонның белгілі рангтер критерийі (Wilcoxon Signed-Rank Test) арқылы өңделді [11].

SPSS талдауының қорытындылары төмендегідей:

Кесте 1 - Рангтер көрсеткіші

		N	Орташа ранг	Рангтер қосындысы
Пост-тест – Пре-тест	Теріс рангтер	3[a]	5,33	16,00
	Оң рангтер	56[b]	31,32	1754,00
	Тең түскендер	1[c]		
	Барлығы	60		
a. Пост-тест < Пре-тест				
b. Пост-тест > Пре-тест				
c. Пост-тест = Пре-тест				
Ескертпе: автормен құрастырылған				

Кесте 2 - Статистикалық критерийлер

	Пост-тест – Пре-тест
Z	-6,562[b]
Асимп. мәнділік (екіжақты)	<,001
a. Вилкоксонның белгілі рангтер критерийі b. Теріс рангтер негізінде	
Ескертпе: автормен құрастырылған	

Статистикалық мәліметтер ($p < 0,001$) біз ұсынған үш сатылы стилометриялық модельдің (тілдік, танымдық, функционалдық) нәтижелілігін толық қуаттады. Статистикалық талдау нәтижелері (1-кесте) көрсеткендей, зерттеуге қатысқан 60 оқушының 56-сында оң рангтер (Post-test > Pre-test) тіркелді. Зерттеу нәтижелерінің кездейсоқ емес екенін $Z = -6,562$ мәні мен $p < 0,001$ көрсеткіші дәлелдейді (2-кесте). Халықаралық ғылыми стандарттағы шекті деңгейден (0,05) әлдеқайда төмен бұл мән «ұсынылған әдістеме нәтижеге әсер етпейді» деген нөлдік гипотезаны толықтай жоққа шығарады. Оқушылардың 93%-ы көркем мәтінді талдаудың теориялық негіздерін меңгеріп қана қоймай, оны жаңа цифрлық жағдаяттарда еркін жұмсай алу (блендинг) деңгейіне жетті. Бұл тәсіл жалпы көркем мәтінді оқытуда стилистика мен технологиялық шешімдерді ұштастырудың оқушының тілдік тұлғасын қалыптастырудағы рөлі зор екенін айғақтайды [12-13].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу жұмысы көркем мәтінді стилистикалық талдау мен мазмұнын игертуде қазіргі жаңа цифрлық технологияларды қолдана отырып оқыту тиімді жолдардың бірі екендігін көрсетті. Ш.Айтматовтың «Алғашқы ұстаз» повесін мысалға ала отырып жасалған 5 апталық жұмыс оқушыларға мәтінді жай ғана оқып қоймай, оның стилистикалық қабаттары мен кейіпкер психологиясын терең түсінуге, көркем мәтінді когнитивті-стилистикалық талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында ұсынылған үш сатылы стилометриялық талдау үлгісі (тілдік, танымдық және функционалдық) оқушының сөзқолданысын дамытуға, жалпы тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз болды. Атап айтқанда: оқушылар алдымен автордың сөзқолданысын, идиостилін танып (тілдік деңгей), содан кейін ЖИ комикстері мен визуалды бейнелер арқылы автордың ойлау жүйесіне еніп (танымдық деңгей), соңғы кезеңде WhatsApp диалогтары мен дыбыстау жұмыстары арқылы әдеби нормаларды өздерінің күнделікті сөйлеу дағдысына айналдырады (функционалдық деңгей).

Зерттеудің басты ерекшілігі - жасанды интеллект, цифрлық комикстер мен желілік қарым-қатынас құралдарын көркем мәтінді талдауға тиімді енгізе білуінде. Мұндай тәсілдер көркем әдебиет пен бүгінгі цифрлық буын арасындағы алшақтықты жойып, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырады деп айтуға толық негіз бар. Тәжірибелік нәтижелер (SPSS талдауы бойынша 93% өсім) бұл әдістеменің оқушылардың сыни ойлауы мен эмпатия деңгейіне оң әсер еткенін математикалық тұрғыдан дәлелдеді.

Түйіндей келе, бұл әдістеме оқушыны дайын ақпаратты жай ғана қабылдаушыдан жаңа мазмұн жасаушы, зерттеуші, ізденуші және оны өмірде қолдана алатындай деңгейге дейін көтерді. Зерттеу барысында жинақталған тәжірибені және әдістемені болашақта өзге де көркем туындыларды лингвостилистикалық, когнитивті-стилистикалық талдап оқытуда пайдалануға болады.

Авторлар бұл мақаланы дайындау барысында ағылшын тіліндегі аңдатпаны және әдебиеттер тізімін халықаралық стандарттарға сай рәсімдеу мақсатында жасанды интеллект құралы – Gemini пайдаланды. ЖИ тудырған барлық мазмұн автор тарапынан мұқият тексеріліп, ғылыми сараптамадан өткізілді. Мақаланың түпкілікті мазмұны мен зерттеу нәтижелеріне авторлар толық жауапты.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала AP 26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» (2025-2027) гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, -2020. – 186 б.

2 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, -1989. – 128 б.

3 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері. 5-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, - 2008. – 272 б.

4 Қадыров Ж.Т., Есембеков Т.О. Көркем шығарманы талдау мен талқылау жолдары: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Эверо, - 2021. – 136 б.

5 Abdullina A., Doskeyeva S., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., & Obayeva G. National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature. -2025. 11-p.

6 Burke M. The Routledge handbook of stylistics. Routledge, Taylor & Francis Group. 2018. - P.123–134.

7 Giovanelli M., & Harrison C. Stylistics and Contemporary Fiction. English Studies, 2022. - 103(3), P. 381–385.

8 Harrison C., Stylistics and Cognitive Grammar. In M. Burke, The Routledge Handbook of Stylistics. Routledge. 2023.2nd ed., - P. 314–329.

9 Jaxa N. P. Pedagogical Stylistics: Teaching isiXhosa Poetry at Further Education Training Phase Using Text World Theory Approach. Journal of Culture and Values in Education. - 2024. - 7(1), - P.118–133.

10 Koskeyeva A. M., Abisheva Zh. R., & Zulfaidar M. A. The national question in Kazakh literature during the totalitarian period: history and lessons (1960s-1970s). «Historical and Socio-Political Sciences». - 2025. 86 p.

11 Ling Boon Ing, C. L. B. Integration of visual art in learning figurative language among EFL English literature undergraduate students. - 2025. - P.20–34

12 Pardo B. S. ‘Booktuber: Promoting reading and literacy in the classroom among Spanish pre-service teachers through a video review.’ Literacy. - 2024. - 58/1.- P.120–134.
13 Stockwell P. Cognitive poetics: An introduction. Routledge. - 2002. - P.10–13

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В СТИЛИСТИЧЕСКОМ АНАЛИЗЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Аннотация

В статье рассматривается эффективность использования новых технологий в стилистическом анализе художественного текста. Основная цель исследования-повышение уровня стилистического анализа художественного текста учащихся на примере повести Ш.Айтматова «Первый учитель» и развитие у них умения понимать чувства героя, то есть эмпатии. Актуальность работы обусловлена необходимостью представления художественного текста в новом формате в соответствии с интересами учащегося посредством стилистического анализа в современную цифровую эпоху. Акцент был сделан не просто на изложении художественного текста, а на его глубоком изучении с языковой и смысловой точек зрения. В ходе исследования был проведен специальный эксперимент с участием учащихся 10-х классов средней школы г. Кызылорда (всего 60 детей). На уроках экспериментальной работы учащимся были даны такие задания, как переписка от имени персонажей в сети WhatsApp, составление сюжетных комиксов с помощью искусственного интеллекта и озвучивание видео. Эти методики с помощью цифровых форматов создали условия для стилистического анализа художественного произведения, более глубокого осмысления его сущности. Результаты исследования были обработаны тестом Уилкоксона в программе SPSS Statistics IVM. Результаты статистического анализа показали, что предложенная методика улучшила навыки учащихся по стилистическому анализу, пониманию и самооценке художественного текста на очень высоком уровне ($p < 0,001$). Итогом работы явилось значение использования цифровых технологий в стилистическом анализе художественного текста в развитии личности учащегося.

Ключевые слова: художественный текст, стилистический анализ, цифровые технологии, эмпатия учащихся, анализ SPSS.

THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGY IN THE STYLISTIC ANALYSIS OF A LITERARY TEXT

Abstract

This article examines the effectiveness of using new technologies in the stylistic analysis of a literary text. The main purpose of the study is to increase students' level of stylistic analysis of literary texts, using the example of the novel by Sh.Aitmatov's «First Teacher» and its development of the ability to understand the hero's feelings, that is, empathy. The relevance of the work lies in the need to present a literary text in a new format, aligned with the student's interests, through stylistic analysis in the modern digital age. The emphasis was placed not only on the presentation of a literary text but also on its in-depth study from a linguistic and semantic point of view. As part of the study, a special experiment was conducted with 10th-grade secondary school students in Kyzylorda (60 children in total). In the experimental work lessons, students were given tasks such as texting on behalf of characters on WhatsApp, composing story comics using artificial intelligence, and dubbing videos. Using digital formats, these techniques have created the conditions for a stylistic analysis of an artistic work and a deeper understanding of its essence. The results of the study were processed by the Wilcoxon test in the SPSS Statistics IVM program. The results of the statistical analysis showed that the proposed methodology improved students' skills in stylistic analysis, understanding, and self-assessment of literary texts to a very high level ($p < 0.001$). The result of the work was the importance of using digital technologies in the stylistic analysis of a literary text in the development of a student's personality.

Keywords: literary text, stylistic analysis, digital technologies, student empathy, SPSS analysis.

REFERENCES

1 Esembekov T. O. Korkem matin teoriyasy: oqu quraly [*Theory of literary text: a textbook*]. Qazaq Universiteti. 2020. 186p [in Kazakh]

2 Syzdyqova R., & Shalabaev B.. Korkem teksti lingvistikalyq taldau [*Linguistic analysis of literary text*]. Mektep. -1989.128p [in Kazakh]

3 Zhapbarov A. Qazaq tili stilistikasyn oqytudyn ghylymi adistemelik negizderi. 5-kitap [*Scientific and methodological foundations of teaching Kazakh language stylistics*]. Book -2008. 272 p [in Kazakh]

4 Kadyrov Zh. T., & Esembekov T. O. Korkem shygharmany taldau men talqylau zholdary: oqu-adistemelik quraly [*Ways of analyzing and discussing a literary work: an educational and methodological tool*]. Evero. -2021.136 p [in Kazakh]

5 Abdullina A., Doskeyeva S., Tulebayeva K., Mukhtarova S., Kushkimbayeva A., Mubarakova S., & Obayeva G. National Code and the Theme of National Character in Genealogical Prose Works of Post-colonial Literature. 2025. 11p. [in English]

6 Burke M., (Ed.).. The Routledge handbook of stylistics. Routledge, Taylor & Francis Group. 2018. P.123–134. [in English]

7 Giovanelli M., & Harrison C.. Stylistics and Contemporary Fiction. English Studies, 2022.103(3), P. 381–385. [in English]

8 Harrison C., Stylistics and Cognitive Grammar. In M. Burke, The Routledge Handbook of Stylistics. Routledge. 2023.2nd ed., P. 314–329. [in English]

9 Jaxa N. P. Pedagogical Stylistics: Teaching isiXhosa Poetry at Further Education Training Phase Using Text World Theory Approach. Journal of Culture and Values in Education, 2024.7(1), P.118–133. [in English]

10 Koskeyeva A., M. Abisheva, Zh. R., & Zulfaidar M. A., The national question in Kazakh literature during the totalitarian period: history and lessons (1960s-1970s). «Historical and Socio-Political Sciences», 2025. 86 p. [in English]

11 Ling Boon Ing, C. L. B. Integration of visual art in learning figurative language among EFL English literature undergraduate students. 2025. P.20–34[in English]

12 Pardo B. S. 'Booktuber: Promoting reading and literacy in the classroom among Spanish pre-service teachers through a video review.' Literacy, 2024. 58/1, P.120–134. [in English]

13 Stockwell P. Cognitive poetics: An introduction. Routledge. 2002. P.10–13.[in English]

Information about authors:

Tursynay Orynbasar – **corresponding author**, PhD Student in 8D01721 «Kazakh Language and Literature», Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID:https://orcid.org/0009-0005-1293-8535;

Aigul Amirbekova – Head of the Lexicology Department at the A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8540-8264.

Информация об авторах:

Тұрсынай Орынбасар – **основной автор**, докторант образовательной программы 8D01721-Казахский язык и литература, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Республика Казахстан

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-1293-8535

Айгул Амирбекова – заведующая отделом лексикологии Института языкознания имени А.Байтурсынулы, кандидат филологических наук, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8540-8264

Авторлар туралы ақпарат:

Тұрсынай Орынбасар – **негізгі автор**, 8D01721-Қазақ тілі мен әдебиеті ББББ докторанты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: t_orynbasar@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-1293-8535

Айгул Амирбекова – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Лексикология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: marghan01@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8540-8264

ҒТАМР 20.01.45 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.12**
ӘОЖ 372.862

Н. Н. Оспанова[1], Н. К. Токжигитова[1]*, С.Д. Байжуманов[1], Р.С.Куанышева[1]

[1]Торайғыров университеті, Павлодар қ.,
Казақстан Республикасы
*e-mail: nurgul287@mail.ru

ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАР ПЛАТФОРМАСЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) платформаларын әзірлеу және пайдалану процесі оқу сапасы мен білім мазмұнының қолжетімділігіне әсер ететін бірқатар күрделі технологиялық мәселелермен байланысты. Негізгі технологиялық мәселелерді бірнеше басты салаға бөлуге болады: платформалардың өзара үйлесімділігі мен интеграциясы, жасанды интеллект (ЖИ) және чат-боттарды енгізу, масштабтау және деректерді өңдеу, мультиллингвальділік және локализация, сондай-ақ қауіпсіздік пен құқықтық аспектілер. Оқу басқару жүйелері (LMS) арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету үшін Learning Tools Interoperability (LTI) стандартын қолдану жиі қолданылады, бірақ енгізу процесінде пайдаланушылардың есептік жазбаларын синхрондау және бағаларды беру мәселелері туындайды. ЖИ-дің енгізілуі білім алушыларға қолдау көрсетуді күшейтеді, контексттің шектеулі түсінігі, шешімдердің шынайы еместігі (XAI) және технологиялық галлюцинациялар сияқты тәуекелдерді тудырады. Платформалар үлкен деректер көлемін (кликтар, логтар, тест нәтижелері) өңдеуді талап етеді, серверлердің шамадан тыс жүктелуіне және Milvus сияқты арнайы серверлерді енгізуге әкеледі. Мультиллингвальділік мәселелері автоматты аударма қателіктерінен, әсіресе техникалық терминдерде туындайды, ал қауіпсіздік – GDPR нормаларына сәйкестікті және авторлық құқықтарды басқаруды қамтиды. Бұл зерттеу жүйелі әдеби шолу болып табылады және 2020-2026 жылдар аралығындағы 27 ғылыми мақаланы талдауға негізделген, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелген осы тақырыпқа қатысты қосымша 7 ғылыми мақалаға негізделген. Бұл мақалалар технологиялық мәселелердің шешімдерін, соның ішінде RAG технологиясын, білім графтары (EduKGs) және human-in-the-loop тәсілін қарастырады. Сондай-ақ, 20 мақала 2025 жылдың 30 маусымы мен 2 шілдесі аралығында Францияның Палайзо қаласында орналасқан Télécom Paris университетінде «Еуропалық MOOCs мүдделі тараптарының саммиті – EMOOCS 2025» халықаралық ғылыми конференциясы жинағына енген Нәтижелер ЖАОК платформаларын әзірлеуде технологиялық және педагогикалық факторлардың өзара байланысын көрсетеді, және соның негізінде білім беру тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК), цифрлық педагогика, онлайн оқыту әдістемесі, педагогикалық дизайн, электронды оқыту технологиялары, оқу аналитикасы.

Кіріспе

Жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) платформалары қазіргі білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады, миллиондаған пайдаланушыларға қолжетімді білім ұсынады. Дегенмен, олардың дамуы технологиялық мәселелермен байланысты, олар оқу сапасына және қолжетімділікке әсер етеді. Мәселелерді зерттеу барысында цифрлық педагогика және онлайн оқыту әдістемесі тұрғысынан маңызды, өйткені олар педагогикалық дизайнды және электронды оқыту технологияларын жақсартуға көмектеседі. Оқу аналитикасы арқылы деректерді талдау мәселелерді анықтауға және шешімдерді ұсынуға мүмкіндік береді. Жұмыста технологиялық мәселелердің негізгі салалары, олардың себептері мен ықтимал шешімдері талданады. Осы тұрғыдан бұл мақалада, Scopus деректер базасында индекстелген «9-шы Еуропалық ЖАОК мүдделі тараптарының саммиті» материалдар жинағына енген 20 ғылыми еңбектің, сондай-ақ осы тақырыпқа қатысты қосымша 7 ғылыми мақаланың мазмұнын кешенді талдау негізінде келесі сұрақтар қарастырылады:

1) Жаппай ашық онлайн курстар платформасын әзірлеудегі негізгі технологиялық мәселелер қандай?

2) ЖАОК платформасы мен мазмұнының сапасын қандай факторлар анықтайды?

3) ЖАОК үшін платформалар құрудың негізгі технологиялық мәселелерін қалай шешуге болады?

4) Жаппай ашық онлайн курстар үшін платформалар жасауда технологиялық мәселелерді шешудің ұсынылып отырған шешімі (ЖАОК) арқылы қалай және қандай педагогикалық және әдіснамалық мәселелер шешіледі?

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу үшін ЖАОК платформаларының технологиялық мәселелері туралы қолжетімді деректер қолданылды [1]. Материалдарға өзара үйлесімділік, жасанды интеллект (ЖИ) және чат-боттарды енгізу, масштабтау және деректерді өңдеу, көптілділік және локализация, сондай-ақ қауіпсіздік пен құқықтық аспектілер туралы мәліметтер кірді. Зерттеу кезінде, алдымен негізгі технологиялық мәселелер жіктелді, содан кейін шешімдер қарастырылды. Оқу аналитикасы (EDM) арқылы білім алушылардың оқудан аяқтамай шығып кетуі немесе керісінше қызығушылығы көрсеткіштері ескерілді. Зерттеу соңғы жылдардағы трендтерді ескере отырып жүргізілді.

Қазіргі заманғы жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) платформаларын әзірлеу саласындағы зерттеулерге жасалған әдеби шолу – бұл саланың терең технологиялық және әдістемелік трансформация кезеңінде тұрғанын көрсетеді. Пайдаланушылар санының жүздеген миллион адамға дейін қарқынды өсуіне қарамастан, платформалар оқудан шығу деңгейінің жоғары болуы және оқыту сапасының төмендігі сияқты өзекті мәселелермен әлі де бетпе-бет келіп отыр [2].

2025 жылдың 30 маусымы мен 2 шілдесі аралығында Францияның Палайзо қаласында орналасқан Télécom Paris университетінде «Еуропалық MOOCs мүдделі тараптарының саммиті – EMOOCS 2025» халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Аталған конференция онлайн білім берудің қазіргі даму үрдістерін, оның үздіксіз трансформациясын және білім беру жүйесі алдында тұрған өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды ғылыми алаңдардың бірі болып табылады. Конференция материалдарында, әсіресе, жасанды интеллект (AI) технологияларының білім беру үдерісіне ықпалы, сондай-ақ тұрақты өмір бойы білім алу жүйесін қалыптастыру мәселелері кеңінен қарастырылған.

EMOOCS 2025 конференция жинағына 20 мақала қабылданды. Аталған ғылыми еңбектер жарияланған конференция жинағы халықаралық ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланып, Scopus деректер базасына енгізілген және қазіргі уақытта кеңінен дәйексөз келтірілетін (highly cited) ғылыми басылымдардың қатарына жатады. Осыған байланысты ұсынылып отырған мақала EMOOCS 2025 жинағына енген 20 ғылыми еңбектің [3], сондай-ақ Scopus деректер базасында индекстелген осы тақырыпқа қатысты қосымша 7 ғылыми мақаланың мазмұнын кешенді талдау негізінде дайындалды.

EMOOCS 2025 жинағына енген 20 ғылыми еңбекті талдау нәтижелері, зерттеушілердің ЖАОК-платформаның табыстылығын айқындайтын үш негізгі аспектіні бөліп көрсетеді: курс платформасы (интерактивтілік, пайдалануға ыңғайлылық), курс әзірлеушілері (педагогикалық философия, оқытушының құзыреттілігі) және қатысушылар (мотивация, өзін-өзі реттеу дағдылары). Сапаны бағалаудың дәстүрлі әдістері, мысалы, иерархиялық талдау әдісі (AHP) немесе негіздеу теориясы, осы факторлар арасындағы жасырын өзара байланыстарды анықтау үшін терең оқыту мен үлкен деректер аналитикасы әдістерімен барған сайын толықтырылып келеді [4].

Сондай-ақ, EMOOCS 2025 жинағына енген материалдар саясаттану және бағдарламалауға ерекше назар аудара отырып, заманауи білім беруді трансформациялаудағы жаппай ашық онлайн курстардың (MOOC) рөлін зерттейді. Зерттеушілер цифрлық платформалардың білікті кадрлардың жетіспеушілігін жеңуге және дамушы аймақтардағы білімге қол жеткізуге қалай көмектесетінін талдайды. Студенттерге жеке көмекші ретінде әрекет ететін жасанды интеллект негізіндегі чат-боттарды енгізуге көп көңіл бөлінеді. Сауалнама нәтижелері мұндай құралдардың өзін-өзі оқытуды тиімді қолдайтынын, күрделі ұғымдарды түсіндіруге және өткен материалды бекітуге көмектесетінін көрсетеді. Сонымен қатар, авторлар AI дәлдігіне сыни көзқарастың қажеттілігін және оқытушылар үшін әдістемелік қолдаудың маңыздылығын көрсетеді. Дереккөздер онлайн курстар кәсіби даму және жаһандық білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін стратегиялық ресурсқа айналатынын растайды .

Орталық технологиялық мәселелердің бірі – әртүрлі оқытуды басқару жүйелері (LMS) арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету болып қала береді [5]:

- LTI стандарты: платформаларды үздіксіз біріктіру үшін (мысалы, ұлттық iMooX.at платформасы мен университетаралық желілер арасында) Learning Tools Interoperability (LTI) стандарты кеңінен қолданылады. Ол пайдаланушылар деректерін синхрондауға және бағаларды жүйелер арасында беруге мүмкіндік береді;

- Федеративті жүйелер: бірыңғай білім беру кеңістіктерін құру eduGAIN тәрізді жүйелер арқылы тіркелгі жазбаларын біріктіру және деректерді қорғау талаптарын (GDPR) сақтау бойынша күрделі міндеттерді шешуді қажет етеді.

Сондай-ақ, қазіргі әдебиеттер статикалық контенттен интеллектуалды оқыту экожүйелеріне көшу үрдісін көрсетеді. Яғни, білім алушыларды қолдау үшін генеративті жасанды интеллектке негізделген чат-боттар енгізілуде. Retrieval-Augmented Generation (RAG) әдісін қолдану ИИ-дің «галлюцинация» жасау қаупін азайтып, жауаптарды тек курс материалдары мен ашық білім беру ресурстарына (OER) сүйене отырып генерациялауға мүмкіндік береді. Ал, білім беру графтарын (EduKGs) және жеке білім графтарын (PKGs) әзірлеу құрылымданбаған материалдарды (слайдтар, бейнелер) жүйелеудің және жекешелендірілген оқыту траекторияларын құрудың тиімді тәсілі ретінде танылып отыр [6].

ЖАОК платформаларын әзірлеудің маңызды бағыты – ерте ескерту жүйелерін (Early Warning Systems) құру екендігіне де назар аудару керек. Оның ішінде, машиналық оқыту мен процестерді интеллектуалды талдау. Мысалы, Random Forest (RF) және нейрондық желілер (DFFNN) сияқты алгоритмдерді қолдану курстың 20–40%-ын аяқтау кезеңінде-ақ «тәуекел тобына» жататын білім алушыларды 79–92% дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді , ал процестерді интеллектуалды талдау (Process Mining) білім алушыларды «жан-жақты» (курс дизайнына сай оқитын) және «стратегиялық» (негізінен тесттерге ғана назар аударатын) профильдерге бөлуге мүмкіндік беретінін көрсетеді, және платформаны әртүрлі оқу стильдеріне бейімдеуге көмектеседі [7].

Сонымен қатар, контент әзірлеудің тиімділігін арттыру үшін 4PADAFE матрицасы, AIBook сияқты инновациялық жаңа жүйелік тәсілдер ұсынылуда. 4PADAFE матрицасы – жобалау әдістемесі бола отырып, жаппай виртуалды сыныптарды тиімді ұйымдастыруға, материалдарды автоматтандырылған түрде жасау және кері байланысты жақсарту үшін жасанды интеллектті қолдануға мүмкіндік береді. AIBook – интерактивті «ЖИ-кітап» тұжырымдамасы ретінде, пассивті оқуды диалогтық интерфейспен алмастырып, білім алушылардың тереңірек қатысуына ықпал етеді [8].

Жалпы алғанда, ЖАОК платформаларының дамуы гибридті бағытта өрбіп келеді, мұнда технологиялық шешімдер (LTI, RAG, білім графтары) педагогикалық дизайнмен тығыз ұштасып, платформаны бейнедәрістер қоймасынан – бейімделетін «цифрлық тьюторға» айналдырады.


Нәтижелер және оларды талқылау.

Бұл жұмыста технологиялық мәселелердің негізгі салалары, олардың себептері мен ықтимал шешімдері талданды. Осы тұрғыдан мақалада, ғылыми әдеби шолу нәтижесіне негізделген келесі сұрақтарға жауап беруге тырыстық:

1-сұрақ – Жаппай ашық онлайн курстар платформасын әзірлеудегі негізгі технологиялық мәселелер қандай?

Жаппай ашық онлайн курстарға (ЖАОК) арналған платформаларды әзірлеу және пайдалану оқыту сапасы мен білім беру контентінің қолжетімділігіне әсер ететін бірқатар күрделі технологиялық сын-қатерлермен байланысты. Дереккөздерге сәйкес, негізгі технологиялық мәселелерді бірнеше өзекті бағытқа бөлуге болады (1-сурет) [9]:

- платформалардың үйлесімділігі және интеграциясы;
- жасанды интеллектті (ЖИ) және чат-боттарды енгізу;
- масштабталу және деректерді өңдеу;
- көптілділік және локализация;
- қауіпсіздік және құқықтық аспектілер.



Сурет 2 – ЖАОК әзірлеудегі негізгі технологиялық мәселелердің бағыттары
Ескертпе: [7] дереккөз негізінде құралған

Біріншіден, платформалардың үйлесімділігі және интеграциясы бағытындағы ең өзекті мәселелердің бірі – әртүрлі оқытуды басқару жүйелері (LMS) арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз ету. Яғни, LMS жүйелері арасындағы өзара әрекеттестік LTI стандарты арқылы қамтамасыз етіледі, бірақ синхрондау мәселелері және браузерлердің үйлесімсіздігі (Safari немесе Chrome-дағы қателер) кездеседі. Бұл оқу материалдарының қолжетімділігін төмендетеді.

Екіншіден, ЖИ және чат-боттарды енгізу арқылы генеративті ЖИ білім алушыларға қолдау көрсетеді, бірақ контексттің шектеулі түсінігі, мөлдірліктің болмауы (XAI) және галлюцинациялар (дұрыс жауаптарды қате деп белгілеу) мәселелер тудырады.

Үшіншіден, масштабтау және деректерді өңдеу, яғни платформалар үлкен деректер көлемін (кликтар, логтар) өңдеуді талап етеді, бұл серверлердің шамадан тыс жүктелуіне әкеледі.

Төртіншіден, көптілділік және локализация кезінде автоматты аударма қателіктері (HeyGen сияқты құралдарда техникалық терминдерде, даталарда) туындайды.

Бесіншіден, қауіпсіздік, яғни GDPR нормаларына сәйкестік және авторлық құқықтар (Creative Commons) басқару қажет.


2-сұрақ – ЖАОК платформасы мен мазмұнының сапасын қандай факторлар анықтайды?

Ғылыми зерттеулер негізінде ЖАОК сапасының бір ғана технологиялық компонентке тәуелді емес екенін, керісінше адами, мазмұндық және технологиялық факторлардың күрделі өзара байланысы арқылы қалыптасатынын көрсетеді.

Әдеби дереккөздерге сүйене отырып, ЖАОК сапасын айқындайтын факторларды иерархиялық тұрғыдан үш деңгейге бөлуге болады: іргелі, аралық және үстіртін факторлар (2-сурет). Жіктеу онлайн курстарды жобалау мен бағалауда жүйелі көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді [10].

Иерархияның іргелі деңгейінде оқытушының рөлі шешуші мәнге ие. Оқытушы – білім беру сапасының негізгі тасымалдаушысы әрі оқу үдерісінің мазмұндық өзегін қалыптастырушы тұлға. Оның педагогикалық философиясы, дидактикалық стратегияларды меңгеру деңгейі және цифрлық ортада оқыту әдістерін тиімді қолдана білуі курс сапасына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, білім алушылармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, үздіксіз академиялық қолдау көрсету және пәндік саладағы терең сараптаманы бейнедәрістер мен оқу материалдары арқылы анық әрі жүйелі жеткізе білу оқытушының кәсіби құзыреттілігінің маңызды көрсеткіштері болып табылады.

Аралық деңгейдегі факторлар контент сапасы мен оқу үдерісін басқаруға байланысты. Деңгейде білімнің құрылымдалуы, оқу материалдарының логикалық бірізділігі және олардың практикалық қолданбалылығы басты орын алады.



Сурет 2 – ЖАОК сапасын айқындайтын факторлардың иерархиясы

Ескертпе: [8] дереккөз негізінде құралған

Қазіргі зерттеулер микрооқыту тәсілінің маңыздылығын атап көрсетеді, яғни қысқа, нақты және мақсатты мазмұн білім алушылардың қабылдау ерекшеліктеріне анағұрлым сәйкес келеді. Білім алушылардың басым бөлігі бейнедәрістерді негізгі әрі ең пайдалы оқу элементі ретінде бағалайды, ал мәтіндік материалдар асинхронды оқыту жағдайында маңызды рөлін сақтап отыр. Сонымен қатар курсты тиімді басқару, атап айтқанда оқытушымен уақтылы және тұрақты коммуникация орнату, білім алуышлардың қанағаттану деңгейіне және курсты аяқтау көрсеткіштеріне елеулі ықпал етеді.

Үстіртін деңгейдегі факторлар платформа функционалдығы мен қолданылатын цифрлық құралдарға қатысты. Факторлар қысқа мерзімді перспективада оқу үдерісінің ыңғайлылығын арттырып, пайдаланушы тәжірибесін жақсартуға бағытталған. Платформаның навигациялық қарапайымдылығы, контентті іздеу мүмкіндіктері, жүктеу жылдамдығы және техникалық тұрақтылығы онлайн оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттар болып табылады. Интерактивті құралдардың, соның ішінде форумдар, бейімделмелі тесттер және интерактивті жаттығулардың болуы білім алушылардың белсенді қатысуына жағдай жасайды. Сонымен қатар қосымша программалық жасақтаманы орнатпай-ақ браузер арқылы жұмыс істеу мүмкіндігі және мобильді нұсқаның сапасы платформаның технологиялық икемділігін арттырады. Халықаралық контексте көптілділікті қолдау, деректерді қорғау талаптарын (GDPR) сақтау және Learning Tools Interoperability (LTI)

стандартын қолдану платформалардың өзара үйлесімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Соңғы жылдары ЖАОК сапасына әсер ететін жаңа фактор ретінде жасанды интеллекттің (ЖИ) кеңінен енгізілуі байқалады. Генеративті ЖИ оқу материалдарын әзірлеу үдерісін жеделдетіп, тесттер мен мәтіндерді автоматты түрде құрастыру мүмкіндігін ұсынады. Алайда академиялық дәлдік пен мазмұн сапасын сақтау үшін «human in the loop» қағидасына негізделген адам тарапынан бақылау қажеттілігі сақталады. Сонымен қатар ЖИ негізіндегі чат-боттар тәулік бойы қолдау көрсету арқылы масштабталатын білім беру платформалары үшін маңызды артықшылыққа айналып отыр [11].

Жалпы алғанда, жаппай ашық онлайн курстардың сапасын қамтамасыз ету көпқырлы және кешенді тәсілді талап етеді. Осы тәсіл оқытушының кәсіби рөлін күшейтуді, мазмұн мен оқу үдерісін тиімді басқаруды, заманауи технологиялық шешімдерді енгізуді және жасанды интеллектті адам бақылауымен үйлестіре қолдануды қамтиды. Осындай интеграциялық көзқарас ЖАОК платформаларын қарапайым білім беру контентінің қоймасынан бейімделгіш әрі интеллектуалды цифрлық оқыту экожүйесіне айналдыруға мүмкіндік береді.

3-сұрақ – ЖАОК үшін платформалар құрудың негізгі технологиялық мәселелерін қалай шешуге болады?

Зерттеулер ЖАОК дамуының келесі кезеңі осы проблемаларды жүйелі түрде шешуге және оқыту сапасын тұрақты арттыруға тікелей байланысты екенін көрсетеді. Нәтижелер технологиялық мәселелердің шешілуі ЖАОК-тың тиімділігін арттыратынын көрсетеді, бірақ педагогикалық дизайнды ескеру қажеттігін атап өтеді. Соңғы зерттеулер AI-дің дербестендірілуін (AIBook, 4PADAFE) және процесс майнингті ұсынады.

ЖАОК платформаларындағы ең өзекті мәселелердің бірі – әртүрлі оқытуды басқару жүйелері арасындағы интероперабельділіктің жеткіліксіздігі. Бірнеше университет пен білім беру ұйымдарын біріктіретін курстар жағдайында жүйелердің өзара үйлеспеуі оқу үдерісінің тұтастығын бұзады. Бұл мәселені шешудің тиімді жолы ретінде Learning Tools Interoperability (LTI) халықаралық стандарты кеңінен мойындалып отыр. LTI әртүрлі платформалардың оқу материалдары мен оқу белсенділіктерін бір ортаға біріктіріп, үздіксіз білім беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар деректерді автоматты түрде синхрондау және бағаларды жүйелер арасында тасымалдау федеративті білім беру желілерінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді. eduGAIN сияқты бірыңғай кіру жүйелерін қолдану пайдаланушылар үшін тіркелу үдерісін айтарлықтай жеңілдетіп, институтаралық кедергілерді азайтады.

Жасанды интеллекттің білім беру саласына белсенді енуі ЖАОК сапасын арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашты, алайда сонымен қатар жаңа тәуекелдерді де туындатты. Генеративті жасанды интеллектке негізделген чат-боттар білім алушыларға тәулік бойы қолдау көрсету арқылы платформалардың ауқымдылығын арттырса да, жауаптардың дәлдігі мен контекстке сәйкестігі мәселесі өзектілігін сақтап отыр. Осы тұрғыда Retrieval-Augmented Generation (RAG) технологиясы маңызды шешім ретінде қарастырылады. RAG әдісі жасанды интеллекттің жауаптарын тек курс материалдары мен ашық білім беру ресурстарына негіздеуге мүмкіндік беріп, қателіктер мен «галлюцинация» ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Сонымен қатар білім беру графтарын (EduKGs) құру мазмұнды жүйелеуге, ал жеке білім графтары (PKGs) оқу үдерісін білім алушының нақты қажеттіліктеріне бейімдеуге жол ашады.

ЖАОК платформаларының ауқымды аудиториясы деректердің орасан көлемін қалыптастырады. Миллиондаған шерту, логтар және мыңдаған бейнематериалдар жоғары өнімді инфрақұрылымды талап етеді. Осы тұрғыда Milvus сияқты векторлық серверлер мен HNSW, FAISS тәрізді жуық көршілерді іздеу алгоритмдерін қолдану контент бойынша жылдам әрі дәл іздеуді қамтамасыз етеді. Аталған технологиялар білім алушылардың қажетті ақпаратқа жедел қол жеткізуіне және оқу тәжірибесінің үздіксіздігіне тікелей ықпал етеді.

Халықаралық ЖАОК платформалары үшін көптілділік пен локализация мәселесі де айрықша маңызға ие. Жасанды интеллект негізіндегі аударма құралдары мен оқытушы

аватарлары бейнедәрістерді бірнеше тілде ұсынуға мүмкіндік бергенімен, техникалық терминдер мен деректердің дәлдігі адам тарапынан міндетті тексеруді талап етеді. Осыған байланысты «human-in-the-loop» қағидасына негізделген гибридті модельдер сапаны қамтамасыз етудің негізгі тетігі ретінде қарастырылады. Оқытушы бұл жағдайда тек контент авторы ғана емес, сонымен қатар академиялық валидатор рөлін атқарады.

ЖАОК платформаларының тиімділігі көбінесе білім алушыларды курста сақтап қалу деңгейімен өлшенеді. Бұл мәселені шешуде болжамдық аналитика ерекше рөл атқарады. Білім беру деректерін интеллектуалды талдау (Educational Data Mining) негізінде құрылған модельдер, соның ішінде Random Forest алгоритмдері, курстың бастапқы кезеңдерінде-ақ тәуекел тобына жататын білім алушыларды анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай ерте ескерту жүйелері уақтылы педагогикалық немесе технологиялық араласуды жүзеге асырып, оқудан шығу деңгейін төмендетуге жағдай жасайды. 1-кестеде ЖАОК-тың тиімділігін арттыратын шешімдері ұсынылған.

Кесте 1 – ЖАОК әзірлеудегі негізгі мәселелер мен шешу жолдары

Мәселе саласы	Негізгі мәселелер	Шешімдер	Әсер етуі
Платформалардың интероперабельдігі және интеграциясы	Синхрондау қателері, браузер үйлесімсіздігі	LTI стандарты, eduGAIN	Оқу қолжетімділігін арттыру
ЖИ және чат-боттарды енгізу	Галлюцинациялар, мөлдірлік жоқ	RAG, human-in-the-loop	Жауаптардың дәлдігін жоғарылату
Масштабталу және деректерді өңдеу	Сервер жүктемесі, деректерді өңдеу	Milvus, ANN алгоритмдері	Жүйе тұрақтылығын қамтамасыз ету
Көптілділік және локализация	Аударма қателіктері	HeyGen, эксперттік тексеру	Халықаралық қолжетімділік
Қауіпсіздік және құқықтық аспектілер	Деректер қорғау, авторлық құқық	GDPR, Creative Commons	Құқықтық сәйкестік
Ескерту: [9] дереккөз негізінде құрастырылған			

Жаппай ашық онлайн курстардың тұрақты дамуы технологиялық, педагогикалық және ұйымдастырушылық шешімдердің үйлесімді интеграциясын талап етеді. Халықаралық стандарттарды енгізу, деректер архитектураларын жетілдіру және жасанды интеллектті адам бақылауымен қолдану ЖАОК платформаларын жаңа сапалық деңгейге көтерудің негізгі шарттары болып табылады. Осындай кешенді көзқарас цифрлық білім берудің болашағын айқындап, онлайн оқытуды тиімді әрі сенімді білім беру құралына айналдырады.

4-сұрақ – Жаппай ашық онлайн курстар үшін платформалар жасауда технологиялық мәселелерді шешудің ұсынылып отырған шешімі арқылы қалай және қандай педагогикалық және әдіснамалық мәселелер шешіледі?

Білім алушыларға қолжетімді бола тұра, ЖАОК платформалар кейбір педагогикалық және әдістемелік кедергілерге тап болуда. Асинхронды формат, жеке қолдаудың жеткіліксіздігі және когнитивтік жүктеменің артуы оқу сапасын төмендетіп, білім алушылардың курсты аяқтамай шығып кету деңгейін арттырып отыр. Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеудегі технологиялық шешімдер негізінен педагогикалық және әдістемелік кедергілерді еңсеруге бағытталған. Көбіне осы кедергілер онлайн оқытудың тиімділігінің төмен болуына себеп болады [12-17].

Зерттеулер барысында, осы мәселелерді шешу үшін технологиялық тәсілдер – жасанды интеллект, чат-боттар, білім графтары және стандартталған интеграция шешімдері – негізгі рөл атқарады деуге болады. Төменде келтірілген 2-кесте технологиялық тәсілдердің нақты білім беру мәселелерін қалай шешетінін көрсетуге арналған.

Кестеден көретініміздей, бірінші педагогикалық мәселе – асинхронды формат салдарынан білім алушылардың мотивациясы төмендеп, курсты уақытында аяқтамай тастап кету көрсеткіші жоғарылайды. ЖАОК платформаларының ең басты әдістемелік мәселелерінің бірі болып табылады. Мәселенің шешімі ретінде, прогностикалық модельдер (Early Warning Systems, EWS) қолдану ұсынылады. Машиналық оқыту алгоритмдерін (Random Forest) қолдану білім алушыларды курстың 20-40% кезеңінде «тәуекел тобына»

жатқызуға мүмкіндік береді. Оны қолдану әдісі келесідей, жүйе шерту деректері мен тест нәтижелерін талдайды. Оқытушылар білім алушыны оқу ритміне қайта тарту үшін дербестендірілген хабарламалар жібере алады. Хабарламаларда үміт, қорқыныш немесе нақты кеңестер элементтері болады, олар білім алушылардың оқу мотивациясын қалпына келтіруге ықпал етеді [18].

Кесте 2 – ЖАОК әзірлеудегі педагогикалық және әдістемелік кедергілерді еңсеруге бағытталған технологиялық шешімдер

№	Педагогикалық мәселе	Технологиялық шешім	Қолданылатын әдіс/технология
1	Оқуды аяқтамай шығудың жоғары деңгейі, мотивацияның төмендігі	Прогностикалық модельдер (EWS)	Random Forest және басқа ML алгоритмдері, «триггер» хабарламалар арқылы білім алушыны қайта тарту
2	Жеке қолдау мен кері байланыстың жоқтығы	RAG негізіндегі чат-боттар	Retrieval-Augmented Generation, ашық білім ресурстарына сүйене отырып жауап беру, SRL дағдыларын қолдау
3	Когнитивтік жүктеме және навигациялық кедергілер	Білім графтары (EduKGs, PKGs)	Шашыраңқы контентті құрылымдау, жеке білім графтары арқылы дербестендірілген жолдар ұсыну
4	Теориялық алшақтық және дағдыларды бағалау	Интерактивті контент және автоматты бағалау	Браузерде кодтау, автоматты тестілеу, тікелей кері байланыс
5	Оқытушы мен оқу материалының статикалық рөлі	AIBook және 4PADAFE	Диалогтық интерфейс, ИИ-ассистенттер ментор рөлінде, жүйелі курс жобалау
6	Тілдік және институционалдық кедергілер	ЖИ локализациясы және LTI стандарты	HeyGen аватарлары, LMS жүйелері арасындағы үздіксіз интеграция, бағаларды синхрондау
Ескерту: [8] дереккөз негізінде құрастырылған			

Екіншіден, ЖАОК курстарының көлемділігін ескере отырып, оқытушы әрбір білім алушыға жеке көңіл бөле алмайды. Күрделі концепцияларды түсінуді қиындатады және оқу сапасын төмендетеді. Алайда, RAG (Retrieval-Augmented Generation) технологиясына негізделген чат-боттар қолданған тиімді. Ақылды көмекшілер білім алушыларға тәулік бойы (24/7) қолдау көрсетеді. RAG технологиясы ЖИ-ге жауаптарды тек ашық білім ресурстарына (OER) және курс материалдарына сүйене отырып генерациялауға мүмкіндік береді. Ол «галлюцинациялардың» ықтималдығын азайтып, білім алушылардың өздігінен реттелетін оқыту (Self-Regulated Learning, SRL) дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Үшіншіден, білім алушылар білім құрылымын ұйымдастыру және үлкен деректер массивінен қажетті материалдарды табу кезінде қиындықтарға тап болады. Осы жерде білім графтарын (EduKGs және PKGs) қолдануға болады. Автоматты білім графтарын құру шашыраңқы контентті жүйелеуге мүмкіндік береді. Жеке білім графтары (PKG) білім алушының нақты білім деңгейін тіркейді («не түсінбегенін») және оған дербестендірілген сұрақтар мен білім жолдарын ұсынады, бұл оқу үдерісін тиімді және мақсатқа бағытталған етеді [19].

Төртіншіден, ЖАОК-тардың әдістемелік қиындықтарының бірі – бейнедәрістерді пассивті қараудан белсенді білімді қолдануға көшу. Оның шешімі – интерактивті контент және автоматты бағалауды енгізу. Яғни, браузерге кіріктірілген бағдарламалау орталарын және автоматты бағалау құралдарын қолдану. Білім алушылар курстың ішінде тәжірибе жасап (браузерде кодтау) бірден кері байланыс алады. Техникалық ортада дағдыларды дамыту үшін маңызды, өйткені білім алушылар теорияны іс жүзінде қолдана алады [20-26].


Бесіншіден, дәстүрлі оқулықтар мен статикалық бейнелер цифрлық дәуір динамикасына сай келмейді. Бұған шешім ретінде, AIBook және 4PADAFE матрицасы ұсынылады. «Интеллектуалды кітаптарға» және жүйелі жобалауға көшу ұсынылады. AIBook статикалық мәтінді диалогтық интерфейспен алмастырады, білім алушы білімді бірлесіп құру процесіне белсенді қатысады. 4PADAFE әдістемесін қолдану арқылы оқытушылар (АТ маманы болмаса да) курстарды жобалай алады, мұнда ЖИ-ассистенттері ментор рөлін

атқарады. Алтыншыдан, халықаралық университеттік альянстар үшін курс жасау кезінде тілдік айырмашылықтар мен жүйелерді интеграциялау мәселелері туындайды. Мәселенің шешімі – ЖИ локализациясы және LTI стандарты. HeyGen сияқты аватарлар және (LTI) стандартын пайдалану арқылы, оқытушының қатысу әсерін сақтай отырып, ЖИ бейнедәрістерді бірнеше тілге тез аударуға мүмкіндік береді. LTI стандарты әртүрлі LMS жүйелерінен материалдарға үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз етіп, білім алушылардың бағаларын және прогресін синхрондайды[27].

Бұдан байқайтынымыз, жаппай ашық онлайн курстардың тиімділігі тек оқу материалының сапасына ғана емес, оны жеткізу тәсіліне және платформаның технологиялық мүмкіндіктеріне де байланысты.

Қорытынды

- сараланған оқыту; интеграцияланған оқыту жүйесі; көп деңгейлі тапсырмалар арқылы дамытушылық оқыту; жобалық оқыту технологиясы, П.М. Эрдниевтің проблемалық оқыту, белсенді оқыту әдісі және т. б. [1]. Ғалымдар жобалық, ғылыми-зерттеу, құзыреттілік, құзыреттілікке негізделген, белсенділікке негізделген және басқа да көптеген тиімді технологияларды әзірледі. Қазақстанда, Ж.А. Караев («Оқытудың үш деңгейлі әдістемелік жүйесі»), А.А. Жүнісбек (көп деңгейлі саралау технологиясы), М.М. Жанпейісова (модульдік оқытудың интерактивті технологиясы) және т. б. белсенді қолданылып келеді.

Біз өз зерттеуімізде тіл үйрету мақсатында қос технологияға тоқталғымыз келеді: тұлғаға бағытталған және модульдік. Көптеген педагогикалық технологиялардың ішінде тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы ерекше орын алады, бұл технология тіл үйренуші мен үйретушінің арасындағы қарым-қатынастың өзгеруін білдіреді, басты рөл тіл үйренушіге бағытталады. Әдіскер-ғалымдардың көпшілігі білім саласында модульдік тәсілді қолдануды жөн көреді, өйткені бұл тіл үйренушілердің жеке ерекшеліктеріне, олардың тәуелсіздігінің көрінісіне назар аударуға мүмкіндік береді, білім алушы өзіне ұсынылған жеке оқу бағдарламасымен неғұрлым дербес жұмыс істей алады [2]. Сонымен бірге педагог оқытуда, үйретуде бағыттаушы, бақылаушы қызметін атқарады, коммуникация арқылы тіл үйренушілердің өз бетінше білім мен дағдыларды игеруіне жағдай

жасайды. Тұлғаға бағытталған технология тұлғаның еркін және шығармашылық дамуына, оның әлеуетін іске асыруға әсер етеді.

Шығармашыл тұлғаны дамыту кезінде жауапкершілік педагогке жүктеледі, И.П. Подласыйдың пікірінше педагог «тәрбиелеу мен жетекшілік етуге, тыңдауға және естуге, кең көзқарасқа, адамдармен сөйлеу мәдениетіне, қарым-қатынасқа деген сенімді қалыптастыруға қабілетті болуы керек» [3]. Шетелдік студенттерді интерактивті-модульдік технология негізінде оқыту А.В. Ковалеваның, С.Е. Назановаңың диссертациялық зерттеулерінде қарастырылған [4]. Интерактивті-модульдік технология оқу үдерісінде жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған, бұл пәннің белсенді жетілдірілуімен сипатталады, қажетті нәтижеге жету үшін өз қалауы бойынша әртүрлі әдістерді қолданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеуге арналған материалдар, нормативтік-құқықтық актілер, бағдарламалар, жоспарлар, баяндамалар, есептер, зерттеулер болып табылады. Зерттеу әдістері зерттеу тақырыбы бойынша мәселені талдау, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың нәтижелі болуы үшін тиімді технологияны әзірлеу, негіздеу және ұсыну болып табылады. Зерттеу материалдары мен әдістері келесі зерттеу мәселелерін шешуге бағытталған:

1. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда интерактивті-модульдік технология қаншалықты тиімді болды?

2. Шетелдік қазақтарға қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда қандай ерекшеліктерді ескеру қажет?

Нәтижелер және оларды талқылау

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу, екінші тіл ретінде білу, меңгеру, тілдік жағдаятта дұрыс қолдана алу – еліміздің әрбір тұлғасының парызы, ендігі мәселе қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі (әрі қарай – ҚТШТОӘ), шындығында, тілді орыс топтары үшін екінші тіл ретінде, тілдік орта бар жерде оқыту бір бөлек те, шетелдік қазақтар үшін тілдік орта жоқ жерде ҚТШТОӘ бөлек мәселе екендігін түсіндіргіміз келеді.

Қазіргі таңда ҚТШТОӘ-не үлес қосқан әдіскер-ғалымдар Қ.Қадашева, Ұ.Асанова, Б.Ашықбаева, Ф.Оразбаева, Т.Аяпова, Э.Сүлейменова, З.Ерназарова, З.К.Ахметжанова, З.Күзекова, М.Жолшаева, Г.Мұсаева және т.б. атауға болады.

2000-2010 жылдардағы нормативтік-құқықтық актілерге, атап айтқанда тілдерді қолдану және дамыту бағдарламаларына шолу көрсеткендей (1998 жыл, 2001 жыл, 2018 жыл, 2019 жыл), бір жағынан, шетелде қазақ диаспорасын қолдау мақсаттарының кеңінен декларациялануы байқалады, екінші жағынан, оларға қол жеткізудің нәтижелілігі жоқ. 1998 жылғы бірінші басылымда қазақ диаспорасын шетелде мемлекеттік қолдаудың бірде-бір шарасы мүлдем аталмағаны назар аудартады.

Бағдарламаның екінші басылымының құндылығы ҚТШТОӘ құру туралы идеяның алғаш рет ұсынылғандығында: «Қазақстан Республикасында тұратын шет мемлекеттер азаматтарының санын ұлғайту үдерісін негізге ала отырып, ҚТШТОӘ жасақтауды қолға алу керек» [5]. Алайда, бұл идея осы бағдарламаны іске асырудың бүкіл онжылдық кезеңінде ешқашан тәжірибеге енгізілмеген екен.

ҚТШТОӘ оқыту мақсатында заманауи әдістеме ұсынылуы қажет екендігін баса айтқымыз келеді. Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану оқыту әдістеріне жаңа даму қарқынын қосады. Алайда қолданыстағы мол педагогикалық технологилардың ішінен тілді оқыту барысында нәтиже беретін технологияларды таңдай білу тілді шет тілі ретінде оқытудағы басты мәселелердің бірі болуы қажет.

Тілді үйрету мұғалімнің қатысуымен жүргізілетіндіктен ол шет тілінің иесі бола алмайды, сондықтан да тіл үйретуші мұғалімнің өз артықшылықтары бар. Мұғалім бұл жерде екі тілді де меңгерген тұлға ретінде оқу материалын тіл үйренушінің танымына сәйкестендіріп таңдай алады, қателіктердің алдын ала алады. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту көп жылдар бойы дәстүрлі формада жүргізілді, оның дәлелі ретінде мектеп бағдарламаларын көре аламыз.

Біздің жағдайымызда қазақ тілін үйренушіге шет тілі ретінде оқытуда лингвоәлеуметтік-мәдени әдісін қолданған жөн. Бұл әдісті ұстанушы ғалымдар тіл үйретуші мен үйренушінің арасында тіл тек грамматикалық бірліктерді үйретумен шектелмеуі тиіс, ондай жағдайда тілдің өміршеңдігі жойылатындығын көрсетеді. Әлеуметтік-мәдени әдіс тілдік құрылымдарды тілдік емес факторлармен (әр елдің мәдени-тарихи және әлеуметтік тәжірибесі) біріктіретіндігін көрсетеді. Осы әдіс көптілді тұлға қалыптасыруда нәтижелі екендігін алға қояды.

Тіл үйренудің бір қатарында лингводидактика маңызды рөл атқаратындығын естен шығармауымыз керек. Лингводидактика тілді үйрету ұғымы, тілді үйрету кезінде тілдік әрекеттерді ұғындыратын тіл білімі саласы, тілді оқытуда қолданылатын ғылыми пән екенін білеміз. Тілді

оқытудың лингвистикалық негізі тіл үйренушінің орыс тілді салыстыра талдауы маңызды, өйткені қазақ тілін үйрену кезінде туындаған қиындықтарды анықтауға көмектеседі және екінші тілдің дыбыстық, сөзжасамдық, сөйлемдік, мағыналық және стилистикалық айырмашылықтарын тұшымды түсінуге мүмкіндік береді. Толығырақ айтсақ, ғалымдар тілдің ерекшеліктерін меңгерумен қатар тілдің дидактикалық саласына талдау жасайды. Аталмыш мәселе тілдің басқа қабаттарын зерттеуге тірек бола алатынын айта кету керек. Салыстырмалы талдау жасауда лингводидактика мәселелеріне сәйкес жаттығулар орындалады. Лингводидактика талаптарына сай өтілген материалды бекіту мақсатында тіл үйренушіге мынадай талаптар қойылады:

1. Тіл үйренушіде жаттығуларды орындауы үшін сол жаттығуды орындайтын білімі болуы қажет;
2. Тіл үйренуші тіл үйрену үшін берілген тапсырмалардың пайдасын саналы түрде түсінсе ғана оның дағдысы қалыптасады;
3. Жаттығулар тіл үйренушілерді қызықтыратындай түсінікті болуы қажет;
4. Берілген жаттығуларда жүйе болуы қажет;
5. Жаттығулар бүгінгі өтілген тақырыпқа ғана емес, өтілген материалды да қайталауға мүмкіндік беруі қажет;
6. Жаттығулар тақырыпты ашатындай жеңілден күрделіге өсіп отыруы қажет;
7. Жаттығулардың дені шығармашылықты оятатын сипатта болуы шарт;
8. Жаттығуларда тіл үйренушінің еңбегі көрінуі тиіс;
9. Жаттығу барысында тіл үйренуші өз бетінше жұмыс жасай алуы қажет [6].

Ғалым Ф.Оразбаева тіл үйренушіге тілді сауатты үйрету үшін жазба жұмыстардың маңыздылығын атап өтеді [7]. Сонымен қатар тіл үйренуде коммуникативтік әдіс ең маңызды рөл атқаратындығы тәжірибеде көрініп жүр.

Интерактивті-модульдік технологияға негізделген білім беру жүйесі ауқымды блоктардан тұрады, әр тақырып арнайы тірек белгілер арқылы ықшамдалып түсіндіріледі, бұл графикалық атауларды педагогикада әдіскер-ғалымдар әртүрлі атайды: П.М. Эрдниев бұл графикалық кесінді дидактикалық бірліктердің ұлғаюы деп атаса, В.Ф. Шаталов, С.Д. Шевченко жүйелі жазбалар, М.Чошанов блок-схемалар, Г.Лаврентьева жүйелік-анықтамалық жазбалар, Ю.С. Меженко анықтамалық сигналдар деп атаған. Тірек белгілердің мұндай түрлерін пайдалану оқыту сапасының артуына себепші. Модульдік блоктар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оларға қойылатын бірден-бір талап – тез есте сақтау үшін қарапайымдылық пен мазмұндылық. Осылайша тірек белгілер тек бір ақпаратты беріп қана қоймайды, сонымен қатар тіл үйренушіге басты нәрсені бөліп көрсетеді, бағдарламалық материалды тереңірек меңгеруді қамтамасыз етеді, оқу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету қабілетін қалыптастырады. Әр модульдегі оқу сағаттарының саны оқу бағдарламасына және сағат санына байланысты өзгеріп отырады. Зерттеулер көрсеткендей көп жағдайда 7-12 сағаттан тұратын модульдер нәтижелі болып келеді. Оқу модулінде кіріспе және қорытынды жасау үшін 1-2 сағат қамтылады, басқа уақыттың барлығы сөйлесу бөліміне беріледі. Оқу модулінің сөйлесу бөлімін дайындау кезінде тіл үйретуші оқу материалдарының негізгі мазмұнын құрастырады, негізінен тіл үйренушіге сөйлесу бөлімінде коммуникативтік әдіс маңызды болып табылады. Модульдің сөйлесу бөлімін дайындау 5 қадамнан тұрады:

1. Модульдің сөйлесу бөлігінің негізгі оқу материалын бөлу;
2. Оқу материалын тұтас, жинақы түрде дайындау;
3. Үш деңгейлі тапсырмаларды дайындау;
4. Шығармашылық материалдарды дайындау;
5. Әр сабақта коммуникативті байланысты қамтамасыз ету.

Сөйлесу бөлімінің ұстанымдары мынадай:

1) оқу материалын сөйлесім әрекеттері арқылы оқыту ұстанымы.
2) материал көлемін ұлғайту арқылы оқыту ұстанымы.
3) сөйлесу бөлімнің әр сабағында оқу модулінің тақырыбына «оралу» ұстанымы.

Оқу модулін құрылымдаудың екінші ерекшелігі – тіл үйретушіні даярлау жүйесі. Тіл үйретушінің алдын-ала жұмысы:

- қазіргі уақытта білім, білік және дағды деңгейін, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

- берілген модуль бойынша оқу материалын зерделеу;

- берілген тақырып бойынша негізгі семантикалық жүктемені көтеретін негізгі ұғымдарды таңдау және анықтау;

- тақырып бойынша анықтамалық сызбаларды құрастыру;

- модуль бойынша үй тапсырмаларын құрастыру (15-20 тапсырма шегінде);
- модульдің оқу құрылымы мазмұны бойынша тапсырмалар мен сұрақтар құрастыру;
- сөйлесу бөлімінде кездесетін белсенді түрлерін анықтау.

Модульдің сөйлесу бөлімінде тіл үйренушіге *әр* сабақта берілетін үш күрделі деңгейдегі тапсырмалар берілген материалды *тыңдап, жазып, көріп, айту* мүмкіндігін тудыруға құрылған.

Оқыту жүйесін белсенді түрде ұйымдастыруда қолданылатын негізгі топпен, жұппен, жеке жұмыстар жүргізіледі, бұл сөйлесу бөлімінің негізгі мақсаты болып табылады. Модульдің аталмыш бөлімінде сабақ сайын өтілген материалды қайта жаңғырту мақсатында білімді талдап, жинақтап електен өткізу кезінде міндетті түрде оқытудың белсенді түрлері қолданылады.

3,4-сабақтардан бастап тіл үйренушілерге деңгейлік тапсырмалар беріледі. I деңгей тапсырмалары шығармашылықты талап ететін стандарттан жоғары сипатта болады.

Осыған дейінгі зерттеулер көрсеткендей, оқыту түрінің белсенді әдістері тіл үйренушілерге материалды бірнеше рет 13-тен 24 ретке дейін қайталауға мүмкіндік береді. Осы орайда психологтардың айтуы бойынша кез келген оқу материалын толық меңгеру үшін 7 рет қайталап нақтылағанда ғана жүзеге асады екен [8]. Осылайша, қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеру деңгейін интерактивті технология арқылы үйретуде этномәдени бірліктер арқылы оқытуды ұсынып отырмыз.

Біздің жағдайымызда қазақ тілін шет тілі ретінде интерактивті-модульдік технологияны қолдана отырып оқытуда «Қазақ тілі шет тілі ретінде А1» деңгейіндегі оқулықтың 2-бөлімі баспадан шықты. Оқу-әдістемелік кешен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған ЖТН АР 19680524 «Этномәдени бірліктер жүйесі арқылы ҚТШТОӘ» гранты нәтижесінде жасақталды.

Оқулықтағы тіл үйренушіге ұсынылған материалдың ерекшеліктерін талдай келе қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда интерактивті-модульдік оқыту технологиясының тиімділігін зерттеу нәтижесінде көре алдық. Оқулық шетелде тұратын, қазақ тілін үйренгісі келетін қазақтарға, соның ішінде 14 жастан асқан тыңдаушыларға арналған. Этномәдени бірліктер жүйесі арқылы ҚТШТОӘ арналған оқулық қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді тыңдау, оқу және түсіну, қарапайым қазақ тіліндегі сөздерді жаза және сөйлей білу қабілетін арттырады. Оқулықтың мазмұны 16 тақырыптан тұрады. Әр сабақта бастауыш деңгейдегі этномәдени бірліктер қазақтардың ұлттық мәдениетін базалық деңгейде зерделеудің әртүрлі әдістері арқылы тыңдаушыны ауызекі сөйлеуге үйретеді, оқулық материалдары қарапайым деңгейді меңгеруді толық қамтиды.

Оқулықты құрастыруда авторлар дидактикалық принциптердің классикалық жіктеуіне сүйенеді. Оқулықтың авторлары оны әзірлеу кезінде этномәдени материалды, грамматикалық материалды түсіндіруде, тапсырмаларды белгілеуде тиімді қабылдау және меңгеру үшін ана тіліне (яғни орыс тіліне) сүйену принципін басшылыққа алады, өйткені оқулық қазақ тілін оқымаған орыс тілді тыңдаушыларға арналған. Жұмыста сондай-ақ, В.Ф. Шаталовтың тірек белгілер технологиясының элементтері; интерактивті-модульдік оқыту технологиясы (М.М. Жанпейісова), проблемалық технологияның элементтері пайдаланылды. Бұған дейінгі зерттеулерде интерактивті-модульдік оқыту технологиясын қазақ тілін орыс топтарында оқытуда өз тәжірибемізде қолданып көрдік және күткен нәтижеге қол жеткіздік, аталмыш зерттеулер нәтижесі келесі мақалада анық көрсетілген: Gulmira Yermekbayeva, Gulzhana Kuzembayeva, Zhumagul Maydangalieva, Diana Spulbe «Effects of interactive learning module technology on Kazakh as a second language learners' achievement and communication skills» [9].

Зерттеу жұмысында талданатын материалдар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған ЖТН АР19680524 «Қазақ тілін шет тілі ретінде этномәдени бірліктер жүйесі арқылы оқыту әдістемесі» (2023–2025 жж.) атты жобасы бойынша алынған нәтижелер негізінде болып отыр. Аталмыш ғылыми жоба бойынша қарапайым деңгейге арналған қазақ тілі оқулығы, оқулыққа арналған әдістемелік нұсқаулық, монография, Скопус (Scopus) базасында Q2 деңгейіндегі ғылыми деректер базасына кіретін журналда және ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда мақалалар жарияланды [10, 11, 12, 13, 14].

Біз әзірлеген әдістеме қазақ тілін шет тілі ретінде үйренуге дейін интуитивті деңгейі (А0) бар және оны үйрену нәтижесінде бастапқы меңгеру деңгейіне (А1) жеткен орыс тілді этникалық шетелдік қазақтарға бағытталған.

Төменде талдау жүргізілген материалдар қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде зерттеуден өткен нәтижелер негізінде жарыққа шыққан төмендегі оқулықтар негізінде көрсетіледі:

1. Казахский язык как иностранный. Элементарный уровень (А1). Учебник / Г.Г. Ермекбаева, Г.Н. Туржанова, Г.А. Кузембаева, Ж.А. Майдангалиева. – Актобе: Типография «Хабар-Сервис», 2024. Ч. 1. – 2024. – 272 с. ISBN 978-601-81138-9-5

2. Казахский язык как иностранный. Элементарный уровень (А1). Учебник / Г.Г. Ермекбаева, Г.Н. Туржанова, Г.А. Кузембаева, Ж.А. Майдангалиева. – Актобе: Типография «Хабар-Сервис», 2024. Ч. 2. – 2024. – 252 с. – ISBN 978-601-81138-9-5

Алайда оқулықтағы 16 этномәдени бірліктерге арналған тақырыпты талдау мүмкін емес. Зерттеуіміздің нәтижесінде оқулықтың алғашқы тақырыптары ғана талданды.

Материалды оқулық авторлары қазақ тілін білмейтін қазақтармен бірге құрастырды, қазақ тілін мүлдем білмейтін қазақтардың бұл материалды қабылдауы ескерілді. Грамматикалық материалдар кесте түрінде берілді және орыс тілі грамматикасының ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылды. Кестелер материалды игеруге көп көмектеседі, әсіресе материалды бөліктерге бөлу есте сақтауға ыңғайлы. Жұмыс қазақ тілін білмейтін, қазақ тілін үйренетін білім алушының психологиялық ерекшеліктерін есепке алу қағидаты бойынша жүргізілді. 16 тақырыптың әрқайсысы үш бөлімнен тұрады, онда қысқаша анықтама, қазақ тілінің ережелері, тапсырмалар, қазақ және орыс тілдеріндегі сөздер мен сөз тіркестерінен сөздік ұсынылған.

Қысқаша анықтама қазақ мәдениеті әлеміне енетін және грамматикалық материалды қабылдауға дайындық ретінде қызмет ететін этномәдени материалды қамтиды. Сондай-ақ, этномәдени материалда ұсынылған көптеген сөздер тапсырмалар үшін лексикалық негіз болып табылады, олардың кейбіреулері пропедевтикалық мақсатта қолданылады. Көрнекі қабылдауды күшейту үшін қазақ тіліндегі мысалдар мен орыс тіліндегі кейбір сөздер бас әріптермен көрсетілген. Кестелердің астында жұлдызшамен (*) түсіндірме берілген. Жауаптары бар сұрақтар адамдар мен сандар туралы анықтамада байланыстырушы элемент ретінде, содан кейін енгізілген грамматикалық тақырып ретінде келтіріледі.

Қазақ тілінің ережелеріне қысқаша анықтамамен тығыз байланысты, мәтін түрінде де, кесте түрінде де көптеген мысалдармен ұсынылған грамматикалық материал кіреді. Тапсырмалар көк түспен белгіленген өзін-өзі тексеруден басталады. Аталмыш тапсырмалар лексикалық анықтаманы бекітуге арналған, сондықтан орындауға барынша оңай тиеді.

Лексика мен грамматиканы бекітуге арналған келесі тапсырмалар «қарапайымнан күрделіге», «сөзден сөйлемге, сөйлемнен мәтінге» қағидаты бойынша құрастырылған. Бұл ұстаным жоғарыда аталған интерактивті-модульдік технология бойынша құрастырылып отыр. Бұл қолжетімділік ұстанымы негізінен сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Олардың бағыты әр тыңдаушыға өздігінен тілдік қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді. Тапсырмалар жүйесі үй тапсырмасымен аяқталады, оны әзірлеу кезінде коммуникативті-когнитивті, проблемалық және жобалық тәсілдер қолданылды. Үй тапсырмасы мәтін деңгейінде «сөйлеуге шығу» арқылы шығармашылық сипатта дайындалған. Әр бөлімнің соңында этномәдени анықтамада және қазақ тілінің ережелерінде қолданылған қазақ-орыс тілдеріндегі сөздер мен сөз тіркестерінің сөздігі келтіріледі. Бұл сөздік олардың сапасын өзін-өзі тексеру мақсатында жасақталған.

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі әр деңгейде жүзеге асырылады: фонетикалық деңгейде (дыбыстар қызыл және көк түспен ерекшеленеді, екпін қойылады), морфемалық деңгейде (сөз буындардан, тізбектен тұрады), сөз деңгейіндегі морфологиялық деңгейде (есімдіктер, жеке зат есімдер, бөлек етістік және т.б. қарастырылады). Біз оларды жеке-жеке қарастырамыз, сандар бойынша, қысқа форма, оң форма, императивті форма және т.б. синтаксистік деңгейде: фраза, сөйлем деңгейінде қарастырдық. Зерттеуімізде мәтін деңгейінде тақырыптың этномәдени мазмұны арқылы коммуникативтік дағдыны қалыптастыруға назар аударды.

Қазақ тілінде екпін соңғы буынға қойылатындығын ескерту үшін тыңдаушылардың жақсы есте сақтауына біз кейбір сөздерге, сұрақтарға екпін белгісін қоямыз. Фонетикалық интерференцияны жеңу үшін алғашқы тақырыптарда екпінге көп мән беріледі. Тапсырмалардағы тақырыптардың әрқайсысында «*үлгі*» визуалды қабылдау үшін қызыл түспен белгіленген.

Этномәдени бірліктерді таныстыру мақсатындағы қысқаша анықтама сәлемдесу формасынан басталады, бұл нысандар қайда және қалай қолданылатындығы түсіндіріледі. Қысқаша анықтамада қазақ және орыс тілдерінде сәлемдесу нысандары, қолдану факторы және сәлемдесудің көрнекі нысаны көрсетілген кестелік нысанда берілген ресми және бейресми сәлемдесу нысандары сипатталады (мысалы, *«Сәлеметсіз бе!»* (бір адамға жүгіну). Басында ресми түрде сәлемдесудің сипаттамасы келтірілген, ол жалпы қолданылатын факторға, сондай-ақ аймақтық факторға байланысты екендігі түсіндіріледі. Әрі қарай, сәлемдесуді бейресми түрде сипаттауға көшу, тәулік уақыты факторы, жас ерекшелігі факторы және діни фактор сияқты түрлі факторларға байланысты амандасу түрлері түсіндіріледі. Сондай-ақ, қазақ халқының этномәдени ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін жас факторын қамтитын сәлемдесудің жауап нысаны жеке ұсынылған. Мысалдармен расталған кестеден кейін түсініктеме беріледі. Мысалы, егде жастағы қазақтар

қарапайым жауаппен шектелмейді – *«рақмет, БАЛАМ!»* Олар әдетте жауап ретінде бір нәрсеге тілек білдіретіндігін көрсеттік: *«БАҚЫТТЫ БОЛ!»* және т. б.

Қазақ тілінің ережелері бұл модульде қазақ әліпбиінің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың санын түсіндіреді. Мысалдарда көрсетілген белгілі бір жағдайларда дауысты және дауыссыз дыбыс ретінде *«У»* әрпіне ерекше назар аударылады *(Қуаныш, Уағалейкұмассалам!, Гауһар)*. Қазақ тіліне ғана тән 9 төл әріп ерекше сипатталады, олар айқын болу үшін дауысты әріптер қызыл түспен, дауыссыз әріптер көк түспен көрсетілген мысалдарда келтірілген. Мысалдарда сәлемдесу формалары бар ер және әйел есімдері *(Әсем, Өтеген, Ұлжан, Үміт, Ілияс, Ғалымжан, Ақмарал және т.б.)* қолданылған.

Қазақ тілінің ережелері түсіндірілгеннен кейін алғашқы тапсырма лексикалық тақырыптағы этномәдени бірліктерге байланысты *«Өзіңді тексер»* тапсырмасының атауы көк түспен көрсетілген, одан соң оқу дағдысын қалыптастыруға бағытталған қысқаша сұхбаттар берілген. Сұхбаттарда ресми және бейресми түрде амандасу түрлерін анықтау қажет. Сондай-ақ, сәлемдесудің берілген формаларының қалыптасуы қандай факторларға байланысты екенін есте сақтау қажет болады.

1-тапсырма суреттер мен сәлемдесу үндеулерін салыстыруға бағытталған.

2-тапсырма сурет бойынша *«Ассалаумағалейкум!»* амандасу түрі кімге бағытталатыны көрсетілген.

3-тапсырма тәулік уақытын ескере отырып, құттықтау хатын жазуға бағытталады.

4-тапсырма рұқсаттамаларды қазақ тілінің қажетті ерекше дыбыстарымен толтыруға берілген.

Модульдің *үй тапсырмасы* ретінде ресми және бейресми түрде ауызша амандасу және оған жауап алу формасына дайындықты анықтауға тапсырма берілген.

Жоғарыда қазақ тілін шет тілі ретінде интерактивті-модульдік технология негізінде үйретудің бір модуліне сипаттама беріп өттік. Осылайша мақалада ҚТШТОӘ мақсатында «Қазақ тілі шет тілі ретінде. Қарапайым деңгей (А1)» оқулығының алғашқы 1 сабағының құрылымын талдадық. Сабақ арнайы талдаудан өткен, тіл үйренушілерге эксперимент жүргізілген. Оқулықтағы тілді қарапайым деңгейде оқытудағы ерекшелікте интерактивті-модульдік технология элементтерін қолданудың тиімділігі дәлелденді.

Оқулықтағы қазақ тілін шет тілі ретінде қарапайым деңгейде оқытуда интерактивті-модульдік технологияны қолданудың тиімділігі біздің зерттеу жұмысымызда төмендегідей нәтиже көрсетті:

1. Мақала авторларының қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы құрастырған «Қазақ тілі шет тілі ретінде» (Қарапайым деңгей А1) оқулығында оқу материалы қысқаша сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндірілді;
2. Оқулықтағы этномәдени бірлікке негізделген тақырыптар мазмұны «өсу» бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивті тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға негізделді;
3. Оқу модульдерінде тапсырмалар тіл үйренушінің танымдық қызметін дамытуда күрделілік деңгейдегі берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылды;
4. Оқу модульдерінде оқу материалдарын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды қалыптастыру мақсатында кейіннен алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылды;
5. Оқу модульдерінде тіл үйренушілерге оқу материалына бірнеше мәрте қайта оралып жаттығуына мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда интерактивті-модульдік технологияны қолданудың тиімді екенін көрсетті. Нәтижесінде аталмыш технология негізінде қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда тілдік дағдыларды тиімді қалыптастыруға және тілді нәтижелі үйретуге ықпал ететіндігі анықталды. ҚТШТОӘ-нің үлгілік сабақтарын арнайы тіл үйренушілерге дайындаған видеокурстан бақылай аласыздар: Ермекбаева Г.Г., Майдангалиева Ж.А. Видеокурс «Қазақ тілі шет тілі ретінде. Қарапайым деңгей (А1)» https://www.youtube.com/@baishevuniversity/playlists [15].

QR-код:

Қорытынды

Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың маңыздылығы шетелде тұратын орыс тілді қазақтар үшін қажеттілігімен байланысты алаңдаушылығын көрсетті. Жоба аясында өткізілген онлайн курс кезінде шетелдік қазақтар үшін қазақ тілінің маңыздылығы мен қажеттілігін байқадық, тілді тез әрі тиімді үйрену мақсатында жаңа интерактивті тәсілдерді талдай отырып, жүргізілген зерттеулер интерактивті-модульдік технологияның тиімді екенін көрсетті. Мақала авторларының мәселені шешуге қосқан үлесі шетелде тұратын этникалық қазақтарға дайындаған оқу-әдістемелік кешенінен көрінеді.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулерге сүйене отырып қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда келесі деңгей негізінде интерактивті-модульдік технология элементтерін қолданудың нәтижелі болғандығын атап өте аламыз. Аталмыш оқу-әдістемелік кешенге сүйене отырып авторлар қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертуде интерактивті-модульдік технологияның тиімділігін анықтай алғанын көре аламыз.

Біздің зерттеуіміздің жалғасын қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда келесі деңгейдегі (А2 деңгейінде) оқулық, оқулыққа әдістемелік нұсқаулық және арнайы қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудағы онлайн курсын әзірлеумен байланыстыра аламыз. 2023-2025 жылдарға арналған ЖТН AP19680524 «Қазақ тілін шет тілі ретінде этномәдени бірліктер жүйесі арқылы оқыту әдістемесі» (2023–2025 жж.) атты жобасы бойынша алынған нәтижелер бірізділікпен жалғасын табу мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне 2026-2028 жылдарға арналған ЖТН AP 32730411 «Жаһандық аудиторияда қазақ тілін шетел тілі ретінде оқытудың ғылыми негізделген үлгісі» атты жоба ұсынылды. Алға қойылған міндетті әрі қарай шешу үшін жоба авторлары тек қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуді ғана емес, сонымен қатар басқа тілдердегі білімге сүйене отырып, қазақ тілін шет тілі ретінде үйренуге жағдай жасау арқылы шетелдік білім алушылардың аясын едәуір кеңейтуді ұсынады. Осы тәсіл аясында шетелдегі этникалық қазақтар үшін қазақ тілінің А2 деңгейіндегі курсын және шетелдік тыңдаушыларға арналған, ағылшын және қытай тілдеріне сүйене отырып жасалатын қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың бастапқы (А1) курсын әзірлеу көзделеді.

Қаржыландырылуы туралы ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған (ЖРН AP 32730411 гранты). Бұл зерттеу Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті тарапынан қаржыландырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілін пайдаланудың педагогикалық шарттары / пед. ғыл. канд. автореф. Алматы, - 2004. – 32 б.

2 Юцявичене П.А. Теория и практика модульное обучения. - Каунас: Швиеса, - 1989. – 272 с.

3 Подласый И.П. Педагогика: 100 вопросов-100 ответов: учеб. пособие для студентов вузов. – М.: Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, - 2006. – 365 с.

4 Ковалева А.В. Интерактивные педагогические технологии при обучении иностранных учащихся лексике русского языка: диссертация кандидата педагогических наук: 13.00.02 / Ковалева А.В. – Москва, - 2015. – 265 с.

5 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығы. Күші жойылды – Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі №63 Жарлығымен). [Электрондық ресурс]. - Available at: - URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U010000550 (қаралу уақыты 31.07.2025)

6 Әмір Р. Қазақ лингвистикасы және лингводидактика мәселелері: Оқу құралы / Құраст.: Ж.Р.Әмірова. – Алматы: Қазақ университеті: - 2006. – 287 б.

7 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, - 2005. – 147 б.

8 Жанпеисова М.М. Модульная технология обучения как средство развития ученика. – Алматы: КИЦ «ДОИВА», - 2002. – 180 с.

9 Gulmira Yermekbayeva, Gulzhana Kuzembayeva, Zhumagul Maydangalieva, Diana Spulbe Effects of interactive learning module technology on Kazakh as a second language learners' achievement and communication skills / Journal of Education and e-Learning Research Vol. 11, No. 3, P. 519-526.

10 Казахский язык как иностранный. Элементарный уровень (А1). Учебник / Г.Г. Ермекбаева, Г.Н. Туржанова, Г.А. Кузембаева, Ж.А. Майдангалиева. – Актобе: Типография «Хабар-Сервис», 2024. Ч. 1. – 2024. – 272 с.

11 Казахский язык как иностранный. Элементарный уровень (А1). Учебник / Г.Г. Ермекбаева, Г.Н. Туржанова, Г.А. Кузембаева, Ж.А. Майдангалиева. – Актобе: Типография «Хабар-Сервис», 2024. Ч. 2. – 2024. – 252 с.

12 Ермекбаева Г.Г., Туржанова Г.Н., Кузембаева Г.А., Майдангалиева Ж.А. Казахский язык как иностранный. Элементарный уровень (А1). Методическое руководство. – Типография ТОО «Хабар-Сервис», - 2024. – 100 с.

13 Майдангалиева Ж.А., Кузембаева Г.А., Ермекбаева Г.Г. Обучение казахскому языку как иностранному через систему этнокультурных единиц. Монография / Ж.А. Майдангалиева, Г.А. Кузембаева, Г.Г. Ермекбаева. – Актобе: Типография «Хабар-Сервис», - 2025 г. – 108 с.

14 Майдангалиева Ж.А., Кузембаева Г.А., Изтлеуова С.Ш., Ермекбаева Г.Г. Оценка эффективности мер государственной поддержки этнических казахов, проживающих за рубежом: усиление роли Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан // «Университет еңбектері – Труды университета» НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова». – 2023. – №92(3). – С. 338-342.

15 Ермекбаева Г.Г., Майдангалиева Ж.А. Видеокурс «Қазақ тілі шет тілі ретінде. Қарапайым деңгей (А1)» [Электрондық ресурс]. - Available at: - URL: https://www.youtube.com/@baishevuniversity/playlists (қаралу уақыты 31.07.2025)

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНТЕРАКТИВНО-МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОСТРАННОМУ

Аннотация

В статье рассматривается эффективность использования педагогических технологий в обучении казахскому языку иностранных казахов. В целях изучения языка важна педагогическая деятельность преподавателя, необходимость того, чтобы подходы и методы обучения имели набор средств, стимулирующих к осознанному изучению языка. В обучении казахскому языку как иностранному актуальным является предоставление возможности обучающемуся творческого развития, соотнесение языка с реальными жизненными ситуациями, систематическое самоопределение уровня роста достижений. Изучение казахского языка как иностранного в языкознании развивается иначе, чем изучение его как второго языка. Мы хотим показать эффективность педагогических технологий, сущность которых состоит о том, чтобы изучение языка проходила в деятельности с использованием интерактивно-коммуникативного метода. Целью данного исследования является описание, определение стратегий и целей обучения казахскому языку с использованием интерактивно-модульной технологии. Важно отметить, что коммуникативный подход предоставляет изучающим язык возможности для свободного общения; он расширяет диапазон их владения языком за счет ряда эффективных действий. Методы, применяемые к процессу обучения языку, являются механизмом, играющим наиболее важную роль в овладении языком. В нашем случае, методами обучения казахов-иностранцев казахскому языку осуществляется через знакомство с казахской культурой и историей, традициями, духовными ценностями, что и характеризует основное содержание интерактивно-модульной технологии. На изучение языка влияет языковая среда, цель изучения языка, достойная методика обучения как фактор, не зависящий от талантов и качеств человека. Учитывая, что только систематическая и содержательная методология и методика приводит к результатам в изучении языка, мы рассматриваем стратегию и цели обучения, исходящие из требований к использованию интерактивно-модульной технологии, в качестве основных индикаторов нашего исследования.

Ключевые слова: обучение языку, казахский язык как иностранный, интерактивно-модульная технология, владение языком, факторы, влияющие на изучение языка.

THE EFFECTIVENESS OF INTERACTIVE MODULAR TECHNOLOGY IN TEACHING KAZAKH AS A FOREIGN LANGUAGE

Abstract

The article examines the effectiveness of pedagogical technologies in teaching the Kazakh language to foreign Kazakhs. To learn a language, the pedagogical activity of a teacher is important, and teaching methods must include tools that encourage the language learner to learn the language consciously. In teaching Kazakh as a foreign language, it is important to provide students with opportunities for creative development, correlation of the language with real-life situations, and systematic self-determination of the level of achievement growth. The study of Kazakh as a foreign language develops differently from the study of Kazakh as a second language.

We want to demonstrate the effectiveness of pedagogical technologies by showing that language learners engage in activities focused on interactive and communicative methods in real-world communication using language acquisition strategies. The purpose of this study is to describe and define learning strategies and goals with an emphasis on language performance in interactive modular technology. It is important to note that the communicative approach provides language learners with opportunities for free communication and expands their language proficiency through a range of effective actions. The methods applied to the language learning process are the mechanism that plays the most important role in language acquisition. In our case, teaching Kazakhs-foreigners the Kazakh language through

acquaintance with Kazakh culture and history, traditions, and spiritual values, as well as language teaching using interactive modular technology. Language learning is influenced by the language environment, the purpose of language learning, and a decent teaching method, as factors other than human talents and qualities. Given that only a systematic and meaningful methodology yields results in language learning, we consider learning strategies and goals based on interactive modular technology as the main indicators of our research. Teaching Kazakh as a foreign language should be organized as a creative process that promotes the formation of an intellectual personality and the development of thinking. This leads to the use of interactive modular technology, determined by its content and features, as well as general didactic methodological principles and patterns.

Key words: language teaching, Kazakh as a foreign language, interactive modular technology, language proficiency, factors influencing language learning.

REFERENCES

1 Köşımbetova S.A. Oqu-tärbie ürdısında oqytudyñ innovasialyq ädıs-täsılın paidalanudyñ pedagogikalyq şarttary[*Pedagogical conditions for using innovative teaching methods in the educational process*]/ ped. ğyl. kand. avtoref. Almaty, - 2004. – 32 p. [in Kazakh]

2 YUcyavichene P.A. Teoriya i praktika modul'noe obucheniya. [*Theory and Practice of Modular Learning - Kaunas*]: SHviesa, - 1989. – 272 p. [in Russian]

3 Podlasyj I.P. Pedagogika: 100 voprosov-100 otvetov: ucheb. posobie dlya studentov vuzov [*Pedagogy: 100 Questions, 100 Answers: A Textbook for University Students*]– M.: Izd-vo VLADOS-PRESS, - 2006. – 365 p. [in Russian]

4 Kovaleva A.V. Interaktivnye pedagogicheskie tekhnologii pri obuchenii inostrannyh uchashchihsya leksike russkogo yazyka: dissertaciya kandidata pedagogicheskih nauk: 13.00.02 [*Interactive pedagogical technologies in teaching Russian vocabulary to foreign students: dissertation of a candidate of pedagogical sciences*]13.00.02 / Kovaleva A.V. – Moskva, - 2015. – 265 p. [in Russian]

5 Tılderdı qoldanu men damytudyñ 2001-2010 jyldarğa arnalğan memlekettık bağdarlamasy turaly (Qazaқstan Respublikasy Prezidentinің 2001 zhylғy 7 aқpandaғy № 550 ZHarlyғy. Kүshi zhojyldy – Qazaқstan Respublikasy Prezidentinің 2011 zhylғy 18 səuirdegi №63 ZHarlyғymen) [*On the state program for the use and development of languages for 2001-2010 (decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated February 7, 2001 No. 550. Repealed by the decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated April 18, 2011 No. 63*)] Available at: - URL https://adilet.zan.kz/rus/docs/U010000550 [in Kazakh] (accessed: 31.07.2025)

6 Əmir R.: [*Problems of Kazakh linguistics and linguodidactics: Textbook*] / Құrast.: ZH.R.Əmirova. – Almaty: Qazaқ universiteti: - 2006. – 287p. [in Kazakh]

7 Orazbaeva F. Tıldık qatynas negızderı [*Fundamentals of language communication]*– Almaty, - 2005. – 147 p. [in Kazakh]

8 ZHanpeisova M.M. Modul'naya tekhnologiya obucheniya kak sredstvo razvitiya uchenika [*Modular learning technology as a means of student development*]– Almaty: KIC «DOIVA», - 2002. – 180 p. [in Russian]

9 Gulmira Yermekbayeva, Gulzhana Kuzembayeva, Zhumagul Maydangalieva, Diana Spulbe Effects of interactive learning module technology on Kazakh as a second language learners' achievement and communication skills / Journal of Education and e-Learning Research Vol. 11, No. 3, P. 519-526, [in English]

10 Kazahskij yazyk kak inostrannyj. Elementarnyj uroven' (A1). Uchebnik / G.G. Ermekbaeva, G.N. Turzhanova, G.A. Kuzembaeva, ZH.A. Majdangalieva. [*Kazahski iazyk kak inostrannyi. Elementarnyi uroven (A1*)]. – Aktobe: Tipografia «Habar-Servis», 2024. Ch. 1. - 2024. – 272p. [in Russian]

11 Kazahskij yazyk kak inostrannyj. Elementarnyj uroven' (A1). Uchebnik / G.G. Ermekbaeva, G.N. Turzhanova, G.A. Kuzembaeva, ZH.A. Majdangalieva. [Kazahski iazyk kak inostrannyi. Elementarnyi uroven (A1)]– Aktobe: Tipografia «Habar-Servis», 2024. Ch. 2. – 2024. – 252 p. [in Russian]

12 Ermekbaeva G.G., Turzhanova G.N., Kuzembaeva G.A., Majdangalieva ZH.A. Kazahskij yazyk kak inostrannyj. Elementarnyj uroven' (A1). Metodicheskoe rukovodstvo. [*Kazahski iazyk kak inostrannyi. Elementarnyi uroven (A1*)] Metodicheskoe rukovodstvo. – Tipografia TOO «Habar-Servis», - 2024. – 100 p. [in Russian]

13 Majdangalieva ZH.A., Kuzembaeva G.A., Ermekbaeva G.G. Obuchenie kazahsko¬mu yazyku kak inostrannomu cherez sistemu etnokul'turnyh edinic [*Teaching Kazakh as a foreign language through the system of ethnocultural units*]. Monografia. – Aktobe: Tipografia «Habar-Servis», - 2025 . – 108 p. [in Russian]

14 Majdangalieva ZH.A., Kuzembaeva G.A., Iztleuova S.SH., Ermekbaeva G.G. Ocenka effektivnosti mer gosudarstvennoj podderzhki etnicheskih kazahov, prozhivayushchih za rubezhom: usilenie roli Ministerstva nauki i vysshego obrazovaniya Respubliki Kazahstan [*Assessing the effectiveness of government support measures for ethnic Kazakhs living abroad: strengthening the role of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan*] // «Universitet eñbekterı – Trudy universiteta» NAO «Karagandinski tehnicheski universitet imeni Abylkasa Saginova». – 2023. – №92(3). – P. 338-342. [in Russian]

15 Ermekbaeva G.G., Majdangalieva ZH.A. Videokurs «Kazahskij yazyk kak inostrannyj. Elementarnyj uroven' (A1)» *["Kazakh as a Foreign Language. Elementary Level (A1)"]* - Available at: - URL: https://www.youtube.com/@baishevuniversity/playlists [in Kazakh] (accessed: 31.07.2025)

Information about authors:
Gulmira Yermekbayeva - PhD, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Republic of Kazakhstan
E-mail: g.yermekbayeva@zhubanov.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5497-1062
Zhumagul Maydangalieva – **corresponding author**, PhD, Associate Professor, Baishev University, Aktobe, Republic of Kazakhstan;
E-mail: maydangalieva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3189-8880
Gulzhana Kuzembayeva – PhD, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Republic of Kazakhstan
E-mail: kuzembayeva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8964-3683

Информация об авторах:
Гульмира Ермекбаева – доктор философии (PhD), доцент, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, г.Актобе, Республика Казахстан
E-mail: g.yermekbayeva@zhubanov.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5497-1062
Жумагуль Майдангалиева – **основной автор,** доктор философии (PhD), доцент, Баишев Университет, г.Актобе, Республика Казахстан.
E-mail: maydangalieva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3189-8880
Гульжана Кузембаева – доктор философии (PhD), доцент, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, г.Актобе, Республика Казахстан
E-mail: kuzembayeva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8964-3683

Авторлар туралы ақпарат:
Гульмира Ермекбаева – философия докторы (PhD), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті доценті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: g.yermekbayeva@zhubanov.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5497-1062
Жумагуль Майдангалиева – **негізгі автор,** философия докторы (PhD), доцент, Баишев университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: maydangalieva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3189-8880
Гульжана Кузембаева – философия докторы (PhD), доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: kuzembayeva@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8964-3683

IRSTI 14.35.07 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.17**
UDC 378

G.U. Koishygulova[1]* , K.Zh. Turebayeva [1], T.A. Olkhovaya [2]

[1] K.Zhubanov Aktobe Regional University
Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan
[2] Orenburg State University
Orenburg, 460018, Russian Federation
* e-mail: gulshok85@mail.ru

STRATEGIES FOR INTEGRATING ICT INTO THE FORMATION OF THE DIGITAL CULTURE OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The article provides a detailed study of strategies for integrating information and communication technologies (ICT) into the training of future primary school teachers. Special attention is paid to the analysis of existing approaches to the formation of teachers' digital culture in the context of globalization and rapid technological development. The author's analysis includes an assessment of current methods, identification of their shortcomings, and suggestions for optimizing curricula and courses. ICT integration is presented as a complex cultural, pedagogical, and social process that requires an interdisciplinary approach. The purpose of the research is to theoretically substantiate and develop effective strategies for integrating information and communication technologies (ICT) into the process of training future primary school teachers aimed at shaping their digital culture in the context of globalization and digital transformation of education based on the analysis of existing approaches, identifying their limitations and developing practice-oriented recommendations for improving educational programs and methods. training. The results of the study confirm the need to modernize educational infrastructure, develop digital modules, and improve teachers' professional training. The article emphasizes that the formation of the digital culture of future teachers is possible only through a combination of technology and pedagogical innovations, individual approaches, and the constant updating of the methodological base. The research results include strategic recommendations to improve the educational process, such as introducing project-based learning, hybrid formats, gamification, and cloud technologies. The data obtained has significant practical value and contributes to dialogue among educational institutions, policymakers, and researchers. The authors conclude that a systematic approach is needed to create a sustainable digital culture that will serve as the basis for professional teacher training in the context of the digital transformation of society.

Keywords: information and communication technologies, digital culture, educational process, digital literacy, digital skills.

Introduction

In the context of the digitalization of all spheres of life, education is facing new challenges that require modernizing approaches to teacher training. Information and communication technologies (ICT) are becoming an integral part of the educational process, opening up wide opportunities to improve its effectiveness, personalize learning, and enhance the interactivity and accessibility of educational materials. However, the successful implementation of digital technologies in educational practice largely depends on teachers' level of digital culture and their willingness to use innovative tools and techniques. Future primary school teachers play a key role in developing digital literacy among younger students. The initial stage of training is crucial for laying the foundations of an information culture and for safe, meaningful use of digital technologies. Therefore, training teachers to effectively integrate ICT into the educational process is becoming a priority task in modern pedagogical science.

Despite the widespread use of digital technologies in education, several serious problems hinder their full integration: the discrepancy between curricula and the requirements of the digital age, the gap between theoretical training and the practical use of ICT, limited access to modern educational technologies, and insufficient digital competence among teachers. In educational institutions, future teachers often master traditional teaching methods, while digital technologies are considered only in fragments. Many teachers struggle to adapt to new educational formats because their professional training does not include sufficient practical cases and techniques for working with digital tools. There is a shortage of technical equipment in some educational institutions, insufficient funding for updating digital infrastructure, and weak technical support. In

addition, teachers, especially the older generation, lack the necessary digital skills and are not always motivated to learn new technologies.

In this context, the study's relevance is determined by the need to develop comprehensive strategies for integrating ICT into the training of future primary school teachers. The modern educational environment requires not only technical equipment but also methodological, organizational, and psychological readiness among teachers for digital changes. The research aims to develop and substantiate strategies for integrating ICT into the formation of the digital culture of future primary school teachers to increase their professional competence in the context of the digital transformation of education. To achieve this goal, an analysis of existing approaches to integrating ICT into teacher education has been carried out, the main problems and barriers preventing the formation of a digital culture have been identified, recommendations have been developed for modernizing curricula to meet the requirements of the digital age, and mechanisms for monitoring and evaluating the effectiveness of ICT implementation in the educational process have been identified.

The study is based on a qualitative analysis of existing strategies for the digitalization of teacher education. The main research methods are the analysis of scientific literature and educational programs, which allows us to identify current trends and existing problems in the field of ICT integration, SWOT analysis aimed at identifying the strengths and weaknesses of the current teacher training system, as well as the opportunities and threats associated with the introduction of digital technologies, the expert interview method, including a survey of teachers of pedagogical universities and specialists in the field of digitalization of education to identify key problems and needs, and to survey students of pedagogical specialties, which allows them to assess their level of digital competence and readiness to use ICT in their professional activities.

The novelty of the work lies in an integrated approach to the formation of the digital culture of future teachers, taking into account not only technical aspects, but also methodological, pedagogical, and organizational factors. Unlike existing studies, this study considers ICT not as a separate tool but as an integral component of the educational ecosystem, which requires adapting curricula, training teachers, and developing digital infrastructure.

Pedagogical universities and institutes can use the recommendations developed during the study to update educational programs, introduce digital modules, and improve teachers' skills. In addition, the results obtained can be useful for government agencies responsible for the digitalization of education, as well as for schools seeking to improve the digital literacy of teachers and students. Thus, the formation of the digital culture of future primary school teachers requires a systematic approach, including the modernization of educational programs, professional training of teachers and the development of digital infrastructure. The introduction of effective ICT integration strategies will create an educational environment that meets the requirements of the digital society and promotes the formation of new competencies among teachers and students.

Literary review.

The issues of integrating information and communication technologies (ICT) into the educational process and the formation of digital culture among future teachers are widely studied in the scientific literature. This paper examines key studies on the development of teachers' digital competencies, methods for digitalizing the educational process, and problems related to the introduction of ICT into the teacher training system.

Artemyeva V., Voronina L. (2020) consider the development of the information culture of future teachers in the context of digitalization of education [1]. The authors emphasize the need to modernize educational programs taking into account digital technologies and to develop teachers' skills of critical understanding of digital content. The study highlights the importance of an integrated approach that includes both technical and methodological training for teachers.

Abbasova L., Zotova I. (2021) analyze the technologies for forming the information culture of future teachers [2]. They note that the digitalization of education requires teachers to possess not only technological tools, but also pedagogical methods that ensure the effective use of ICT in the educational process. The authors identify the key principles for integrating ICT into teacher

training, including personalizing learning, developing digital skills, and fostering digital responsibility among future teachers.

Second, the case highlights the extent to which national AI education policy is now inseparable from broader processes of digital education governance and platformisation. Williamson (2016) argues that digital infrastructures increasingly shape how educational systems are governed, not only by supporting delivery but also by reorganising accountability, decision-making, and data flows. More recently, Komljenovic and Williamson have shown how platformisation reconfigures higher education through proprietary systems, contractual dependencies, and new forms of governance by external providers. AI-Sana strongly reflects this dynamic. Although the programme is state-led, its operation depends in significant part on platform-based courses, localized digital credentials, and external technological infrastructures, making platform partnerships not peripheral but constitutive of the policy model itself.

This platformised architecture creates both opportunities and dependencies. On the one hand, platform partnerships offer speed, scalable delivery, and the possibility of rapidly updating AI-related content. On the other hand, they raise familiar concerns about control over curriculum, the governance of learner data, procurement transparency, and long-term dependence on external providers.The Kazakhstan case, therefore, supports the view that AI literacy policy should not be analysed only as a matter of human capital formation; it must also be understood as part of the wider reconfiguration of higher education governance through digital infrastructures and platform markets.

This argument is reinforced by emerging debates on responsible AI. UNESCO's guidance on generative AI in education stresses that institutional adoption should be accompanied by attention to transparency, privacy, human oversight, and the evaluation of educational impact. Similarly, recent European Commission guidance on Article 4 of the AI Act reframes AI literacy as an organisational obligation for providers and deployers of AI systems, not merely as a desirable educational outcome. For universities, this implies that student upskilling cannot be separated from staff capacity, oversight arrangements, integrity safeguards, and mechanisms of contestability in AI-mediated processes. In this respect, AI-Sana illustrates how quickly AI policy moves from curriculum reform into the domain of institutional governance.

Third, AI-Sana is globally informative because it links mass higher education delivery to an explicit innovation pipeline and to enabling compute infrastructure. This combination can be interpreted through both national innovation systems thinking and mission-oriented innovation policy. Freeman emphasises that capability is built through interaction among universities, firms, and state institutions, rather than through isolated educational interventions. Likewise, mission-oriented approaches stress that strategic capability building requires not only training but also new institutions, coordination mechanisms, and pathways for translation into application [16]. AI-Sana's 'skills-projects-startups' logic closely reflects this orientation.

Comparatively, this makes AI-Sana distinct from better-known international models. Finland's Elements of AI demonstrates the reach of open, large-scale AI literacy but does not directly integrate that literacy into an innovation funnel. Singapore's AI Apprenticeship Programme offers a much deeper and deployment-oriented model, but at smaller scale and with a more selective entry structure (AIAP, n.d.). Estonia's AI Leap foregrounds system readiness, teacher capacity, and equitable access

to tools, thereby bringing governance issues such as privacy and pedagogy to the forefront. The European Union, in turn, increasingly frames AI literacy in terms of compliance and organisational governance rather than mass education per se. AI-Sana attempts to combine aspects of all of these models: mass delivery, staged deepening, innovation translation, and governance-backed infrastructure.

Yet the ambition of this hybrid design also explains its fragility. The analysis suggests that the most difficult part of the AI-Sana architecture is not initial participation, but the middle of the pipeline: the transition from foundational literacy to applied capability, from applied capability to credible projects, and from projects to viable startup or deployment outcomes. This diagnosis is consistent with both policy-mix theory and programme theory evaluation. Flanagan et al. argue that the value of a policy mix lies in how instruments interact over time, including where complementarities fail or where bottlenecks emerge. Weiss, similarly, stresses that evaluation should track causal mechanisms and intermediate transitions rather than focus only on final outputs. In AI-Sana, those intermediate transitions include progression across stages, access to mentoring, integration into disciplinary contexts, access to data and compute, and the presence of robust standards for judging project maturity and competence.

The case also points to the importance of infrastructure as a governance issue in its own right. Recent work on compute governance argues that compute is increasingly a strategic resource that can be measured, allocated, and governed as part of national AI capacity-building efforts. Kazakhstan's investment in national computing infrastructure is therefore not merely a technical background condition; it is part of the policy mix that shapes what kinds of AI work become possible in universities and who gains access to them. At the same time, infrastructure does not automatically translate into capability. Without transparent access rules, institutional support, and meaningful integration into teaching and research, compute investment may remain symbolically powerful but unevenly utilised.

These findings extend scholarship in three ways. First, they suggest that national AI education initiatives should be conceptualised as compound governance arrangements rather than stand-alone training programmes. Second, they show that the quality and meaning of outputs become more important, not less, as scale increases. Third, they demonstrate that universities are increasingly being positioned as operational sites of AI statecraft, where curriculum, platform governance, innovation policy, and infrastructure investment intersect. In this sense, AI-Sana is valuable not only as a national case of rapid AI mainstreaming but also as a lens through which to examine the changing relationship between higher education and state-led technological transformation.

The evaluation blueprint proposed in this paper is intended as a practical response to these issues. Grounded in programme theory evaluation , micro-credential governance concerns and responsible AI principles, it offers a way to move from activity counts toward more credible evidence on capability, progression, governance quality, and innovation outcomes [17]. Without such measurement discipline, fast-scaling national AI initiatives risk conflating visibility with effectiveness. The long-term significance of AI-Sana for both policy and scholarship will therefore depend not only on how many learners it reaches, but on whether it can demonstrate validated competence, meaningful stage progression, and trustworthy governance across the higher education system.

Conclusion

This paper has argued that Kazakhstan's AI-Sana programme is best understood not as a stand-alone training initiative, but as a national policy mix that mobilises higher education for both capability formation and innovation-policy goals. Its significance lies in the attempt to align curricular mainstreaming, micro-credential provision, anchor-university implementation, innovation-funnel mechanisms, and compute infrastructure within a single architecture of AI capability building.

The analysis has also shown that the value of such initiatives cannot be judged by scale alone. As research on micro-credentials suggests, participation and certification counts do not by themselves demonstrate quality, portability, or validated competence [18]. In AI-Sana, the distinction between certificates, unique learners, and demonstrated capability is therefore central to evaluating whether the programme is generating durable outcomes or primarily visible outputs.

More broadly, the case shows that AI education policy increasingly overlaps with digital education governance framework. AI-Sana depends on platform-mediated delivery, institutional coordination, and emerging infrastructure, while also raising questions about quality assurance, data governance, platform dependence, and the responsible use of AI in university settings. Kazakhstan is therefore globally informative because it illustrates how universities can serve as operational sites for a national AI strategy.

The paper's practical contribution is a minimum reporting standard and a stage-aligned evaluation blueprint designed to improve interpretation, comparability, and policy learning across similar initiatives**.** Ultimately, the significance of AI-Sana will depend not only on how many learners it reaches, but on whether it can demonstrate credible progression from exposure to competence, from competence to application, and from application to meaningful educational and innovation outcomes.

REFERENCES

1. Williamson B. (2016). Digital education governance: An introduction. European Educational Research Journal, 15(1). – P.3–13.
2. Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. Concept for Artificial Intelligence Development for 2024–2029 adopted by Government. 2025. Access mode: URL: https://primeminister.kz/en/news/concept-for-artificial-intelligence-development-for-2024-2029-adopted-by-government-28786 (accessed: 05.12.2025).
3. Flanagan K., Uyarra, E., Laranja, M. Reconceptualising the 'policy mix' for innovation. Research Policy, 40(5). – 2011.– P.702–713.
4. Freeman C.. The 'National System of Innovation' in historical perspective. Cambridge Journal of Economics, 19(1). – 1995– P.5–24.
5. European Commission AI literacy — Questions & Answers (Article 4 of the AI Act). 2025. Access mode: URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/faqs/ai-literacy-questions-answers (accessed: 12.12.2025).
6. OECD (a). Micro-credential innovations in higher education: Who, what and why? OECD Education Policy Perspectives, No.39. –2021 – P.34–38.
7. Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education: Where are the educators? International Journal of Educational Technology in Higher Education. – 16(39). – 2019– P.29–39.
8. European Commission. AI Act Service Desk: Article 4 — AI literacy. 2025Access mode: URL: https://ai-act-service-desk.ec.europa.eu/en/ai-act/article-4 (accessed: 25.12.2025)
9. EKTU (D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University). What is AI-Sana? 2025Access mode: URL: https://en.ektu.kz/?lang=en (accessed: 08.11.2025)
10. Qazinform. 100,000 Kazakh students to enroll in advanced AI programs. 2025Access mode: URL: https://qazinform.com/news/100000-kazakh-students-to-enroll-in-advanced-ai-programs-687302 (accessed: 07.10.2025)
11. OECD. Quality and value of micro-credentials in higher education. OECD Education Policy Perspectives, No.40. – 2021– P.67–79.
12. Sastry G., Heim L., Belfield H., Anderljung M., Brundage M., et al. Computing Power and the Governance of Artificial Intelligence. arXiv. 2024. Access mode: URL: https://arxiv.org/abs/2402.08797 (accessed: 19.12.2025)
13. Komljenovic J., Williamson B. Behind the platforms: The political economy of platformization in higher education (working paper). 2024. Access mode: URL: https://www.pure.ed.ac.uk/ws/portalfiles/portal/452338496/KomljenovicJWilliamsonB2024BehindThePlatforms.pdf (accessed: 16.10.2025)
14. Weiss C.H. Theory-based evaluation: Past, present, and future. New Directions for Evaluation, 76. 1997– P.41–55.
15. Government of Estonia, Ministry of Education and Research. Estonia announces AI Leap programme to bring AI tools to all schools. 2025. Access mode: URL: https://www.hm.ee/en/news/estonia-announces-groundbreaking-national-initiative-ai-leap-programme-bring-ai-tools-all (accessed: 07.11.2025)
16. European Commission. Mission-oriented innovation policy: Challenges and opportunities. 2018Access mode: URL: https://research-and-innovation.ec.europa.eu/document/download/4a706109-deaa-46b6-9e96-a5143a1ff9a3_en (accessed: 28.10.2025)
17. Council of the European Union. Council Recommendation of 16 June 2022 on a European approach to micro-credentials for lifelong learning and employability (2022/C 243/02). Official Journal of the European Union. Access mode: URL: https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/HTML/?uri=CELEX:32022H0627(02) (accessed: 11.10.2025)
18. Tamoliūnė G., et al. Exploring the potential of micro-credentials: A systematic review. Frontiers in Education. 2023Access mode: URL: https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/feduc.2022. 1006811/full (accessed: 15.01.2026).

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ КОНТЕКСТІНДЕ AI-САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ: ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ҮЛЕСІ (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа

Үкімет жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы дағдыларды барған сайын білім беру реформасының басымдығы әрі инновациялық саясаттың құралы ретінде қарастырып отыр. Мақаланың мақсаты Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде жасанды интеллект дағдыларын дамыту саласындағы AI Sana бағдарламасын кешенді policy mix ретінде талдау және бағалау болып табылады. Бұл мақала 2024 жылдың соңында іске қосылған Қазақстанның AI-Sana бағдарламасына қатысты құжаттарға негізделген кейс-стади ұсынады. Бағдарлама білім алушыларды бастапқы AI сауаттылығынан менторлық сүйемелдеудегі жобаларға, ал аз бөлігі үшін стартаптарды акселерациялауға бағытталған кезеңдік траектория ретінде құрылған. Авторлар ұсынған бағдарламалық анықтамалық материалдарды ашық қолжетімді үкіметтік коммуникациялармен, беделді жарияланымдармен және ұқсас халықаралық бастамалардың ресми сипаттамаларымен салыстыра отырып, біз AI-Sana-ның саясаттық архитектурасын қалпына келтіреміз және оны жеке бір оқыту араласуы ретінде емес, policy mix ретінде талдау қажет деп тұжырымдаймыз. Бұл policy mix келесі элементтерді біріктіреді: (i) нормативтік мандатқа сүйенген оқу бағдарламаларын негізгі жүйеге енгізу; (ii) платформалық әріптестіктер және жергіліктендірілген микро-біліктіліктер; (iii) өңірлік «якорлық» университеттер арқылы іске асыру әлеуеті; (iv) жобаларды коммерцияландырумен байланыстыратын инновациялық воронка құралдары; және (v) ұлттық есептеу инфрақұрылымына инвестициялар арқылы қамтамасыз етілетін қолдаушы инфрақұрылым. Талдау сонымен қатар жылдам ауқымданатын бастамаларға тән өлшеу мәселелерін — әсіресе сертификаттар, бірегей білім алушылар саны және құзыреттердің өсуі арасындағы айырмашылықтың көмескіленуін, айқындайды және есеп беру деректеріндегі вариацияны талдамалық тұрғыдан маңызды нәтиже ретінде қарастырады. Микро-біліктіліктерді басқару, цифрлық білім беруді басқару және жауапты генеративті ЖИ бойынша зерттеулерге сүйене отырып, біз ең төменгі есеп беру стандартын және кезеңдерге үйлестірілген индикаторларды қамтитын бағалау тұжырымдамасын ұсынамыз; бұл халықаралық салыстырмалылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан жаһандық тұрғыдан айрықша маңызды мысал болып табылады, өйткені ол жоғары білімді жүйелік деңгейде қамтуды, инновацияны трансляциялауды және есептеу инфрақұрылымын ұштастырады; бұл ұлттық ЖИ стратегияларының университеттер арқылы қалай іске асырылатынын көрсетіп, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету, академиялық адалдық және платформаларға тәуелділік мәселелерін өткір қояды.

Негізгі сөздер: экономикалық өсу, бағалау, жоғары білім берудегі АИ, АИ-сауаттылық, инновациялық саясат, АИ басқару.

ПОВЫШЕНИЕ AI-ГРАМОТНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА И ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ: ВКЛАД ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА)

Аннотация

Правительство все чаще рассматривает навыки в области искусственного интеллекта (AI) одновременно как приоритет реформы образования и как инструмент инновационной политики. Цель статьи заключается в анализе и оценке программы AI Sana как комплексного policy mix в сфере развития навыков искусственного интеллекта в системе высшего образования Казахстана. В данной статье представлена оценка на основе документов кейс-стади программы AI-Sana в Казахстане, запущенной в конце 2024 года как поэтапная траектория, призванная перевести обучающихся от базовой AI-грамотности к проектам под наставничеством и, для меньшей части участников, к акселерации стартапов. Используя справочные материалы программы, предоставленные авторами, и сопоставляя их с открытыми правительственными сообщениями, авторитетными публикациями и официальными описаниями сопоставимых международных инициатив, мы реконструируем архитектуру политики AI-Sana и утверждаем, что ее следует анализировать как policy mix, а не как единичную обучающую интервенцию. Данный policy mix включает: (i) внедрение AI в основную учебную повестку на основе нормативного мандата; (ii) партнерства с платформами и локализованные микро-квалификации; (iii) реализационную способность через региональные «якорные» университеты; (iv) инструменты инновационного воронкообразного отбора, связывающие проекты с коммерциализацией; и (v) обеспечивающую инфраструктуру через национальные инвестиции в вычислительные мощности. Анализ также выявляет типичные для инициатив быстрого масштабирования проблемы измерения, особенно смешение сертификатов, уникальных обучающихся и прироста компетенций, и рассматривает вариативность отчетности как аналитически значимый результат. Опираясь на исследования в области управления микро-квалификациями, цифрового управления образованием и руководства по ответственному использованию генеративного AI, мы предлагаем схему оценки с минимальным стандартом отчетности и индикаторами, согласованными с этапами реализации, которые могут обеспечить международную сопоставимость. Казахстан представляет собой особенно информативный глобальный пример, поскольку сочетает системный охват высшего образования с явной трансляцией инноваций

и вычислительной инфраструктурой, показывая, как национальные стратегии AI могут быть операционализированы через университеты, одновременно поднимая острые вопросы о гарантии качества, академической добросовестности и зависимости от платформ.

Ключевые слова: экономический рост, оценка, ИИ в высшем образовании, ИИ-грамотность, инновационная политика, управление ИИ.

REFERENCES

1 Williamson B.. Digital education governance: An introduction. European Educational Research Journal, 15(1). – 2016– P.3–13. [in English]

2 Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. Concept for Artificial Intelligence Development for 2024–2029 adopted by Government. 2025. Access mode: URL: https://primeminister.kz/en/news/concept-for-artificial-intelligence-development-for-2024-2029-adopted-by-government-28786 [in English] (accessed: 05.12.2025).

3 Flanagan K., Uyarra E., Laranja M. Reconceptualising the 'policy mix' for innovation. Research Policy, 40(5). – 2011– P.702–713. [in English].

4 Freeman C.. The 'National System of Innovation' in historical perspective. Cambridge Journal of Economics, 19(1). –1995– P.5–24. [in English].

5 European Commission. AI literacy — Questions & Answers (Article 4 of the AI Act). 2025. Access mode: URL: https://digital-strategy.ec.europa.eu/en/faqs/ai-literacy-questions-answers [in English] (accessed: 12.12.2025).

6 OECD (a). Micro-credential innovations in higher education: Who, what and why? OECD Education Policy Perspectives, No.39. – 2021 – P.34–38. [in English]

7 Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F.. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education: Where are the educators? International Journal of Educational Technology in Higher Education, 16(39). – 2019– P.29–39 [in English]

8 European Commission. AI Act Service Desk: Article 4 — AI literacy. 2025. Access mode: URL: https://ai-act-service-desk.ec.europa.eu/en/ai-act/article-4 [in English] (accessed: 25.12.2025)

9 EKTU (D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University). What is AI-Sana? 2025. Access mode: URL: https://en.ektu.kz/?lang=en [in English] (accessed: 08.11.2025)

10 Qazinform. 100,000 Kazakh students to enroll in advanced AI programs. 2025Access mode: URL: https://qazinform.com/news/100000-kazakh-students-to-enroll-in-advanced-ai-programs-687302 [in English] (accessed: 07.10.2025)

11 OECD (b). Quality and value of micro-credentials in higher education. OECD Education Policy Perspectives, No.40. – 2021– P.67–79 [in English]

12 Sastry G., Heim L., Belfield H., Anderljung M., Brundage M., et al.. Computing Power and the Governance of Artificial Intelligence. arXiv. 2024Access mode: URL: https://arxiv.org/abs/2402.08797 [in English] (accessed: 19.12.2025)

13 Komljenovic J., Williamson B.. Behind the platforms: The political economy of platformization in higher education (working paper). 2024Access mode: URL: https://www.pure.ed.ac.uk/ws/portalfiles/portal/452338496/KomljenovicJWilliamsonB2024BehindThePlatforms.pdf [in English] (accessed: 16.10.2025)

14 Weiss C.H.. Theory-based evaluation: Past, present, and future. New Directions for Evaluation, 76, – 1997P.41–55. [in English]

15 Government of Estonia, Ministry of Education and Research. Estonia announces AI Leap programme to bring AI tools to all schools. 2025Access mode: URL: https://www.hm.ee/en/news/estonia-announces-groundbreaking-national-initiative-ai-leap-programme-bring-ai-tools-all [in English] (accessed: 07.11.2025)

16 European Commission. Mission-oriented innovation policy: Challenges and opportunities. 2018. Access mode: URL: https://research-and-innovation.ec.europa.eu/document/download/4a706109-deaa-46b6-9e96-a5143a1ff9a3_en [in English] (accessed: 28.10.2025)

17 Council of the European Union. Council Recommendation of 16 June 2022 on a European approach to micro-credentials for lifelong learning and employability (2022/C 243/02). Official Journal of the European Union. Access mode: URL: https://eur-lex.europa.eu/legal-content/EN/TXT/HTML/?uri=CELEX:32022H0627(02) [in English] (accessed: 11.10.2025)

18 Tamoliūnė G., et al. Exploring the potential of micro-credentials: A systematic review. Frontiers in Education. 2023. Access mode: URL: https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/feduc.2022.1006811/full [in English] (accessed: 15.01.2026).

Information about the authors:
Dinara Sultan – PhD, Researcher, University College London, London, Great Britain
E-mail: dinara.sultan.20@ucl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5078-9084
Bazhan Turebekova - **corresponding author,** PhD, Research Fellow, King's College London, London, Great Britain
E-mail: k241232@kcl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0946-9211

Авторлар туралы ақпарат:
Динара Султан - PhD, зерттеушы, University College London, Лондон қ.,Ұлыбритания
E-mail: dinara.sultan.20@ucl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5078-9084
Бажан Туребекова - **негізгі автор**, PhD, шақырылған зерттеушы, King's College London, Лондон қ., Ұлыбритания
E-mail: k241232@kcl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0946-9211

Информация об авторах:
Динара Султан - PhD, University College London, исследователь, г.Лондон, Великобритания.
E-mail: dinara.sultan.20@ucl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5078-9084
Бажан Туребекова - **основной автор,** PhD., King's College London, стажер исследователь, г.Лондон, Великобритания.
E-mail: k241232@kcl.ac.uk
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0946-9211

ҒТАМР 68.75.91 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.27**
ӘОЖ 339.564

Г.Е.Амалбекова[1*], А.Н.Наренова[1], А.Р. Танатова[1], А.Б. Молдашева[1]

[1]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
080012, Тараз қ., Қазақстан Республикасы
*e-mail: baken_t@mail.ru

ӘЛЕМДІК ЖҰМЫРТҚА НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Жұмыртқа өндірісі өзінің жоғары экономикалық тиімділігімен нарықта ерекше орын алады. Негізгі артықшылықтары – қысқа өндірістік цикл, жоғары өнімділік, азыққа кететін минималды шығындар, экологиялық тұрақтылық және негізгі өткізу нарықтарына жақындығы. Бұл факторлар жұмыртқа бағасының қолжетімділігін сақтауға және олардың жыл сайынғы тұтынуының өсуіне ықпал етеді. Зерттеудің мақсаты – жаһандық жұмыртқа нарығының ұзақ мерзімді даму ерекшеліктерін талдап, отандық жұмыртқа өндірісінің экспорттық әлеуетіне баға беру негізінде саланың дамуына кері ықпал ететін факторлар мен тәуекелдерді жүйелеу және реттеу жолдарын ұсыну. Зерттеу нәтижесі – жаһандық жұмыртқа нарығының басты тенденциялары мен өсу бағыттарын талдау, сонымен қатар осы саланың дамуын тежейтін негізгі факторларды құрылымдауға бағытталған. Талдаудың негізгі бағыттарының бірі – жұмыртқа жеткізу географиясын және бағаның ұзақ мерзімді динамикасын зерттеу. Бұл өндіріс пен тұтынуды ұлғайтуға перспективалы аймақтарды анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыртқа нарығын, азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан стратегиялық маңызды сегмент ретінде, одан әрі дамытуға қолайлы болжамды іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдау қажет. Кедергілерді реттеу арқылы Қазақстан жұмыртқа өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттырып, халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті ойыншыға айнала алады.

Негізгі сөздер: құс шаруашылығы, жұмыртқа өнімі, ішкі тұтыну, әлемдік нарық, экспорттық әлеует.

Кіріспе

Жұмыртқа өндірісі құс шаруашылығы саласының маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұлттық қана емес, жаһандық деңгейде де стратегиялық рөлге ие. Қазіргі таңда жұмыртқа — ақуыздың ең қолжетімді әрі тез өндірілетін түрі саналады, сондықтан ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие. Әлемде өндірілетін жұмыртқаның 85%-дан астамы тікелей азық-түлік ретінде тұтынылады. Жұмыртқаның бөдене, үйрек, түйеқұс сияқты түрлері болғанымен, әлемдік нарықта тауық жұмыртқасы басымдыққа ие, оның үлесі 90%-дан асады.

Салаға қатысты ғылыми зерттеулер ішкі нарықты қамтамасыз етудегі табысты тетіктерді, сондай-ақ экспорттық әлеуетті арттыру жолдарын қарастырады. Мысалы, ресейлік зерттеушілер О.В. Кондратьева, В.В. Леушкина және В.С. Буяров жұмыртқа өнеркәсібінің экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы бейімделу қабілетін көрсетсе [1-2]. Н.В. Боровских және Е.А. Зайцева, Н.Ю. Полунина, Е.А. Попова өнімнің бәсекеге қабілеттілік факторларын қарастырған [3-4].

Шетелдік ғалымдар Srujith Lingala және оның әріптестері, Kalinaki Hanifar жұмыртқа өнімдері өзіндік құнының өсуіне әсер ететін факторларды талдап, халықтың аз қамтылған топтарын қолдау мәселелеріне назар аударады [5-6]. Windhorst, Hans-Wilhelm зерттеулері экспортқа бағытталған жаһандық және отандық жұмыртқа нарығының негізгі даму үрдістерін анықтады [7]. Шетелдік сарапшылар Simone Pelaraccі және оның әріптестері жұмыртқа өнімдерін жеткізу тізбегіндегі қалдықтарды азайту және жаңа тиімді өнімдерді әзірлеуге арналған тәсілдерді енгізді [8].

Аталған ғылыми еңбектер жұмыртқа өндірісінің жекелеген аспектілерін қамтығанымен, Қазақстан жағдайындағы экспорттық әлеуеттің жүйелі талдауы жеткіліксіз қалып отыр. Сонымен қатар, отандық жұмыртқа өндірісінің халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін факторлар мен саланың орнықты дамуына кедергі келтіретін қауіп-қатерлер терең зерделенбеген. Осыған байланысты, бұл зерттеу жаһандық жұмыртқа нарығының даму үрдістерін ескере отырып, Қазақстандағы жұмыртқа өндірісінің ағымдағы

жай-күйін, экспорттық мүмкіндіктерін және саланы тұрақты дамыту үшін қажетті алғышарттарды жан-жақты саралауға және зерттеу нәтижелері негізінде Қазақстанның жұмыртқа саласының экспорттық бағытын күшейтуге арналған нақты ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.


Зерттеу материалдары мен әдістері

Құс жұмыртқасы нарығын зерттеу барысында абстрактілі-логикалық, салыстырмалы және экономи-калық-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Абстрактілі-логикалық әдіс арқылы нарықтың даму заңдылықтары мен экспорттық әлеуетті бағалаудың теориялық негіздері қалыптас-тырылды. Салыстырмалы талдау әдісі негізінде Қазақстандағы жұмыртқа өндірісі мен экспортының негізгі көрсеткіштері шет елдерінің сәйкес деректерімен салыстырылып, отандық саланың бәсекелік артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Экономикалық-статистикалық талдау әдістері – деректердің динамикасын, құрылымын және өзара байланыстарын анықтау мақсатында қолданылады, тап айтқанда, өндіріс көлемі мен экспорт құрылымын анықтауға; 2017–2023 жылдар аралығындағы өзгеріс үрдістерін зерттеуге; болашақ даму бағытын бағалауға пайдаланылды.

Әлем және Қазақстан статистикасы бойынша талдау БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD), Қазақстанның Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйеніп жүргізілді. Сонымен бірге, зерттеу тақырыбына қатысты отандық және халықаралық ғылыми еңбектер пайдаланылды. Зерттеу кезеңі ретінде 2017–2023 жылдар аралығы таңдалса, болашаққа арналған болжамдар 2021–2030 жылдарға арналған FAO-OECD есебіне негізделді. Нәтижесінде әлемдік және отандық жұмыртқа нарығының даму тенденциясы, сыртқы және ішкі сауда көрсеткіштері талданып, жұмыртқа өндірісін тежейтін бірқатар мәселелер жүйеленді және отандық саланың экспорттық әлеуетін жетілдіру үшін ұсыныстар берілді.

Нәтижелер және оларды талқылау

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) статистикалық деректеріне сәйкес, 2021 жылы әлем бойынша ас жұмыртқасы өндірісі 86,4 миллион тоннаға жетті. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда шамалас деңгейде қалып отыр. 2017–2020 жылдар аралығында әлемдік жұмыртқа өндірісі жылына орта есеппен 3,3%-ға ұлғайып отырған болса, 2021 жылы бұл өсім қарқыны бәсеңдеп, тұрақтылық байқалды.



Сурет 1 - Тауық жұмыртқасының жаһандық өндірісі (мың тонна)

Ескертпе: [9] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

2021 жылғы көрсеткіштер бойынша, Қытай 33,2 миллион тонна жұмыртқа өндіріп, әлемдік нарықтағы жетекші орнын сақтап қалды. Алайда, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,7%-ға төмен көрсеткіш. Екінші орында тұрған Үндістанда жұмыртқа өндірісі 8,5%-ға артып, 7,0 миллион тоннаға жетті. Бұл ел 2017 жылдан бері жыл сайын орта есеппен 8,5%-дық тұрақты өсімге қол жеткізіп отыр. Еуропалық Одақ елдерінде де оң динамика байқалып, өндіріс көлемі 2,5%-ға артып, 5,9 миллион тоннаны құрады.


Жоғары өсім қарқынына ие елдердің қатарында Бразилия (2017–2021 жж. аралығында +37,7%) мен Үндістан ерекшеленеді. Ресей 2021 жылы 2,4 миллион тонна жұмыртқа өндіріп, әлемдік нарықтағы үлесі 2,7%-ды құрады. Ал Қазақстанда соңғы бесжылдықта жұмыртқа өндірісі айтарлықтай төмендегені байқалады (1-кесте).

Кесте 1- Жұмыртқа нарығындағы көшбасшы елдер, мың тонна

Елдер	2018	2019	2020	2021	2022	2022/ 2021, %	2022/ 2018,%
Қытай	27 229.8	28 854.6	30 250.4	29 749.3	29 627.3	-0.41	8.80
Индия	5 236.9	6 291.1	6 712.7	6 710.0	6 571.2	-2.07	25.48
АҚШ	6 518.5	6 706.8	6 658.8	6 639.4	6 528.4	-1.67	0.15
Индонезия	4 688.1	4 753.4	5 141.6	5 524.7	5 941.6	7.55	26.74
Мексика	2 871.9	2 949.8	3 016.0	3 046.9	3 101.9	1.81	8.01
Бразилия	3 030.3	3 150.1	3 260.6	3 298.1	3 342.4	1.34	10.30
Жапония	2 627.8	2 639.7	2 632.9	2 574.3	2 596.7	0.87	-1.18
Ресей	2 486.3	2 491.5	2 492.2	2 496.4	2 560.1	2.55	2.97
Түркия	1 227.7	1 243.6	1 236.8	1 206.1	1 238.0	2.64	0.84
Қазақстан	278,8	275,7	252,4	240,7	251.4	4.45	-9.83
Әлем бойынша	80 385.9	84 067.1	87 142.4	87 116.8	86 999.6	-0.13	8.23
Ескертпе: [9] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған							

Жалпы алғанда, 2021 жылы әлемде 86,9 миллион тонна жұмыртқа өндірілді. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 10,2%-ға артық. Алайда, Қазақстанда өндірістің төмендеуі ұзақмерзімді салалық стратегияны қайта қарастыруды талап етеді.


Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға дейін жұмыртқа өндірісінің жаһандық өсімінің 76,6%-ы дамушы елдерге тиесілі болмақ. Бұл көрсеткіш аталмыш елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өсіп келе жатқан рөлін айқындайды. Дамушы елдер 2030 жылы дамыған елдерге қарағанда шамамен 45,5 миллион тоннаға артық жұмыртқа өндіретін болады (2 сурет).



Сурет 2- 2020–2030 жылдар аралығында жаһандық жұмыртқа өндірісінің күтілетін өсімі, мың тонна

Ескертпе: [10-11] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Аймақтық деңгейде Азия абсолюттік өсім бойынша көш бастап тұр – бұл аймақ 2030 жылға дейін өндірілетін қосымша өнімнің 31,8%-ын қамтамасыз етеді. Ал салыстырмалы өсім көрсеткіші бойынша мұхиттық аймақтар (18,0%) мен Африка (16,5%) жетекші орында (3-сурет).



Сурет 3- 2020–2030 жылдар аралығында континент бойынша жұмыртқа өндірісінің күтілетін өсімі, мың тонна

Ескертпе: [10-11] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Абсолюттік өсім тұрғысынан алғанда, 8,0 миллион тоннаға тең жаһандық жұмыртқа өндірісінің ішіндегі ең үлкен үлесті Азия құрлығы қамтамасыз етпек — бұл шамамен 4,5 миллион тоннаны немесе жалпы өсімнің 31,8%-ын құрайды. Сонымен қатар, Орталық және Оңтүстік Америкада 1,2 миллион тоннаға, ал Еуропада 1 964,2 мың тоннаға тең өсім күтілуде. Салыстырмалы өсім көрсеткіштері бойынша мұхиттық аймақтар жетекші позицияда — бұл өңірлерде жұмыртқа өндірісінің өсімі 18,0%-ды құрайды, бұл жаһандық орташа көрсеткіштен екі есе жоғары. Африка құрлығында бұл көрсеткіш 16,5%-ды, Орталық және Оңтүстік Америкада — 12,4%-ды, ал Солтүстік Америкада — 10,2%-ды құрайды деп болжануда.

Шетелдік сарапшылардың болжамына сүйенсек, болашақта жаһандық тенденцияларға сәйкес құс өнімдерінің ассортименті тереңдей түседі:
- органикалық жұмыртқа және құс еті;
- сақтау мерзімі 6 айға дейін қабығы жоқ жұмыртқалар;
- органикалық микроэлементтері бар (органикалық селен, мырыш, темір, марганец, аспарагин қышқылы және т.б. қосылған) және сіңімділігі 70-75% дейін жоғары функционалды жұмыртқа өнімдері;
- шаруа қожалықтары мен жеке шаруашылықтарға арналған түсті кросс тауықтар.

Ал, Қазақстанда 2025 жылы мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие беру арқылы жұмыртқаны терең өңдейтін, қуаттылығы – тәулігіне 1 млн пастерленген сұйық және құрғақ жұмыртқа өнімін өндіретін алғашқы зауыт салынады деп жоспарлануда [12].

«Қазақстан құс өсірушілер одағының» мәліметтеріне сәйкес, қазіргі таңда ел аумағында тауарлық жұмыртқа өндіруге маманданған 38 құс фабрикасы жұмыс істейді. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша бұл кәсіпорындардың жиынтық өндірістік қуаты жылына 3 734,5 миллион дананы құрайды.

Жұмыртқа өндірісінің аймақтық құрылымын талдау негізгі бес өңірдің басым рөл атқаратынын көрсетеді. Атап айтқанда, Ақмола облысы жалпы өндірістің 15,6%-ын немесе 581,9 миллион данасын қамтамасыз етсе, Қарағанды облысының үлесі 14,1% (526,9 млн дана), Солтүстік Қазақстан облысы – 13,5% (504,4 млн дана), Алматы облысы – 11,7% (436,5 млн дана), ал Қостанай облысы – 8,7% (326,9 млн дана) деңгейінде. Аталған өңірлердегі өндірістік шоғырлану Қазақстандағы жұмыртқа өндірудің аумақтық теңгерімсіздігін және өңірлік мамандану үрдістерін сипаттайды. Бұл факторлар елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және ішкі нарықты тұрақты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

ҚР Ұлттық статистикалық Бюро деректеріне сүйенсек, отандық құс шаруашылығы экономикалық өсудің салыстырмалы түрде жоғары қарқынымен сипатталады. 2-кестеде келтірілген мәліметтерді талдау ет нарығында өндірістің артуы құс етінің жылдам өсуімен қамтамасыз етілетінін көрсетеді.


Кесте 2- Отандық құс шаруашылығының даму қарқыны

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2023/ 2017,%	2023/ 2022,%
Барлық шаруашылық санаттары									
Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны (сойыс салмақта), мың тонна	1 018	1 060	1 121	1 169	1 231	1 045	1 120	10,0	7,2
Оның ішінде: құс	180	192	223	237	273	287	336	86,7	17,1
Жұмыртқа, млн. дана	5 103	5 591	5 531	5 066	4 838	4 527	4 421	-2,3	-13,4
Ауылшаруашылық кәсіпорындары									
Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны (сойыс салмақта), мың тонна	253	272	315	340	384	385	424	67,6	10,1
Оның ішінде: құс	173	186	217	230	267	283	332	92,0	17,3
Жұмыртқа, млн. дана	3 851	4 345	4 258	3 778	3 544	3 776	3 672	-4,6	-2,7
Жұртшылық шаруашылықтары, фермер қожалықтары, жеке кәсіпкерлер									
Мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны (сойыс салмақта), мың тонна	765	788	806	829	847	659	678	-11,4	2,8
Оның ішінде: құс	8	6	6	6	6	4	4	50	100
Жұмыртқа, млн. дана	1 252	1 246	1 273	1 288	1 294	750	749	-40,2	-0,1
Ескертпе: [13] әдебиет негізінде авторлар есептеген									

Қазақстанда 2023 жылы - 4 421 миллион дана азық-түлік жұмыртқасы өндірілді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 7,2%-ға жоғары көрсеткіш болып табылады. Өндіріс көлемінің басым бөлігі – 83,05%-ы – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиесілі. Елдегі жетекші жұмыртқа өндіруші кәсіпорындардың қатарында «Когер ЛТД» ЖШС (370 млн дана), «Казгер Құс» ЖШС (317 млн дана), «Ижевский» ӨК (303 млн дана), «Агрофирма Курма» ЖШС (260 млн дана) және «Жас Қанат 2006» ЖШС (247 млн дана) бар. Бұған қоса, 9 құс фабрикасы жылына 100 миллион дана және одан да көп жұмыртқа өндірсе, 21 фабрика жылдық өндіріс көлемі 20 миллион дана немесе одан жоғары деңгейде жұмыс істейді [13].

Баға көрсеткіштеріне келетін болсақ, 2023 жылғы желтоқсанда өндірушілердің азық-түлік жұмыртқасына қойған бағасы 10 дана үшін 423 теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға төмендеген. Алайда, тұтыну бағалары салыстырмалы түрде баяу өскен: жылдық өсім 2,4%-ды құрап, 10 дана үшін 493 теңгеге жетті. Ұзақ мерзімді серпінді талдау көрсеткендей, 2020 жылмен салыстырғанда өндіруші бағаларының өсімі 58,4%-ды, ал тұтынушы бағаларының өсімі 40,0%-ды құраған (4-сурет).


«Қазақстан құс өсірушілер одағының» мәліметтері бойынша, 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ішкі нарықтағы 1-санатты (С1) жұмыртқаның он данасының орташа бағасы 406,16 теңгені құрады, ал 2-санатты (С2) жұмыртқа үшін бұл көрсеткіш 273,85 теңге болды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, тиісінше, 20,04 теңгеге және 88,05 теңгеге бағаның төмендегенін көрсетеді.



Сурет 4 - Өндірушілердің жұмыртқаға қойған бағалары және тұтынушылық бағалар, тг/ондық

Ескертпе: [14] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Жұмыртқа импорты көлемінің едәуір қысқаруы байқалды, нәтижесінде отандық құс фабрикалары ішкі нарықтың тұтынушылық сұранысын толығымен қамтамасыз ету деңгейіне жетті. Қазіргі таңда Қазақстан ішкі нарықты 100% отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, ішкі баға мен өндіріс көлеміне теріс әсер етпестен, ай сайын шамамен 1 миллион дана жұмыртқаны сыртқы нарыққа экспорттауға қауқарлы. 2023 жылдың алғашқы 11 айының қорытындысы бойынша, Қазақстаннан Ресейге, Ауғанстанға және Қырғызстанға жалпы көлемі 186,6 миллион дана тауық жұмыртқасы экспортталды (5-сурет). Бұл көрсеткіш Қазақстанның жұмыртқа саласындағы экспорттық әлеуетінің артқанын және өңірлік нарықтардағы бәсекелестік қабілетінің нығайғанын дәлелдейді.



Сурет 5- Отандық жұмыртқа нарығындағы баланс (өндірісі, экспорты, импорты және тұтынуы, млн дана)

Ескертпе: [14] әдебиет негізінде авторлар құрастырған

Forbes басылымының мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылдың басында Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасынан ай сайын 1 миллион дана тауық жұмыртқасына сұраныс білдірген. Қазақстандық өндірушілер бұл сұранысты жедел түрде қанағаттандырып, 2024 жылдың ақпан-наурыз айларында Ресей нарығының қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз етті [14].

Бұл жағдай Қазақстанның жұмыртқа өндіру саласының экспорттық әлеуетінің жоғары екенін және көрші елдердің нарықтарында сенімді әріптес ретіндегі орнын нығайтқанын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл ішкі өндірістік қуаттылықтың жеткіліктілігін және ішкі нарыққа қысым түсірмей, сыртқы нарықтарды қамту мүмкіндігінің бар екенін дәлелдейді.

Авторлар әлемдік және отандық жұмыртқа нарығына жүргізген талдау негізінде анықталған бірқатар мәселелердің шешімін ұсынады:

Кесте 3 - Әлемдік және отандық жұмыртқа нарығына жүргізген талдау мәселелері

Мәселелер	Кедергілер	Шешімдер
Логистикалық	Өнімді сақтау және тасымалдау үшін қажетті инфрақұрылымның жеткілік-сіздігі.	-өнімді сақтау мерзімін ұзартатын технологияларды енгізу. -логистика шығындарын азайту үшін көршілес елдермен бірлескен тасымалдау жобаларын іске асыру.
Бәсекелестік	-арзан өнім ұсынатын елдердің бәсекелестігі. -отандық өнімнің халықаралық нарықта танылмауы.	-жұмыртқа өнімдерінің сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті баға саясатын жүргізу. -отандық брендті таныту үшін маркетингтік стратегия әзірлеу. -экспорттық нарықтарды кеңейту (Орта Азия, Қытай, Парсы шығанағы елдері).
Технологиялық	-терең өңдеу технологияларының жеткіліксіздігі. -заманауи өндіріс құралдарының жетіспеушілігі.	-жұмыртқаны терең өңдеу жаңа технологияларды енгізу. -мемлекеттік тарапынан төмен пайызды несиелер мен гранттар беру арқылы фабриканы модернизациялауды ынта-ландыру
Халықаралық стандарттарға сәйкес болмау	-халықаралық сапа сертификатының жоқтығы. -кейбір кәсіпорындарда гигиеналық және санитарлық талаптарға сәйкес болмауы.	-халықаралық стандарттарды енгізу үшін кәсіпорындарға гранттар мен субсидиялар беру.
Шикізат пен өндіріс шығындары	-жем-шөптің қымбаттығы. -энергия ресурстары бағасының өсуі	-құрама жем өндірісін дамыту және энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу.
Экспорттық шектеулер мен тарифтер	-кейбір елдердегі тарифтік және тарифтік емес шектеулер. -ұзақ бюрократиялық рәсімдер	-экспортты жеңілдету үшін көршілес елдермен сауда келісімдерін қайта қарау. -экспорттық процестерді цифрландыру және автоматтандыру
Климаттық тәуекелдер	-ауа-райының қолайсыздығы жем-шөп тапшылығын тудыруы мүмкін. -құс ауруларының таралу қаупі.	-мал азығын өндіру үшін суарылмалы егіншілікті дамыту. -құс ауруларына қарсы алдын-алу шараларын жүргізу және заманауи ветеринариялық қызметтерді жетілдіру.
Мемлекеттік қолдау механизмінің жеткіліксіздігі	-экспортқа бағытталған кәсіп-орындарға субсидияның жеткі-ліксіздігі. -маркетингке қаржы бөлінбеуі	-экспортқа бағытталған бағдарламаны іске қосу. -сыртқы нарықта отандық өнімді насихаттауды қаржыландыру.
Валюта тәуекелдері	Ұлттық валюта бағамының тұрақсыздығы экспорттық бағаларға әсер етеді.	-валюта тәуекелдерін төмендету үшін көршілес елдермен есеп айрысуды ұлттық валютада жүргізу механизмін қарастыру.
Ескертпе: авторлар құрастырған		

Осылайша, жоғарыда аталған факторлар мен тәуекелдер мемлекет пен бизнес тарапынан ықтимал салдарды мұқият талдауды талап етеді.

Қорытынды

Жұмыртқа нарығы – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызы бар агроөнеркәсіптік сектордың маңызды сегменті. Зерттеу нәтижелері

көрсеткендей, бұл нарықта оң үрдістер байқалғанымен, оның экспорттық әлеуетін толық іске асыру үшін жүйелі қолдау шаралары қажет. Қазақстанның жұмыртқа өнімдерін халықаралық нарыққа тиімді шығаруы – мемлекеттің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтуымен қатар, экономикалық әртараптандырудың бір бағыты болып табылады. Осыған байланысты, келесі практикалық ұсыныстарды ұсынуға болады:

1. Мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту: Жұмыртқа өндіруші кәсіпорындарға субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер беру, ветеринариялық қызмет сапасын арттыру және жем-шөппен қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру.

2. Экспортты дамыту үшін инфрақұрылымды нығайту: Халықаралық стандарттарға сәйкес өнімді сертификаттау, логистикалық желілерді кеңейту және шекара маңындағы өңірлерде экспортқа бағытталған қоймалар мен логистикалық хабтар құру.

3. Салықтық және кедендік ынталандырулар енгізу: Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерін экспорттайтын кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер ұсыну, экспорттық рәсімдерді жеңілдету.

4. Жеке сектормен серіктестікті дамыту: Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, өндірістік қуатты жаңғырту және озық технологияларды енгізу.

5. Ғылыми-зерттеу және кадрлық әлеуетті күшейту: Ауыл шаруашылығы саласына арналған зерттеулер мен инновациялық жобаларды қаржыландыру, құс шаруашылығы бойынша мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту.

6. Ішкі нарықты қорғау және тұрақтандыру шаралары: Ішкі нарықтағы бағаның күрт ауытқуын болдырмау мақсатында форвардтық келісімшарттар мен тұрақтандыру қорларын белсенді пайдалану.

Аталған ұсыныстарды дәйекті жүзеге асыру Қазақстанға жұмыртқа нарығындағы ішкі тұрақтылықты сақтай отырып, халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті ойыншы ретінде орнығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл қадамдар елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен аграрлық сектордың экспорттық бағытын дамытудағы ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Кондратьева О.В., Леушкина В.В. Зональный аспект экономического развития яичного птицеводства Омской области. // Продовольственная политика и безопасность. Том 11. – № 2. –2024. – С. 401-414.

2 Буяров А.В. Функционирование и развитие рынка яиц и мяса птицы в контексте обеспечения продовольственной безопасности // Вестник аграрной науки. 6(93) . - 2021. - С.95-108.

3 Боровских Н. В. Сезонность спроса на рынке яиц: анализ, причины и направления регулирования //Научно-методический электронный журнал «Концепт». –№06. –2022. –С.161-166.

4 Зайцева Е.А., Полунина Н.Ю., Попова Е.А. Анализ рынка яиц в ЦФО: современные тенденции и точки роста // Научное обозрение. Сельскохозяйственные науки.– № 1. – 2024. –С.16-20.

5 Lingala S., Freymond M., Tshering P. et al. The Egg Hub Model: A Sustainable and Replicable Approach to Address Food Security and Improve Livelihoods //Current Developments in Nutrition.-2024.-Volume 8. – Issue 8.03795.–P.1-8.

6 Kalinaki H. Forecasting Layer Egg Production as Animal Source Food for Protein to Reduce Stunting in West Java, Indonesia // Media Gizi Indonesia. -Volume 19(1). - 2024.-P.122-128.

7 Windhorst H. Remarkable dynamics of the global poultry industry: egg production // Poultry world. -Vol. 39, No.3. -2023.-P.28-31

8 Pelaracci S., Paolotti L., Rocchi L. et al. Life cycle assessment of organic and conventional egg production: A case study in northern Italy// Cleaner Environmental Systems. Volume 15. .-2024.-100226. -P.1-11

9 FAO. 2024. World Food and Agriculture – Statistical Yearbook 2024.- [Electronic resource]. URL: - Rome. https://doi.org/10.4060/cd2971en (date of request: 10.01.2025).

10 OECD-FAO Agricultural Outlook 2021-2030.-OECD Publishing, Paris. - .- [Electronic resource]. URL: https://doi.org/10.1787/19428846-en (date of request: 10.01.2025).

11 Windhorst H.-W. A projection of egg production until 2030 – January 2022. – .- [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/358140043_A_projection_of_egg_production_until_2030 (date of request : 10.01.2025).

12 Аналитический обзор ситуации на рынке птицеводческой продукции, ноябрь 2024г. Союз птицеводов Казахстана.- .- [Electronic resource]. URL: http://ptica.kz/news/analiticheskij-obzor-situacii-na-rynke-pticevodcheskoj-produkcii-nojabr-2024-g (дата обращения: 10.01.2025).

13 Қазақстан 2023 жылы. Статистикалық жылнама. Астана 2024.- [Электрондық ресурс] https://stat.gov.kz (қаралу уақыты: 10.01.2025).

14 О результатах работы за 2022 год отрасли птицеводства Республики Казахстан. Союз птицеводов Казахстана [Электронный ресурс]. http://ptica.kz/news/o-rezultatah-raboty-za-2022-god-otrasli-pticevodstva-respubliki-kazahstan (дата обращения 10.01.2025).

АНАЛИЗ ТЕНДЕНЦИЙ РАЗВИТИЯ МИРОВОГО РЫНКА ЯИЦ И ЭКСПОРТНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Производство яиц занимает особое место на рынке благодаря своей высокой экономической эффективности. Основные преимущества – короткий производственный цикл, высокая продуктивность, минимальные затраты на корма, экологическая устойчивость и близость к основным рынкам сбыта. Эти факторы способствуют сохранению доступных цен на яйца и ежегодному росту их потребления. Цель исследования – анализ долгосрочных особенностей развития глобального рынка яиц и оценка экспортного потенциала отечественного производства на основе систематизации факторов и рисков, негативно влияющих на развитие отрасли, с последующим предложением путей их регулирования. Результаты исследования включают анализ основных тенденций и направлений роста на глобальном рынке яиц, а также структурирование ключевых факторов, сдерживающих развитие отрасли. Одним из ключевых направлений анализа является изучение географии поставок яиц и долгосрочной динамики цен. Это позволяет определить перспективные регионы для увеличения производства и потребления. Для реализации благоприятного прогноза дальнейшего развития рынка яиц как стратегически важного сегмента с точки зрения продовольственной безопасности, необходимо принять соответствующие меры. Устранение препятствий позволит Казахстану увеличить экспортный потенциал яичной продукции и стать конкурентоспособным игроком на международном рынке.

Ключевые слова: птицеводство, яичная продукция, внутреннее потребление, мировой рынок, экспортный потенциал.

ANALYSIS OF GLOBAL EGG MARKET TRENDS AND EXPORT POTENTIAL OF KAZAKHSTAN

Abstract

Egg production holds a unique position in the market due to its high economic efficiency. The key advantages include a short production cycle, high productivity, minimal feed costs, environmental sustainability, and proximity to major markets. These factors help keep egg prices affordable and drive annual consumption growth. The study aims to analyze the long-term development features of the global egg market and assess the export potential of domestic production by systematizing the factors and risks that negatively affect the industry's development, and then proposing regulatory measures. The study's outcome is an analysis of the main trends and growth directions in the global egg market, along with an examination of the key factors hindering industry development. One of the key areas of analysis is the study of egg supply geography and the long-term price dynamics. This allows identifying promising regions for increasing production and consumption. To support a favorable forecast for the further development of the egg market as a strategically important segment for food security, appropriate measures must be taken. By addressing barriers, Kazakhstan can enhance the export potential of its egg products and become a competitive player in the international market.

Keywords: poultry farming, egg products, domestic consumption, global market, export potential.

REFERENCES

6 ConvertMonster. 2024. Successful CRM implementation cases: Real results and practical conclusions. Retrieved from Available at: URL: https://convertmonster.ru/blog/marketing-blog/kejsy-uspeshnogo-vnedreniya-crm/ (accessed: 10.11.2024)

7 Chatzigeorgiou C., Christou E., & Simeli, I. Delegate satisfaction from conference service quality and its impact on future behavioural intentions. Proceedings of the 5th International Conference on Contemporary Marketing Issues, 2017P. 532–544.

8 MoldStud. (2022). Integrating CRM with event management: A comprehensive cost-benefit analysis. Retrieved from Available at: https://moldstud.com/articles/p-integrating-crm-with-event-management-a-comprehensive-cost-benefit-analysis. (accessed: 10.11.2023)

9 SberCRM. CRM analytics: Sales analysis and end-to-end analytics configuration. 2025. Retrieved from Available at: https://sbercrm.com/blog/start/tpost/u79ztoano1-crm-analitika (accessed: 09.10.2025).

10 CRM Trends. Twelve practical shifts for revenue operations. 2026. 125 p.

11 Ijomah T. The impact of customer relationship management (CRM) tools on sales growth and customer loyalty in emerging markets. International Journal of Management & Entrepreneurship Research. - 6(9). - 2025. - P. 2964–2988.

12 National Chamber of Entrepreneurs "Atameken". Akcent prezidenta na turizme: Mnenie ekspertov [Presidential focus on tourism: Expert opinions]. 2024. Retrieved from Available at: https://atameken.kz/ru/news/53696-akcent-prezidenta-na-turizme-mnenie-ekspertov-i-tu (accessed: 10.11.2024).

13 Khabar Agency.. What hinders the dynamic development of tourism in Kazakhstan. 2024. Retrieved from https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/154090-chto-meshaet-dinamichnomu-razvitiyu-turizma-v-kazakhstane (accessed: 10.11.2024).

14 ISO. ISO 9001:2015 Quality management systems - Requirements. International Organization for Standardization. 2015. P.125-130.

15 Reichheld F. F. The One Number You Need to Grow. Harvard Business Review. - 81(12). – 2003. - 46–54.

16 Fletcher J. E. Input-output analysis and tourism impact studies. Annals of Tourism Research. 16(4). – 1989. - 514–529.

ІСКЕРЛІК ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІНІҢ РОЛІ

Аңдатпа

Іскерлік туризм қазіргі заманғы туристік индустрияның қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі болып табылады және мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Халықаралық конференцияларды, форумдарды, көрмелер мен корпоративтік іс-шараларды өткізу іскерлік байланыстарды дамытуға, білім және технологиялармен алмасуға ықпал етеді, сондай-ақ қалалық инфрақұрылым мен қызмет көрсету саласын дамытуды ынталандырады. Іскерлік туризмнің ерекшелігі ол туристердің экономиканың аралас салаларына таралатын шығындарының жоғары болуы және айтарлықтай мультипликативті әсер етуі болып табылады. Мақалада басқарудың инновациялық әдістерінің іскерлік туризмді дамытудағы алатын орны және туристерді қабылдаушы аумақтар үшін экономикалық тиімділігі қарастырылады. Мақаланың мақсаты-басқарудың инновациялық әдістерінің іскерлік туризмді дамытуға әсерін зерттеу, олардың қабылдаушы аумақтар үшін экономикалық тиімділігін бағалау және MICE индустриясының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты дамуын арттырудағы цифрлық технологиялар мен заманауи басқару құралдарының маңыздылығын негіздеу. Үдеріс барысында Іс-шараларды басқаруды цифрландыруды талдауға, CRM жүйелерін, оқиғаларды басқару платформаларын, сұранысты талдау құралдарын және қызмет сапасын басқарудың заманауи әдістерін енгізуге ерекше назар аударылады. Халықаралық тәжірибе мен статистикалық деректерді талдау негізінде MICE (Meetings, Incentives, Conferences, Exhibitions) индустриясында инновациялық басқару шешімдерін енгізудің экономикалық нәтижелері бағаланады. Зерттеу нәтижелері басқарудың инновациялық әдістерін қолдану іскерлік іс-шаралар санының артуына, іскер туристердің шығындарының артуына, операциялық шығындардың төмендеуіне және экономика үшін мультипликативті әсердің күшеюіне ықпал ететінін көрсетеді. Алынған қорытындылар инновациялық басқару туристік дестинациялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және іскерлік туризмнің орнықты дамуының маңызды факторы болып табылатынын растайды.

Негізгі сөздер. Іскерлік туризм, MICE-индустрия, басқарудың инновациялық әдістері, экономикалық әсер, туристік мультипликатор.

РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ УПРАВЛЕНИЯ В РАЗВИТИИ ДЕЛОВОГО ТУРИЗМА

Аннотация

Деловой туризм является одним из наиболее динамично развивающихся сегментов современной туристской индустрии и играет важную роль в социально-экономическом развитии государств. Проведение международных конференций, форумов, выставок и корпоративных мероприятий способствует развитию деловых связей, обмену знаниями и технологиями, а также стимулирует рост городской инфраструктуры и сферы услуг. Особенность делового туризма заключается в более высоком уровне расходов туристов и значительном мультипликативном эффекте, распространяющемся на смежные отрасли экономики. В статье рассматривается влияние инновационных методов управления на развитие делового туризма и его экономический эффект для принимающих территорий. Цель статьи — исследовать влияние инновационных методов управления на развитие делового туризма, оценить их экономическую эффективность для принимающих территорий и обосновать значимость цифровых технологий и современных управленческих инструментов в повышении конкурентоспособности и устойчивого развития индустрии MICE. Особое внимание уделяется анализу цифровизации управления мероприятиями, внедрению CRM-систем, платформ управления событиями, инструментов аналитики спроса и современных методов управления качеством услуг. На основе анализа международной практики и статистических данных оцениваются экономические результаты внедрения инновационных управленческих решений в индустрии MICE (Meetings, Incentives, Conferences, Exhibitions). Результаты исследования показывают, что применение инновационных методов управления способствует росту числа деловых мероприятий, увеличению расходов деловых туристов, снижению операционных издержек и усилению мультипликативного эффекта для экономики. Полученные выводы подтверждают, что инновационное управление является важным фактором повышения конкурентоспособности туристских дестинаций и устойчивого развития делового туризма.

Ключевые слова: деловой туризм, MICE-индустрия, инновационные методы управления, экономический эффект, туристский мультипликатор.

REFERENCES

1GBTA. Global Business Travel Spending to Reach $1.57 Trillion in 2025 Amid Trade Policy Uncertainty and Economic Risk, According to New GBTA Forecast. Global Business Travel Association. 2025. Retrieved from Available at: URL: https://gbta.org/global-business-travel-spending-to-reach-1-57-trillion-in-2025-amid-trade-policy-uncertainty-and-economic-risk-according-to-new-gbta-forecast/ [in English] (accessed: 19.03.2025)

2 GBTA. Global Business Travel Spending is Coming Back, but Recent Headwinds Push Anticipated Full Recovery into 2025 and 2026. Global Business Travel Association. 2022. Retrieved from Available at: URL: https://gbta.org/global-business-travel-spending-is-coming-back-but-recent-headwinds-push-anticipated-full-recovery-into-2025-and-2026/ [in English] (accessed: 09.10.2025)

3 Nucleus Research. CRM Pays Back $8.71 for Every Dollar Spent. Nucleus Research. 2014. P. 111-115 [in English]

4Qcall.ai. AI Real Estate Inquiry Workflow: 60-Second Lead Response. Qcall.ai. 2025. P. 101-105 [in English]

5Instadesk Voice Bot: Increase Conversion Rates by 30%. Instadesk. 2026. P. 121-125 [in English]

6ConvertMonster. Successful CRM implementation cases: Real results and practical conclusions. 2024.Retrieved from Available at: URL: https://convertmonster.ru/blog/marketing-blog/kejsy-uspeshnogo-vnedreniya-crm/ [in English] (accessed: 10.11.2024)

7Chatzigeorgiou C., Christou E., & Simeli, I. Delegate satisfaction from conference service quality and its impact on future behavioural intentions. Proceedings of the 5th International Conference on Contemporary Marketing Issues, 2017. P. 532–544. [in English]

8MoldStud. Integrating CRM with event management: A comprehensive cost-benefit analysis. 2022. Retrieved from Available at: https://moldstud.com/articles/p-integrating-crm-with-event-management-a-comprehensive-cost-benefit-analysis. [in English] (accessed: 10.11.2023)

9SberCRM. CRM analytics: Sales analysis and end-to-end analytics configuration. 2025. Retrieved from Available at: https://sbercrm.com/blog/start/tpost/u79ztoano1-crm-analitika [in English] (accessed: 09.10.2025).

10 CRM Trends. Twelve practical shifts for revenue operations. 2026. 125 p. [in English]

11 Ijomah T. The impact of customer relationship management (CRM) tools on sales growth and customer loyalty in emerging markets. International Journal of Management & Entrepreneurship Research, 2025. 6(9), P. 2964–2988.

12 National Chamber of Entrepreneurs “Atameken”. Akcent prezidenta na turizme: Mnenie ekspertov [Presidential focus on tourism: Expert opinions]. 2024. Retrieved from Available at: https://atameken.kz/ru/news/53696-akcent-prezidenta-na-turizme-mnenie-ekspertov-i-tu [in English] (accessed: 10.11.2024).

13 Khabar Agency. What hinders the dynamic development of tourism in Kazakhstan. 2024. Retrieved from https://khabar.kz/ru/news/obshchestvo/154090-chto-meshaet-dinamichnomu-razvitiyu-turizma-v-kazakhstane [in English] (accessed: 10.11.2024).

14 ISO. ISO 9001:2015 Quality management systems - Requirements. International Organization for Standardization. 2015. P.125-130. [in English]

15 Reichheld F. F. (). The One Number You Need to Grow. Harvard Business Review. - 81(12). – 2003. – P. 46–54. [in English]

16 Fletcher J. E. (). Input-output analysis and tourism impact studies. Annals of Tourism Research, 16(4). - 1989. – P. 514–529. [in English]

Information about authors:

Azamat Temirbekov – **corresponding author,** PhD student of the educational program 8D04117 – Innovation Management of the Department of Management, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: **Temirbekov.expo2017@gmail.com**

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6318-1772

Baurzhan Tolysbayev - Doctor of Economics, Professor of the Department of Management, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: bauke.311@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3043-3824

Jaroslav Kultan - PhD, Associate Professor of the Faculty of Economic Informatics, University of Economics in Bratislava, Bratislava, The Slovak Republic

E-mail: jaroslav.kultan@euba.sk

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6068-9784

Информация об авторах:

Азамат Темирбеков - **основной автор,** докторант ОП 8D04117 – Инновационный менеджмент, кафедры «Менеджмент», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: Temirbekov.expo2017@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6318-1772

Бауржан Толысбаев - доктор экономических наук, профессор кафедры «Менеджмент», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: bauke.311@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3043-3824

Култан Ярослав - доктор PhD, доцент, Экономический университет Братиславы**,** факультет экономической информатики**,** г. Братислава, Республика Словакия

E-mail: jaroslav.kultan@euba.sk

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6068-9784

Авторлар туралы ақпарат:

Азамат Темирбеков – **негізгі автор,** 8D04117 – «Инновациялық менеджмент» ББ докторанты, «Менеджмент» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Temirbekov.expo2017@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-6318-1772

Бауржан Толысбаев – «Менеджмент» кафедрасының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bauke.311@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3043-3824

Култан Ярослав – PhD-доктор, Экономикалық информатика кафедрасының доценті, Братиславадағы Экономика университеті, Братислава қ., Словак Республикасы,

E-mail: jaroslav.kultan@euba.sk

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6068-9784

МРНТИ 06.77.97 **DOI 10.47649/vau.26.v80.i1.41**
УДК 331.5

М.Дінғазиева[1], Р.Сабирова[1*], Р. Мугауина[1], А.Мукашева[2]

[1]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
060011, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
[2] Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы
*e-mail: sabirovar68@gmail.com

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ САЛАЛЫҚ БЕЙІНІ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК АЛШАҚТЫҚ

Аңдатпа

Мақала Қазақстан Республикасы Атырау облысының мысалында мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамтудың салалық құрылымын (бұдан әрі - МША) және өңірлік деңгейде еңбек белсенділігі мен жұмысқа орналасудағы гендерлік алшақтықты зерделеуге арналған. Мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуын талдаудың теориялық тәсілдері, гендерлік айырмашылықтарды өлшеудің әдіснамалық құралдары (сипаттамалық статистика, регрессиялық талдау), сондай-ақ МША үшін жұмыс орындарының қолжетімділігіне әсер ететін өңірдің әлеуметтік-экономикалық бейінінің ерекшеліктері қарастырылады. Талдау негізінде Атырау облысындағы еңбек нарығының инклюзивтілігін арттыру бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылады. Мақаланың мақсаты-Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтудың салалық бейінін кешенді зерттеу және жұмыспен қамтудың инклюзивтілігін арттыру бойынша іс жүзінде негізделген ұсынымдар әзірлеу мақсатында өңірлік еңбек нарығындағы гендерлік алшақтықтың ауқымын, себептері мен тетіктерін анықтау. Мақсатқа жету үшін Атырау облысының экономикалық-салалық құрылымы сипатталып, жұмыс күшіне негізгі сұранысты, еңбек белсенділігіндегі гендерлік айырмашылықтарды, мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыспен қамтылуы мен кірістер деңгейіндегі айырмашылықтарды және гендерлік алшақтықты айқындайтын секторлар айқындалды. Билік органдарына, жұмыспен қамту қызметтеріне және жұмыс берушілерге аймақтағы қайта даярлау, жұмыс орындарын бейімдеу және инклюзивті жалдауды ынталандыру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Негізгі сөздер: мүмкіндігі шектеулі адамдар, гендерлік алшақтық, жұмыспен қамту, салалық бейін, Атырау облысы, инклюзивті саясат.

Кіріспе

Мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек интеграциясы мәселесі әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі мен сипаты тек жеке сипаттамаларға (білімі, жасы, шектеу дәрежесі) ғана емес, сонымен қатар аймақ экономикасының құрылымына: салаларға, автоматтандыру деңгейіне, физикалық өнімділікке қойылатын талаптарға және жұмыс күшінің демографиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мұнай-газ өндіру және оған ілеспе салалар үстемдік ететін Атырау облысының өңірлік тұрғысынан алғанда физикалық және техникалық ерекшелігі жоғары секторларда жұмыс орындарының шоғырлануы орын алған, бұл мүгедектігі бар ерлер мен әйелдерге сараланған түрде әсер етуі мүмкін.

Зерттеудің мақсаты - Атырау облысында мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамтудың салалық бейінін кешенді зерттеу және жұмыспен қамтудың инклюзивтілігін арттыру бойынша іс жүзінде негізделген ұсынымдар әзірлеу мақсатында өңірлік еңбек нарығындағы гендерлік алшақтықтың ауқымын, себептері мен тетіктерін анықтау.

Осы мақсатқа жетуде Атырау облысының экономикалық-салалық құрылымын сипаттау, жұмыс күшіне негізгі сұранысты қалыптастыратын секторларды анықтау, мүмкіндігі шектеулі адамдардың еңбек белсенділігіндегі, жұмыспен қамтылу деңгейіндегі және табыстағы гендерлік айырмашылықты бағалау және ең айқын гендерлік алшақтығы бар салаларды анықтау зерттеудің басты міндеттері болып табылды. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы өңірде қайта даярлау, жұмыс орындарын бейімдеу және инклюзивті жалдауды ынталандыру бағдарламаларын дамыту бойынша билік органдарына, жұмыспен қамту қызметтеріне, жұмыс берушілерге және ҮЕҰ-ға ұсыныстар беруден көрінеді.

Мүгедектігі бар тұлғалардың құрамында әйел адамдардың жұмыспен қамтылу деңгейі ерлермен салыстырғанда төмен: еңбек қызметіне 19,6 % әйелдер және 52,8 % ерлер қатысады. Бұл деректер мүгедектігі бар адамдар тобы арасында гендерлік алшақтықтың бар екендігін дәлелдейді. Мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балалар қосарланған дискриминацияға кездеседі: олар бір уақытта жынысы және мүгедектігі бойынша дискриминация орын алып, еңбек нарығына қатысу мүмкіндігін азайтады. Гендерлік кедергілер қатарына келесі жағдайларды жатқызуға болады: үй шаруашылығы бойынша жүктеменің отбасы мүшелері арасында тең болмауы, отбасындағңы ананың міндеттері, жұмысқа қабылдау барысында адамдардың біріншіден жынысын назарға алуы, мансаптық өсудің шектелген мүмкіндіктері. Аталған жағдайлар мүмкіндігі шектеулі әйелдердің еңбек нарығына араласуы мен мансаптық өсу мүмкіндігін азайтады [1-2].

Еңбек нарығында мүмкіндігі шектеуі әйелдердің қосарланған дискриминациясы гендерлік стереотиптердің бір уақытта әрекет етуінен және эйблизмнің (мүгедектік түрлеріне байланысты дискриминациия) себептерінен пайда болады. Нәтижесінде олар мүгедектігі жоқ әйелдермен және мүгедектігі бар ерлермен салыстырғанда жұмысқа орналасуда, мансап бойынша өсуге және теңдестірілген еңбек жағдайына қатысуға кедергілер пайда болады, олар сондай-ақ бір жақты көзқараспен және мүгедек жандар туралы қалыптасқан пікірмен жиі кездесетін болады.

Қосарланған дискриминация жұмыспен қамту деңгейі төмендегенде қалыптасады, яғни мүгедектігі бар әйелдердің жұмысқа орналасу үлесі мүгедектігі бар ерлер мен мүгедектігі жоқ әйелдерге қарағанда айтарлықтай төмен; жұмыс берушілер мен ұжым қызметкерлерінде «толыққанды еңбек ресурсы» туралы қалыптасқан пікір мен түсініктерде мүгедектігі бар әйелдерге қатысты «кемсітушілік» көзқарастардың күшеюіне әкеледі; жұмыс берушілер көп жағдайда жұмыс беруден бас тартады, кәсіби білім алу мен дамуда мүмкіндіктер шектеулі болады және мансаптық өсуде кедергілерге жиі кездеседі; жұмыс және қоғамдық тәжірибе орындарының мүгедектігі бар әйелдердің еңбек нарығына араласуына бейімделмеуі, олардың еңбек нарығына толыққанды қатысуына жағдайлардың жасалмауы (инклюзивті ортаның болмауы) секілді жағдайлар орын алған.

Сонымен, мүгедектігі бар әйелдер үшін қосарланған кедергілерді жою және теңдестірілген жұмыс жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде – жұмыс орындарын және HR білім беру жүйесін мүгедектігі бар әйелдер үшін дайындаудан бастап жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламасына дейін – мақсатты саясат және тәжірибе қажет. Қосарланған дискриминация мәселесін шешу заңға өзгерісті және бақылауды, қаржылық ынталандыруды, ұйымдар мен мекемелер әрекетін мүгедектігі бар тұлғалар жағдайына сәйкестендіру, оларды оқыту мен олар туралы қоғамдық пікірді өзгерту секілді реттелген әрекеттерді талап етеді. Қысқа мерзімді перспективаларда нақты әрі алдын ала жоспарланған бастамалар болашақтағы тұрақты өзгерістер негізі болып табылады және экономика мен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығында елеулі нәтижеге қол жеткізеді.

БҰҰ-ң мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясында көптеген дискриминацияның бар екендігін мойындайды және мүгедектігі бар әйелдер мен қыз балалардың тең құқылы және тең мүмкіндіктерінің болуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды талап етеді. Бұл ұлттық бастамалдар мен саясаттың құқықтық негізін қалыптастырады. Мемлекет деңгейіндегі ұлттық қолдау әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады. Атап айтқанда, құқықтар туралы ақпараттардың таралу аймағаның кеңеюі, кәсіби оқыту мен қайта оқыту бағдарламалары, жұмыспен қамтамасыз етуге жағдай жасау, ерекше қажеттіліктері ескерілген жұмыс орындарын ұйымдастыру. Еңбек ету мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жұмыспен қамтудың бейімделген нұсқалары қарастырылған: жоғары біліктілікті немесе қандайда бір күрделі білімді талап етпейтін және мүгедектігі бар адамдардың мүмкіндігі мен шектеулеріне байланысты еңбек жағдайын қалыптастыруға бағытталған қызметтің ұйымдастырылған түрлері [3-4].

«Қазақстанның еңбек нарығындағы гендерлік теңсіздік» тақырыбына жазылған А.А.Мухамедиеваның, Ж.Е.Байкенованың, И.В.Бордиянудың, К.С.Алпысбаевтың мақаласы

Қазақстанның еңбек нарығындағы гендерлік алшақтықты талдауға арналған зерттеуді сипаттайды. Аталған зерттеудің негізгі ерекшелігі мақала мазмұнында қазақ ұлтының өмір сүру салты мен нақты жағдайлары толығымен қарастырылған. Мақаланың негізгі мақсаты – соңғы онжылда осы саладағы өзгерістерге баға беру және оларды жою бойынша ұсыныстар дайындау. Деректерді талдауға арналған дескриптивті статистика әдісін қолдана отырып, авторлар осы мәселені шешуге арналған заманауи ғылыми жұмыстар үлгісін екере отырып, гендерлік теңсіздікке толыққанды зерттеу жүргізілген. Аталған мақалада еңбек ақы бойынша аймақтық айырмашылықтарға, әсіресе өнеркәсіптік және дамыған аймақтар бойынша ерекше назар аударылады, сонымен қатар экономиканың әртүрлі секторлары бойынша еңбек нарығында жұмысқа қабылдау жағдайлары да қарастырылған. Талдау нәтижелері Қазақстандағы гендерлік теңсіздік индексінің тұрақсыздығын көрсетеді, сонымен қатар соңғы он жылда гендерлік алшақтықтың дұрыс қалыптаспағандығын сипаттайды. Мақалада сонымен қатар басқарушылық лауазымдарда әйелдер санының аз екендігі де айтылады. Авторлар аталған мәселелердің гендерлік көзқараста және әлеуметтік-мәдени кедергілер бойынша пікірлерде қалыптасып қалғандығын атап көрсетеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан және шетелдердегі гендерлік теңсіздікпен күрес бойынша өте тиімді стратегияларды жасақтау үшін, сонымен қатар осы саладағы мәселенің зерттелуін тұрақтандыру үшін қолданылуы мүмкін. Зерттеу қорытындылары гендерлік теңсіздік мәселелерінің кешенді түрде шешілуін және еңбек нарығының барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктерді қолдануға жағдай жасалу қажет екендігіне баса назар аударады [5].

О.А.Колленикованың «Мүгедектіктің стандартты емес жұмыспен қамтылу жағдайында жұмысшыларды тартуға әсері» тақырыбындағы ғылыми зерттеуі Ресей еңбек нарығындағы мүгедектігі бар жұмысшылар арасында жұмыспен қамтудың стандартты емес формаларының таралуына талдау жасауға арналған. Эмпирикалық база ретінде тұрғындарлың өмір сүру жағдайын жалпы ресейлік кешенді бақылаудың тексерілген микро деректері алынған. Мүгедектер мен мүгедектігі жоқ жұмысшыларды стандартты емес жұмыспен қамтудың ауқымын салыстырмалы бағалау нәтижелері ол салада мүгедектігі бар жұмысшылардың үлесі артық екендігін көрсетеді. Талдау нәтижелері мүгедектер арасында стандартты жұмыспен қамту деңгейінің қысқарғанын және керісінше толық емес жұмыспен қамтуды қоса алғанда стандартты емес формаларының өскендігін дәлелдеді [6].

«Мүгедектерді жұмыспен қамтуды жандандыру Ресейдегі демографиялық дивидендті арттыру резерві ретінде» тақырыбындағы З.Г.Казбековтың ғылыми мақаласында автор еңбек нарығындағы мүгедектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тек қана әлеуметтік әділеттілікті, мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және дискриминация деңгейін азайту ғана емес, сонымен қатар демографиялық дивиденд арнасы арқылы Ресейдегі экономикалық өсуді тұрақтандыру болып табылады. Ағымдағы демографиялық қартаю жағдайында Ресейде қайтадан орта мерзімді перспективада еңбекке қабілетті жастағы халық үлесінің азаюы мәселесі туындайды. Мүгедектерді жұмыспен қамту деңгейін арттыру Ресейдегі демографиялық дивидендті ұлғайтудың әсіресе, еңбекке қабілетті жастағы халық үлесі қысқарған кезде туындайтын кері әсерлерді өзара өтеуге қажетті мүмкіндіктерінің бірі болып табылады. Ресейде мүгедектерді жұмыспен қамту ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда төмен деңгейде болып отыр. Аталған зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Ресейдегі мүгедектерді жұмыспен қамту көлемінің артуы Ресей статистикасының ресми деректерін қолдану негізінде алынған демографиялық дивиденд көлеміне әсерін бағалау. Мақалада мүгедектер арасында жұмыс жасайтын еңбек ресурстарының артуы Ресейдегі демографиялық дивидендтің ұлғаюының маңызды резерві болып табылатындығы анықталған [7]. Ресейдегі адами капитал арқылы экономикалық өсуді тұрақтандыру бойынша берген З.Г.Қазбековтің ұсыныстары Қазақстан демографиялық жағдайында қарастыруға болады. Біздің елімізде де халықтың қартаю үдерісі орын алып, еңбекке қабілетті жастағы халық үлесінің өзгеру мүмкіндігі жоғары болып отыр. Өйткені, 2024 жылы халық саны 20 млн. болса, 2050 жылы орта есеппен алғанда 26,3 млн. адам болатындығы болжанған. 2013 жылмен салыстырғанда 2023 жылы өмір сүру ұзақтығы 5 жылға артып, қарт адамдар саны ұлғайған. Яғни 2050 жылы әр алтыншы қазақ

халқы 60 жас және одан жоғары болады, яғни еңбекке қабілетсіз болады[8-9]. Қытай елінің тәжірибесін қарастыратын болсақ, соңғы 3 жылда МША үшін ауыл және қала аймақтарында 1,65 млн. жұмыс орны қалыптастырылған. Сәйкесінше, 1,43 млн. адам өз біліктіліктерін арттырып жұмысқа орналастырылған. Аталған мәселеге сәйкес ҚХР мүмкіндігі шектеулі адамдарды біліммен қамтамасыз етуді қолға алып, 2024-2027 жж аралығына арнайы бағдарлама әзірлеген. Бағдарламада әр мүгедекке жеке оқыту тәсілі қарастырылған. Мемлекеттік билік органдары МША-ң электронды сауда, туризм, тікелей трансляция, жеткізу қызметі аясындағы білімдерін жетілдіру жолдарын ерекше назарға алған. ҚХР билік органдары цифрлық технологияны қолдана отырып, әлеуметтік байланыстарды қолдау және өз еңбек әлеуетін қолдану арқылы табысын арттыру мүмкіндіктеріне ерекше көңіл бөледі [10].

Осы зерттеулердің барлығы адами капитал арқылы экономикалық өсуді тұрақтандыру бойынша маңызды екенін көрсетеді. Дегенмен қазақстандық тәжірибеде мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыспен қамтылу сипаттарының нақты моделі толық қалыптаспаған. Қазақстандық еңбек нарығында, соның ішінде Атырау облысы бойынша өңірлік деңгейде мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмыспен қамту тәжірибесі туралы зерттеулер айтарлықтай аз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу әдістемесі ресми статистикаға және ғылыми-зерттеу деректеріне негізделе отырып, сандық талдауға бағытталған. Зерттеуде сипаттамалық статистика, оның ішінде салалар мен жылдар бойынша жиынтық кестелер, мүмкіндігі шектеулі адамдардың салалар бойынша жұмыспен қамтылу құрылымы қарастырылды. Мақалада сала-жыл деңгейіндегі панельдік регрессияларға негізделген статистикалық талдау, өзара әрекетті сараптау (жынысы×сала), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдар ұғымын анықтау тәсілдеріне қатысты нәтижелердің өзгермелілігін бағалау пайдаланылды.

Мақалада дескриптивті статистиканы талдау әдістері, еңбек ресурстарының қатысы, жұмыспен қамту деңгейі, салалық талдау (экономика секторлары бойынша) бойынша көрсеткіштер; жынысы бойынша топаралық талдау әдістері, мүгедектігі бар ерлер мен әйелдер көрсеткіштерін салыстыру қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Атырау облысының 2022-2024 жылдар аралығындағы мүмкіндігі шектеулі адамдарды (МША) экономиканың әр саласы бойынша жұмыспен қамту және гендерлік құрылымы өзгерістерін жекелеп талдау қарастырылады: сандық деректер негізінде мүмкін болатын түсіндірмелерді ескере отырып, қандай жетістіктер бар, назарға қандай жағдайлар алынуы керек екендігі анықталуы тиіс.

Жалпы барлық салалар бойынша өсім байқалады, соңғы екі жылда МША жұмыспен қамту саны 44 463 адамнан 46 850 адамға (+2 387; +5,4%) артқан. Әсіресе әйелдер үлесі ерекше ұлғайған (19 080 адамнан 20 696 адамға (+1 616; +8,5%)). Яғни әйелдер инклюзиясының оң трендте екендігі байқалады.

Еңбек нарығында әйелдер үлесінің артуына қарамастан, 2024 жылы ерлер саны артық болған (56% ерлер, 44% әйелдер). Нәтижесінде гендерлік алшақтық мәселесі әлі де сақталып отыр және салалар бойынша құрылымдық бөлінген. Аталған жағдай мүгедектігі бар әйелдердің еңбек нарығына қатысу мүмкіндігінің шектеулілігі орын алып отырғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар, United Nations айқындаған Тұрақты Даму Тұжырымдамасының 5 бағытына сәйкес гендерлік теңдікке қол жеткізу жағдайларымен маңызды байланыста қарастырылады. «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» саласында МША үлесінің аз ғана шамада артқандығын байқаймыз – 949 адамнан 978 адамға дейін (+29; +3,1%).

Әйелдердің жұмыспен қамтылуы келесідей артты: 161 адамнан 180 адамға (+19; +11,8%), яғни әйелдер үлесі 17% ден 18%-ға артқан. Бұл аграрлық салада әйелдердің жұмыс жасау мүмкіндігінің кеңейгендігін көрсетеді.

Дегенмен де сектордың абсалютті көрсеткіштері бойынша ерлер саны басым болып қала берген: жұмыспен қамтылғандардың арасынан ерлер үлесі жоғары және осы жағдай

тұрақталып отыр. Гендерлік теңсіздікті жою үшін қосымша шаралардың қажет екендігін көрсетеді.

Кесте 1 – Атырау облысының 2022-2024 жылдар аралығында МША жұмыспен қамту салалары және гендерлік талдау

Экономика салалары	2022 жыл					2023 жыл					2024 жыл				
	барлығы	Әйел	Ерлер	Әйелдер үлесі	Ерлер үлесі	барлығы	Әйел	Ерлер	Әйелдер үлесі	Ерлер үлесі	барлығы	Әйел	Ерлер	Әйелдер үлесі	Ерлер үлесі
Барлығы	44 463	19 080	25 383	43	57	46 421	19 830	26 591	43	57	46 850	20 696	26 154	44	56
Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы	949	161	788	17	83	951	170	781	18	82	978	180	798	18	82
Өнеркәсіп	8 340	1 881	6 459	23	77	8 685	1 883	6 802	22	78	8 171	1 805	6 366	22	78
Өңдеуші өнеркәсіп	3 889	1 000	2 889	26	74	4 137	982	3 155	24	76	4 071	954	3 117	23	77
Металлургиялық өндіріс	1 141	264	877	23	77	1 208	224	984	19	81	1 246	211	1 035	17	83
Электроэнергиямен, газбен, ыстық сумен қамтамасыз ету	1 778	418	1 360	24	76	1 816	434	1 382	24	76	1 751	398	1 353	23	77
Құрылыс	1 433	137	1 296	10	90	1 442	195	1 247	14	86	1 273	163	1 110	13	87
Көтерме және бөлшек сауда, автокөліктерді жөндеу	2 284	848	1 436	37	63	2 258	843	1 415	37	63	2 692	1 076	1 616	40	60
Тасымалдау және қоймалау	2 304	586	1 718	25	75	2 433	618	1 815	25	75	2 320	621	1 699	27	73
Әкімшілік және қосымша қызмет көрсету саласындағы қызмет	2 042	310	1 732	15	85	2 118	496	1 622	23	77	2 058	469	1 589	23	77
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	3 282	1 465	1 817	45	55	3 573	1 595	1 978	45	55	3 705	1 593	2 112	43	57
Білім беру	9 916	5 692	4 224	57	43	10 275	5 931	4 344	58	42	10 642	6 320	4 322	59	41
Денсаулық сақтау және тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету	7 838	5 573	2 265	71	29	8 157	5 444	2 713	67	33	8 227	5 587	2 640	68	32
Өнер, ойын-сауық және демалыс	1 547	612	935	40		1 671	669	1 002	40	60	1 709	717	992	42	58

Ескерту: Ұлттық Статистика Бюросы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі статистикалық деректер негізінде авторлармен құрастырылған / https://stat.gov.kz/

Өнеркәсіптік сектор МША-ды жұмыспен қамтуда маңызды секторлардың және маңызды жұмыс берушілердің бірі болып қала береді. Жалпы алғанда, өнеркәсіпте жұмыспен қамту 8340-тан 8171 жұмысшыға азайып отыр (−169; −2,0%). Ал бұл салада әйелдер үлесі айтарлықтай қысқарған (−4,0%) және ерлердің үлесі артып, әйелдер үшін жұмысқа орналасудағы кедергінің орын алып отырғандығын дәлелдейді. «Өңдеуші өнеркәсіп» саласында жалпы қатысушылар саны саланың тұрақталуына немесе өңдеуші саладағы белсенділіктің артуына байланысты жалпы жұмысшылар саны 3889-дан 4071 жұмысшыға дейін артып отыр (+182; +4,7%). Бірақ әйелдер саны 1000-нан 954 жұмысшыға (−46; −4,6%) қысқарған, ерлер саны 228 жұмысшыға артқан, нәтижесінде әйелдер саны 26% -дан 23%-ға кеміген. Сипатталып отырған жағдай ерлерге арналған кәсіби бос жұмыс орындарының бар екендігін немесе әйелдер үшін біліктілікті арттыру, қайта оқыту секілді бағдарламалардың жетіспей жатқандығын дәлелдейді.

«Металлургиялық өндіріс» секторында оның кеңеюіне немесе жұмысшыларды тартуына байланысты МША -ң жұмыспен қамтылуы 1141-ден 1246 жұмысшыға (+105; +9,2%) артқандығын көрсетеді. Бірақ әйелдер саны 264 -дан 211 жұмысшыға бірден қысқарған (−53; −20,1%), ерлер саны 158 жұмысшыға артқан. Әйелдер үлесі 23% дан 17%-ға кеміген. Бұл жағдай гендерлік теңсіздіктің күшейіп отырғандығының бір мысалы: аталған салалар үшін әйелдерді жұмыспен қамту және олардың сол салада қызмет атқаруға деген қол жетімділігі мүмкіндігі азайып отыр. «Электроэгерниямен, газ, ыстық сумен қамтамасыз ету (энергетика)» саласы жұмыспен қамтылғандардың жалпы көлемі бойынша ауытқу аз ғана шамада өзгерген (1 778 → 1 751). Әсіресе, әйелдердің жұмыспен қамтылуы төмендеп (418 → 398; −4,8%), олардың аталған саладағы үлесі 24% дан 23%-ға түскен. Бұл жерде де ерлердің жұмысқа

орналасу мүмкіндігінің әйелдерге қарағанда жоғары екендігін көрсетеді. «Құрылыс» секторында әйелдер үлесі 10% -дан 13%-ға артқан, ал әйелдер саны 137 -тен 163 жұмысшыға көбейген (+26; +19,0%), яғни бұл салада әйелдердің еңбекке араласу мүмкіндігі жоғары. Жалпы аталған салада жұмыспен қамтылғандар саны 1433-тен 1273 жұмысшыға кеміген (−160; −11,2%). Бұл жұмыс орындарының қысқарғандығының және еңбек ресурстарының таралуының өзгергендігін көрсетеді. Ал әйелдер үлесі құрылыс саласында мақсатты бағытталған интеграция емес ерлер саны кеміген соң ұлғаюы мүмкін. «Көтерме және бөлшек сауда, автокөліктерді жөндеу» саласында жұмыспен қамтылғандар саны 2 284-тен 2 692 жұмысшыға ұлғайған (+408; +17,9%). Әйелдердің жұмыспен қамтылуы айтарлықтай артты — 848-ден 1 076 -ке дейін (+228; +26,9%), әйелдер үлесі 37%-дан 40%-ға көтерілді. Бұл әйелдерге қол жетімді болып отырған жұмыс орындарының инклюзивтілігінің позитивті қарқыны мен жұмыс орындарының қалыптасуы болып табылады.

Бірақ саудада өнеркәсіппен салыстырғанда толық емес ставкаларда жұмыс жасауға тура келеді, жұмыс уақытша немесе табысы өте төмен болуы мүмкін, бұл жерде жұмыс орындарының саны емес сапасын ескеру қажет. «Тасымалдау және қоймалау» саласында жалпы жұмыспен қамтылғандар саны тұрақты (2 304 → 2 320; +16). Әйелдер саны 586-дан 621 жұмысшыға артты (+35; +6,0%) және олардың үлесі 25%-дан 27%-ға ұлғайған. Дегенмен де тасымалдау ерлер қызмет көрсететін сала болып қала береді және олардың сол саладағы ролі де артып отыр. Ал әйелдердің басқаруышылық/ логистикалық жұмыс орындарына қол жетімділігі технологиялық және ұйымдастырушылық кедергілермен шектелген.

Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету салаларында әйел адамдардың жұмысқа орналасуын жиі кездестіруге болады: осы салада жұмыс жасайтын әйелдер саны 310-нан 469-ға артты (+159; +51,3%), әйелдер үлесі 15%-дан 23%-ға көтерілді. Бұл әйелдерді жұмыспен қамту және әйелдер үшін әлеуетті жаңа жұмыс орындарының қалыптасуы бойынша оңтайлы жағдайлар орын алғандығын көрсетеді. Ал сол уақытта осы салада жұмыспен қамтылған ерлер саны 143 жұмысшыға қысқарды. Себептері келесідей болуы мүмкін: жұмыс мазмұнының құрылымдық өзгерістері, бос жұмыс орындарының сапасының төмен болуы және тұрақсыздануы. Көмекші позициялар әрдайым жалақы көлемінің төмендігімен және тұрақсыздығымен байланысты, сондықтан да олардың санының өсуі сапалық сипаттама тұрғысынан да бағалануы тиіс.

«Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету» секторы 3 282-нен 3 705 жұмысшыға артты (+423; +12,9%). Әйелдер саны мемлекеттік секторға тұрақты ағымды көрсете отырып, 1 465-тен 1 593-ке артты (+128; +8,7%). Аталған өсуге қарамастан әйелдер үлесі айтарлықтай көтерілмеді, керісінше 45% -дан 43%-ға кеміген, ерлердің жұмыспен қамтылуы деңгейінің интенсивтілігін байқауға болады. Яғни басқарушылық немесе арнайы мамандандырылған позицияларда гендерлік кедергілер сақталған.


«Білім беру» саласына жұмыспен қамтылғандар қатарында ерлерге қарағанда әйел адамдар саны артық болып келеді және бүгінде тұрақты өсуді көрсетіп отыр: 9 916 → 10 642 (+726; +7,3%). Осы салада жұмыспен қамтылған әйелдер саны 628 адамға артқан (+11,0%), әйелдер үлесі 57% -дан 59%-ға өсті. Бұл әлеуметтік маңызы бар мамандықтарда мүмкіндігі шектелген әйелдердің еңбек интеграциясы үшін оңтайлы даму қарқыны. Сонымен қатар еңбек жағдайы мен жалақы көлемін де ескеру қажет: жұмысқа қамтылғандар саны артқанымен жоғары деңгейдегі мансаптық перспективаға және марапат деңгейіне кепілдеме бола алмайды.

«Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету» саласында жұмыспен қамтылғандар саны жалпы артқан (7 838 → 8 227; +389; +5,0%) және бұл сала құрылымы бойынша әйелдерге тән жұмыс орны болып саналады. Бірақ кезеңдер бойынша әйелдер саны практикалық тұрғыдан өзгермеген (5 573 → 5 587; +14; +0,3%), керісінше ерлер саны ұлғайған (+375; +16,6%); ал әйелдер үлесі 71% -дан 68%-ға кеміген. Сала бойынша өзгерістер себебі лауазым түрлерінің ауытқуы, еңбек нарығында жұмыспен қамту құрылымына сәйкес ерлерге әйелдермен салыстырғанда (мысалы, еңбек жағдайы, жұмыс уақытының икемділігі)

технологиялық бос жұмыс орындарын ұсыну жағдайлары жиі кездесуі болуы мүмкін. Аталған мәселе терең зерттеуді қажет етеді.

«Өнер, ойын-сауық және демалыс» саласында тұрақты өсу байқалады: 1 547 → 1 709 (+162; +10,5%). Әйелдер саны 612 -ден 717-ге артты (+105; +17,2%), әйелдер үлесі 40% -дан 42% -ға өскен. Бұл әйелдер үшін шығармашылық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша мүмкіндіктердің кеңейгендігін көрсетеді. Аталған салада жұмыспен қамту маусым бойынша жүреді және табысы тұрақсыз болуы мүмкін; еңбек ресурстарына тұрақты жұмыс орны мен жоғары көлемдегі жалақымен қамтамасыз ете алмайды.

Атырау облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарында еңбек нарығындағы МША санына салыстырмалы талдау жасасақ, екі аймақтың халық саны шамалас (сәйкесінше 716377 және 718439 адам). Атырау облысында жұмыспен қамтылған МША саны 2141 адам болса (1303 ерлер, 838 әйелдер), ал ШҚО-да 1742 адам (1016 ерлер, 726 әйел). Атырау облысында әйел адамдардың 39% жұмыспен қамтылса, ШҚО-да 42% жұмыспен қамтылған. Екі аймақтағы көрсеткіш МША санына байланысты шамамен теңдей болып келеді.



Сурет 1- Атырау облысының 2022-2024 жылдар аралығында мүмкіндігі шектеулі ерлер мен әйелдер үлесі

Ескерту: Ұлттық Статистика Бюросы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі статистикалық деректер негізінде авторлармен құрастырылған / https://stat.gov.kz/

Атырау облысының 2022-2024 жылдар аралығында мүмкіндігі шектеулі ерлер мен әйелдер үлесі 1-суретте диаграмма түрінде көрсетілген.

Жалпы еңбек нарығында МША-ды жұмыспен қамту деңгейін арттыру қоғамда адами капиталдың тиімді қолданылуына мүмкіндік береді. Яғни, әлеуметтік және қызмет көрсету секторларында жұмыспен қамту деңгейін арттыру экономикалық жүйенің инклюзивті сипатын күшейтеді. Ұсынылған үдеріс United Nations бекіткен 8-ші бағыт – экономикалық өсу мен лайықты еңбекпен қамтамасыз ету заңдылықтарына сәйкес келеді.

Экономиканың әлеуметтік тарапынан қарайтын болсақ, МША-ды толыққанды жұмыспен қамту олардың қоғам өміріне белсене араласуына жағдай жасап, әлеуметтік алшақтықты төмендетеді. Бірақ салалық және гендерлік теңсіздіктердің сақталуы United Nations жүйесінің 10 -шы бағыты бойынша салалық және гендерлік алшақтықты азайту мақсатында қоғам мүшелері және мемлекеттік билік органдарымен толықтырушы шаралардың қабылдану қажеттілігі байқалады.

Қорытынды

Сонымен, жалпы 2022-2024 жылдар арасында Атырау облысы бойынша МША арасында, оның ішінде әйелдердің жұмыспен қамтылуына өсудің оңтайлы тұстарын көруге болады. Әсіресе, көптеген әлеуметтік-бағытталған және қызмет көрсету салаларында (білім

беру, сауда, әкімшілік қызмет, мәдениет) әйелдер үлесінің ұлғайғандығын байқауға болады. Бірақ әйелдерге қарағанда ерлер үшін ауыр өнеркәсіп, металлургия, энергетика, жалпы атағанда өнеркәсіп саласы қолайлы жұмыс орындары болып қала береді. Себебі, аталған салаларда әйелдер үлесі өте төмен. Сонымен қатар, жұмыс орындарының сапасы, оның ішінде жалақы көлемі, жұмыс тұрақтылығы, еңбек жағдайлары секілді қалыптасқан жұмыс орындарының сапасы бағалануы тиіс, себебі салалар бойынша ерекшеленеді.

Мүгедектігі бар адамдар арасындағы жұмыспен қамтылғандардың гендерлік алшақтығын азайту үшін келесі шаралар ұсынылады: саяси және құқықтық шаралар аясында дискриминацияға қарсы заңдылықтың орындалуын күшейту және арыз-талап беру механизмдерін жеңілдетуді қалыптастыру, оларды жедел түрде қарау; мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша ұлттық бағдарламаларда гендерлік теңдікті қамтитын элементтерді қосу (квоталар, мақсатты бағдарламалар, әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау). Мүгедектігі бар әйелдерді қолдау шаралары ретінде денсаулықтағы шектеулерді ескере отырып, қайта оқытудың бейімделген бағдарламаларын ұсыну, оқытудың икемді формасын ұсыну (онлайн, микрокурстар); репродуктивті міндеттемелермен байланысты кедергілердің алдын алу үшін күтімді талап ететін балалар мен жеке тұлғаларға күтім жасау және қолдау бойынша қызметтерді жетілдіру; интеграция бойынша шаралар ретінде икемді жұмыс уақыты мен қашықтықтан жұмыс жасау жағдайларын қалыптастыру. Қаржылық ынталандыру ретінде жұмыс берушілерге шаралар қолдану (жұмыс орындарына бейімделу бойынша субсидиялар, салық жеңілдіктері) және инклюзивті жұмысқа қабылдау бойынша әдістемелік пакеттер ұсыну; жұмыс үдерісінің инклюзиясы және бейімделуі бойынша HR және қатардағы менеджерлерді оқыту. Инфрақұрылым және технологиялар аясында қолжетімді тасымалдау инфрақұрылымын және қол жетімді жұмыс кеңістігін қамтамасыз ету; оңалту құралдары мен ассистивті технологияларды субсидиялау. Мониторинг ретінде сала бойынша, жұмыспен қамту формасы және сапасы бойынша мүгедектерді жұмыспен қамтудың гендерлік- жіктелген статистикасын тұрақты түрде жүргізу; жынысы бойынша жұмыспен қамтылғандар үлесі, жұмыс барысында ұстап қалулар, орташа табыс, тұрақты келісім-шарт үлесі, кемсітушілікке қатысты шағымдар саны мен олардың нәтижелерін индикатор ретінде алу қажет. Мүдделі тараптарды тарту; кеңес беру және саясатты жасақтау барысында мүгедектігі бар әйелдерді қатыстыру, ҮЕҰ-мен, кәсіподақ және кәсіпкерлермен серіктес болу.

Ұсынылған шаралар мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылуы кезіндегі гендерлік алшақтықты төмендетеді, жұмыс орындарының сапасын арттырады және мүгедектігі бар әйелдердің экономикалық тұрғыдан өз бетінше дамуға тұрақты жағдайларды қалыптастыра алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Ғылыми мақала Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ішкі қаржыландыру жобасы аясында орындалған (Тіркеу нөмірі 0125РКИ0087)

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Киреева А.А., Курмашева М.Т. Қазақстандағы әйелдердің қаржылық инклюзия деңгейін бағалау: құрылымдық факторлардың эмпирикалық талдауы. Экономика: стратегия және практика. – 2025. – №20(2). – С. 104-121.

2 Saluja O.B., Singh P., Kumar H. Barriers and interventions on the way to empower women through financial inclusion: A two decades systematic review (2000-2020). Humanities and Social Sciences Communications. – 2023. – № 10. – С.148

3 Окутаева С.Т., Смагулова З.К., Муканова А.С. Особенности трудоустройства в Республике Казахстан. // Вестник университета «Туран» –2024 – №2(102). С.79-93

4 Banks L. M., Davey C., Shakespeare T., Kuper H. Disability-inclusive responses to COVID-19: Lessons learnt from research on social protection in low- and middle-income countries. World Development. – 2020. – №137. – Р.1-4

5 Мухамадиева А.А., Байкенов Ж.Е., Бордияну И.В., Алпысбаев К.С. Гендерное неравенство на рынке труда в Казахстане. Вестник Московского университета. Серия 6. Экономика. – 2024. – №5. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/gendernoe-neravenstvo-na-rynk truda-v-kazahstane (дата обращения: 11.10.2025).

6 Коленникова О.А. ВЛИЯНИЕ ИНВАЛИДНОСТИ НА ВОВЛЕЧЕННОСТЬ РАБОТНИКОВ В НЕСТАНДАРТНУЮ ЗАНЯТОСТЬ. Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2021. – №10-1. – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-invalidnosti-na-vovlechennost-rabotnikov-v-nestandartnuyu-zanyatost (дата обращения: 11.10.2025).

7 Казбекова З.Г. Повышение занятости инвалидов как резерв увеличения демографического дивиденда в России. Журнал факультета государственного управления МГУ имени М.В. Ломоносова «Государственное управление. Электронный вестник». – № 100 (2023). – С.89-99.

8 Анализ положения в области народонаселения в Республике Казахстан. – URL: https://kazakhstan.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/АНАЛИЗ ПОЛОЖЕНИЯ.pdf

9 Демографические тренды в Казахстане по итогам 2023 года, долгосрочные вызовы и их влияние на пенсионную систему. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-aktogay/press/article/details/171525

10 Топилин А. В., Ладик М. В. Реализация трудового потенциала инвалидов в Китае: новые возможности в эпоху цифровизации // ДЕМИС. Демографические исследования. 2022. Том 2. № 4. С. 10-24.

ОТРАСЛЕВОЙ ПРОФИЛЬ ЗАНЯТОСТИ ЛЮДЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ И ГЕНДЕРНЫЙ РАЗРЫВ В АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Статья посвящена изучению отраслевой структуры занятости людей с ограниченными возможностями (далее - ЛОВ) и гендерного разрыва в трудовой активности и трудоустройстве на региональном уровне на примере Атырауской области Республики Казахстан. Рассматриваются теоретические подходы к анализу занятости лиц с инвалидностью, методологические инструменты измерения гендерных различий (описательная статистика, регрессионный анализ), а также особенности социально-экономического профиля региона, влияющие на доступность рабочих мест для ЛОВ. На основе анализа предлагаются практические рекомендации по повышению инклюзивности рынка труда в Атырауской области. Цель статьи - комплексно исследовать отраслевой профиль занятости людей с ограниченными возможностями в Атырауской области и выявить масштабы, причины и механизмы гендерного разрыва на региональном рынке труда с целью выработки практически значимых рекомендаций по повышению инклюзивности занятости. Для достижения цели охарактеризована экономико-отраслевая структура Атырауской области и определены сектора, формирующие основной спрос на рабочую силу, гендерные различия в трудовой активности, уровне занятости и доходах среди людей с ограниченными возможностями, а также выделены отрасли с наиболее выраженным гендерным разрывом. Даны рекомендации для органов власти, служб занятости и работодателей по развитию программ переквалификации, адаптации рабочих мест и стимулирования инклюзивного найма в регионе.

Ключевые слова: люди с ограниченными возможностями, гендерный разрыв, занятость, отраслевой профиль, Атырауская область, инклюзивная политика.

THE SECTORAL PROFILE OF EMPLOYMENT OF PEOPLE WITH DISABILITIES AND THE GENDER GAP IN ATYRAU REGION

Abstract

The article examines the sectoral structure of employment for people with disabilities and the gender gap in labor activity and employment at the regional level, using the example of the Atyrau region of the Republic of Kazakhstan. Theoretical approaches to the analysis of employment among people with disabilities, methodological tools for measuring gender differences (descriptive statistics and regression analysis), as well as the features of the region's socio-economic profile that affect the availability of jobs for people with disabilities, are considered. Based on the analysis, practical recommendations are proposed to increase labor market inclusiveness in the Atyrau region. The purpose of this article is to comprehensively investigate the sectoral profile of employment of people with disabilities in the Atyrau region and identify the extent, causes, and mechanisms of the gender gap in the regional labor market in order to develop practically sound recommendations for increasing the inclusivity of employment. To achieve this goal, the economic and sectoral structure of the Atyrau region is characterized, and the sectors that form the main demand for labor, gender differences in labor activity, employment, and income among people with disabilities are identified, and the industries with the most pronounced gender gap are identified. Recommendations are provided to authorities, employment services, and employers on the development of retraining programs, job adaptation, and the promotion of inclusive hiring in the region.

Keywords: people with disabilities, gender gap, employment, industry profile, Atyrau region, inclusive policy.

REFERENCES

1.Kireeva, A.A., Kurmasheva, M.T. (2025). Qazaqstandağy äielderdıñ qarjylyq inklüzia deñgeiın bağalau: qūrylymdyq faktorlardyñ empirikalyq taldauy. Ekonomika: strategia jäne praktika [*Assessment of the Level of Financial Inclusion of Women in Kazakhstan: An Empirical Analysis of Structural Factors*]. Economy: strategy and practice, – 20 (2). – P.104-121. [in Kazakh].

2. Saluja, O.B., Singh, P., Kumar, H. (2023). Barriers and interventions on the way to empower women through financial inclusion: A two decades systematic review (2000-2020). Humanities and Social Sciences Communications, 10,148.p. [in English]

3. Okutaeva S.T., Smagulova Z.K., Mukanova A.S. Osobennosti trudoustrojstva v Respublike Kazahstan. // Vestnik universiteta «Turan» (2024). [*Peculiarities of employment in the Republic of Kazakhstan*]. Vestnik universiteta «Turan» – 2(102), – P. 79-93. [in Russian].

4. Banks, L. M., Davey, C., Shakespeare, T., Kuper, H. (2020). Disability-inclusive responses to COVID-19: Lessons learnt from research on social protection in low- and middle-income countries. World Development, 137, –P. 1-4. [in English]

5. Muhamadieva A.A., Bajkenov Zh.E., Bordijanu I.V., Alpysbaev K.S. Gendernoe neravenstvo na rynke truda v Kazahstane. Vestnik Moskovskogo universiteta. [*Gender inequality in the labor market in Kazakhstan*]. Seriya 6. – 2024. – №5. Access mode: – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/gendernoe-neravenstvo-na-rynke-truda-v-kazahstane (accessed: 11.10.2025). [in Russian]

